


# ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ

## ТЕОРИЯ И МЕТОДИКА ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

### THEORY AND METHODOLOGY OF PHYSICAL EDUCATION

№4 (74) 2023



Ғылыми-теориялық журнал  
Научно-теоретический журнал  
Scientific-theoretical journal



# ДЕҢЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ

---

ТЕОРИЯ И МЕТОДИКА  
ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

---

THEORY AND METHODOLOGY  
OF PHYSICAL EDUCATION

№4 (74) 2023

**Главный редактор**

Авсиеевич Виталий Николаевич – доктор PhD, ассоциированный профессор, Казахская академия спорта и туризма (Казахстан)

**Заместитель главного редактора**

Шалабаева Лаура Исмаилбековна – доктор PhD, ассоциированный профессор, Казахская академия спорта и туризма (Казахстан)

**Выпускающий редактор**

Кенжебекова Гулсин Уалиевна – кандидат технических наук, Казахская академия спорта и туризма (Казахстан)

**Редакционный совет**

Андрющишин Иосиф Францевич – доктор педагогических наук, профессор, Казахская академия спорта и туризма (Казахстан)

Бабушкин Геннадий Дмитриевич – доктор педагогических наук, профессор, Сибирский государственный университет физической культуры и спорта (Россия)

Жуманова Алия Султангалиевна – доктор педагогических наук, профессор, Казахская академия спорта и туризма (Казахстан)

Кулахметова Гульбарам Амантаевна – доктор PhD, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Казахстан)

Кулбаев Айбол Тиналович – доктор PhD, ассоциированный профессор, Академия физической культуры и массового спорта (Казахстан)

Макогонов Александр Николаевич – доктор педагогических наук, профессор, Казахская академия спорта и туризма (Казахстан)

Платонов Владимир Николаевич – доктор педагогических наук, профессор, Национальный университет физического воспитания и спорта Украины (Украина)

Потоп Владимир Владимирович – доктор наук по физическому воспитанию и спорту, профессор Экологического университета Бухареста, (Румыния)

Федоров Александр Иванович – кандидат педагогических наук, доцент, Южно-Уральский государственный университет (национальный исследовательский университет), (г.Челябинск, Россия)

Хаустов Станислав Иванович – доктор педагогических наук, профессор, Казахская академия спорта и туризма (Казахстан)

**Учредитель и собственник:**

**КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ  
СПОРТА И ТУРИЗМА**

**Адрес редакции:**

г. Алматы, пр. Абая, 85  
Телефон: 8 (727) 292-68-84

При перепечатке ссылка на журнал «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. Теория и методика физической культуры. Theory and Methodology of Physical Education» обязательна. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются.

**Компьютерная верстка  
и дизайн обложки**  
Айша Калиева

**ИБ №62**

Подписано в печать 25.12.2023.  
Формат 60x84 1/8. Бумага офсетная.  
Печать цифровая. Объем п.л.  
Тираж 500 экз. Заказ №.

Отпечатано в типографии издательство  
«Smart University Press».  
050040, г. Алматы, ул. Кенесары хан, дом 54/43

Приказом Комитета по обеспечению качества в сфере образования и науки МОН РК №776 от 29.10.2021 года научно-теоретический журнал “Теория и методика физической культуры” включен в Перечень изданий, рекомендемых КОКСОН МОН РК для публикации основных результатов научной деятельности. Журнал индексируется в РИНЦ (импакт фактор 2022 г. – 0,144). КАЗБЦ (импакт фактор 2019 г. – 0,152). CrossRef (префикс DOI: 10.48114).

---

## МАЗМҰНЫ // СОДЕРЖАНИЕ // CONTENT

ДЕҢЕ ШЫНЫҚТЫРУ,	ПОДГОТОВКА	TRAINING OF SPECIALISTS
СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ	СПЕЦИАЛИСТОВ В ОБЛАСТИ	IN THE FIELD OF PHYSICAL
САЛАСЫНДА МАМАНДАРДЫ	ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ,	EDUCATION, SPORT AND
ДАЯРЛАУ	СПОРТА И ТУРИЗМА	TOURISM
<i>Бутабаева Л.А., Умирбекова А.Н.</i> Дене мәдениеті және спорт педагогтерінің инклюзивті тәжірибелі іске асыруға кәсіби даярлық мәселелері .....		6
<i>Есиркеев Ж.М., Құрманбаев Б.І., Омаров Б.С., Сабденбеков Е.Ү., Бимаханов Т.Д.</i> Білікті бапкер Әбдісалан Нұрмахановтың ғылыми-педагогикалық мұрасын оқу-тәрбие процесінде ендірудің әдістемесі .....		14
<i>Иманбетов А.Н., Мускунов Қ.С., Атембеков Н.Р., Сармантаев А.С., Жанғабыл М.С.</i> Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабактарында қалыптастыру .....		27
<i>Kadyrbekova D.S., Shalabayeva L.I. Batyrbekova M.R., Yevloyeva A.S., Dyussekeyeva E.T.</i> Systematic analysis of the education and training role in the development of ecotourism .....		36
<i>Круговых И.И., Гусманов Т.И., Сайкина Е.Г., Габдуллин А.Б., Жарменов Д.К.</i> Анализ развития системы классификации специальностей высшего образования в области физической культуры и спорта в Казахстане .....		46
<i>Марчибаева У.С., Отаралы С.Ж., Садыков С.К., Потелюнене С.В., Уалиева А.К.</i> Нормативно-правовое регулирование физической культуры и спорта в Республике Казахстан: ретроспективный анализ .....		60
<i>Моисеева Н.А., Отаралы С.Ж., Аликеев А., Тунгышмуратова Л.С., Потелюнене С.В.</i> Сравнительный анализ нормативно-правовых актов, определяющих качество физического воспитания в школьной системе образования Республики Казахстан .....		69
<i>Нурашева К.К., Шалабаева Л.И., Агелеуова А.Т., Кадырбекова Д.С., Омарова Н.А.</i> Элементы инноваций в образовательных программах по туризму бакалавриата и магистратуры .....		78
<i>Токарева С.В., Авсевич В.Н., Соколовская С.В., Габдуллин А.Б., Орлов А.И.</i> Организационно-управленческие и педагогические условия, влияющие на профессиональную подготовку тренеров в вузах в области педагогико-психологического сопровождения спортсменов .....		87
ДЕҢЕ ШЫНЫҚТЫРУДЫҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ- БИОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРИ	МЕДИКО-БИОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ	MEDICAL AND BIOLOGICAL PROBLEMS OF PHYSICAL EDUCATION
<i>Орлов А.И., Гүнина Л.М., Есельбаева А.К., Авсевич В.Н., Тұтибаев К.А.</i> Методы профилактики неконтролируемых мышечных сокращений при физических нагрузках с точки зрения тренера и спортивного фармаколога .....		99
ХАЛЫҚТЫҢ ДЕҢЕ ТӘРБИЕСІ	ФИЗИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ НАСЕЛЕНИЯ	PHYSICAL EDUCATION OF THE POPULATION
<i>Бобырева М.М., Дема Е.В., Колдасбаева Б.Д., Хакимова З.А., Молдагазина Н.А.</i> Сравнение данных по самооценке уровня здоровья обучающихся по образовательным программам «Медицина», «Физическая культура и спорт» и «Хореография».....		110
<i>Тажигулова Б.М., Базарбаева К.К., Жумадилханов А.А., Имангаликова И.Б.</i> Даун синдромы бар 11-12 жастагы балалардың шағын-футбол арқылы физикалық және техникалық дайындықтарын жетілдіру .....		119

**СПОРТЫҚ ЖАТЫРҒУДЫҢ  
ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ**

**ТЕОРИЯ И МЕТОДИКА  
СПОРТИВНОЙ ТРЕНИРОВКИ**

**THEORY AND METHODOLOGY  
OF ATHLETIC TRAINING**

<i>Күнай С., Исаков Т.Б., Төлөгөнұлы Н., Мурат А.</i>	
Таеквондо пумсә кешендерінің сипаттамасы, ұйымдастыру талаптары мен техникалық дайындық негіздері .....	131
<i>Шепетюк М.Н., Мырзабосынов Е.К., Тен А.В., Мырзаев М.О., Туебаева Л.Т.</i>	
Проблемы и перспективы научно-методического обеспечения тренировочного процесса спортсменов казах курсес в Казахстане .....	138
Сведение об авторах .....	145

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ,  
СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ САЛАСЫНДА  
МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУ

ПОДГОТОВКА СПЕЦИАЛИСТОВ  
В ОБЛАСТИ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ,  
СПОРТА И ТУРИЗМА

TRAINING OF SPECIALISTS IN THE FIELD  
OF PHYSICAL EDUCATION,  
SPORT AND TOURISM



<sup>1</sup>Бутабаева Л.А.<sup>а</sup>, <sup>2</sup>Умирбекова А.Н.

## ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ СПОРТ ПЕДАГОГЕРІНІҢ ИНКЛЮЗИВТІ ТӘЖІРИБЕНІ ІСКЕ АСЫРУҒА КӘСІБИ ДАЯРЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

<sup>1</sup>Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана, Қазақстан

<sup>2</sup>Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы, Қазақстан

Бутабаева Лаура Аскаровна, Умирбекова Акерке Нурланбековна

### Дене мәдениеті және спорт педагогерінің инклюзивті тәжірибелі іске асыруға кәсіби даярлық мәселелері

**Аннотация.** Бұл мақала инклюзивті ортаға болашақ дене мәдениеті және спорт педагогерінің, инклюзивті тәжірибелі ендіргүче даярлық бағыттары мен әдістемелік ерекшеліктерін зерттеуге арналған. Мақала барысында дене мәдениеті және спорт педагогерінің, инклюзивті тәжірибелі іске асыруға кәсіби даярлық мәселелері ретінде, жалпы білім мектептерінің инклюзивті тәжірибелі іске асыру үшін арналық қураалдармен жабдықталған спорт заңдармен қамтылу деңгейін, еңбек етуші дене мәдениеті және спорт педагогерінің квалификациялық деңгейін, дене мәдениеті және спорт педагогерінің өз тәжірибесінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс жасау кезіндегі қыныңдықтарының деңгейін, ерекше білім алу қажеттілігі бар балалармен қызмет етуде инклюзивті құзыреттілігін арттыру бойынша біліктілік арттыру курстарының деңгейін анықтауға бағытталған. Зерттеуге Астана қаласы бойынша 93 мектеп, 279 дене мәдениеті және спорт педагогері қатысты. Дене мәдениеті және спорт педагогерінің инклюзивті тәжірибелі іске асыруға кәсіби даярлығы мен жалпы инклюзивті тәжірибелі тиімді түрде іске асыру мүмкіндіктері анықталды. Зерттеу нәтижелері бойынша қорытынды жасалып, арналық ұсыныстар берілді.

**Түйін сөздер:** болашақ дене мәдениеті және спорт педагогері, кәсіби даярлық, инклюзивті тәжірибе, инклюзивті құзыреттілік.

Butabaeva Laura Askarovna, Umirbekova Akerke Nurlanbekovna

### Problems of professional readiness of future physical education and sports teachers to implement inclusive practices

**Abstract.** This article discusses the directions of professional orientation of physical education and sports specialists towards an inclusive environment and attitude towards it. In the course of the article, the main problems of the study were considered: the readiness of physical education and sports teachers to implement inclusive practices, the level of illumination of gyms with special equipment for the implementation of inclusive practices in secondary schools, the level of qualifications of physical education and sports teachers, the level of difficulties encountered in practice teachers of physical education and sports in working with children with special educational needs, the level of advanced training courses for the development of inclusive competence in working with children with special educational needs. The study involved 93 secondary schools and 279 physical education and sports teachers. The problems of professional readiness of physical education and sports teachers to implement inclusive practice and the possibility of effective implementation of general practice are identified. Based on the results of the study, conclusions were drawn and recommendations were made.

**Key words:** future physical education and sports teachers, professional training, inclusive practice, inclusive competence.

Бутабаева Лаура Аскаровна, Умирбекова Акерке Нурланбековна

### Проблемы профессиональной готовности будущих педагогов физической культуры и спорта к реализации инклюзивной практики

**Аннотация.** Вданной статье рассматриваются направления профессиональной ориентации специалистов физической культуры и спорта на инклюзивную среду и отношение к ней. В ходе статьи как основные проблемы исследования были рассмотрены вопросы готовности учителей физической культуры и спорта к реализации инклюзивной практики, уровень оснащенности спортивных залов специальным оборудованием для реализации инклюзивной практики в общеобразовательных школах, уровень квалификации учителей физической культуры и спорта, уровень проблем, с которыми сталкиваются на практике учителя физической культуры и спорта в работе с детьми с особыми образовательными потребностями, уровень организации курсов повышения квалификации для развития инклюзивной компетентности в работе с детьми с особыми образовательными потребностями. В исследовании приняли участие 93 общеобразовательные школы, 279 учителей физической культуры и спорта.

Определены проблемы профессиональной готовности учителей физической культуры и спорта к реализации инклюзивной практики и возможности эффективной реализации общей практики. По результатам исследования были сделаны выводы и даны рекомендации.

**Ключевые слова:** будущие педагоги физической культуры и спорта, профессиональная подготовка, инклюзивная практика, инклюзивная компетентность.

**Бұл зерттеу Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігінің BR21882231 «Қазақстанның орта білім беру жүйесіндегі инклюзивтік пән қолжетімділікті қамтамасызың етудің тұжырымдаудың мөдөлі» (2023-2025 ж.ж.) бағдарламалық-нысаналы қаржыланудыруы аясында жүргізілді.**

**Негізгі ережелер.** Еліміздің нормативті күжатнамасына сай барлық жалпы білім беру мектептерінде, жоғары оқу орындарында дene шынықтыру пәні міндеттелген, әр деңгейге сай өзіндік сағат бөлінісі арқылы өтеді. Жоғары білім беру деңгейінде болашақ дene мәдениеті және спорт мамандарын даярлау мазмұны инклюзивті тәжірибелі іске асыру үшін арнайы мазмұнмен толықтырылуы қажеттілігі бар. Жалпы білім беру мектептерінде қызмет етуші дene мәдениеті және спорт педагогтеріне инклюзивті тәжірибелі сапалы негізде іске асыруы үшін, инклюзивті білім беру мен бейімделген дene шынықтыру бойынша біліктілігін арттыру курстарын жаңарту қажеттілігі бар. Дене мәдениеті және спорт педагогтерінің инклюзивті тәжірибелі іске асыруға кәсіби даярлық – бұл инклюзивті жағдайда қызмет ету білімнің болуы, инклюзивті білім беру саласы бойынша өзіндік даму мақсаттылығының болуы, ерекше білім қажеттілігі бар балалармен қызмет ету үшін арнайы дағдыларды игеруге ұмтылысының болуы, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен қызмет етуде арнайы жауапкершіліктің болуы, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс істеуге қажетті арнайы мамандармен ынтымақтастық негізде интеграциялық амалды іске асыру қабілеттілігін болуы, ерекше білім беру қажеттілігі бар баланың даму ерекшеліктерін білу және негізгі заңдылықтарын білу, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды сапалы негізде әлеуметтік өмірге бейімдеу дағдыларын игеру, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен қызметтің сапалы болуын қамту үшін инновациялық әдіс – тәсілдерді игеру деңгейінің жоғары болуы.

**Кіріспе.** Жоғары және жоғарыдан кейінгі білім беру үдерісін жаңғырту мәселелері ең алдымен қажетті құзыреттіліктерді қалыптастырудан бастау алады, бүгінде ең өзекті құзыреттіліктер - жаһандық және пәнаралық байланысты тиімді

ұйымдастырылу құзыреттіліктері. Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясына сай, «...ен басты міндеттемелердің бірі әлемдік даму аренасына шығу үшін маңызы зор бәсекелестікі арттыру мен халықтың интеллектуалды әлеуетін арттыру, осыған орай болашақ мамандардың кәсіби дағдыларын дамыту мен тәжірибедегі қызмет етуші мамандардың біліктілігін арттыру сапасын көтеру қажеттілігі айқын» - деп көрсетілген [1]. Қазақстан Республикасының президенті К.К. Тоқаев жолдауында кәсіби даярлық барысында қажетті құзыреттіліктерді нарық сұранысын ескеру негізінде «...ұнемі жаңартудың қажеттілігін, сонымен қатар білім сапасын арттыру...» өзектілігін көрсеткен [2].

Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 заңында көрсетілген: «...жоғары оқу орны түлектерінің кәсіби деңгейіне заманауи қофам талаптарының деңгейіне сай педагог дайындығының үстанымдары мен негізгі тұғырлары қайта қарау...» қажеттілігі бар екенін көрсетеді. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен тәжірибе барысындағы жұмыс педагог мамандар тәжірибелік даярлық деңгейіне ерекше талаптардың болуын қажет етеді, ол бүгінде инклюзивті білім беру үдерісінде аса өзекті мәселелердің бірі [3]. Білім мониторингі баянда масына сай, «инклюзивтілік білім беру: барлығына қолжетімді білім, көптеген аумақтарда қажетті мамандардың біліктілігі тәмен, көптеген мамандар инклюзивті білім беру ортасына педагог мамандармен бірлесіп, ынтымақтастық негізінде қызмет етуге даярлығы тәмен, инклюзивті білім беруге медициналық көзқараста, осы орайда болашақ педагог мамандардың даярлығына аса назар бөлу қажеттілігі бар екенін көрсетеді» [4].

Біздің зерттеуімізге сәйкес дene мәдениеті және спорт педагогтерінің инклюзивті тәжірибелі іске асыруға кәсіби даярлық мәселелерін қарастыруда негізгі ұғымдарға тоқталатын болсақ, «кәсіби даярлық» ұғымы бұл көптеген арнайы білім, білік, дағды мен сапалар, негізгі тәжірибелер жиынтығы, міnez – құлық ережелері, қажетті мамандану аясында тиімді түрде іс-әрекет етуге мүмкіндік беретін, білім алушылармен қажетті біліммен бөлісуге мүмкіндік

беретін қабілеттілік [5]. Инклюзивті білім беру мазмұнына сипаттама беретін болсақ, бұл білім беру жүйесін қалыптастырудың жаңаша тұғыры, ол әр білім алушыға білім беру үдерісінің қолжетімділігі мен жеке тұлғалық бағдары арқылы көрініс табады. Инклюзивті тәжірибе білім беруді ұйымдастыру формасынан, құралдары мен әдістерінен тұратын ерекше білім беру қажеттілігі бар баланы негізгі қоғам қажеттілігіне сай бейімдеу мен әлеуметтендіру, сондай ақ қалыпты дамуын қамтамасыз ету үшін арнайы білім беру ортасын қолайлы ету мүмкіндіктерін беру [6]. «Болашақ дene мәдениеті және спорт мамандарының даярлығы негізінен арнайы қажетті құзыреттіліктерді қалыптастырудан тұрады» - дей келе, осы орайда болашақ маман жеке тұлғасының мәнді сапалары, өзіндік дамуга деген үмтүлісі, спорттық педагог қажетті дағдыларын игеру, жаттықтырушылардың негізгі инновациялық мүмкіндіктерін арттыруды, арнайы педагогикалық құзыреттіліктерді қалыптастырудан тұрады [7].

Бұгінгі білім беру үдерісіндегі негізгі өзгерістер қарқыны түбебегейлі болашақ педагог мамандардың даярлық мазмұнын қайта қарастыру, жаңғырту қажеттілігін айқын көрсетеді. Өлемдік білім беру жүйесінің даму тенденциялары инклюзивті білім беру жүйесін үнемі модернизациялау қажеттілігін айқындаپ, осыған орай жалпы педагог мамандардың инклюзивті білім беру ортасында сапалы білім беру тәжірибесін арттыру үшін үздіксіз білім мазмұнын, қажетті әдіс тәсілдерді, ең маңыздысы негізгі құзыреттіліктерді жаңғырту қажеттілігін нақты көрсетеді. Бұгінгі білім әр білім алушының жеке ерекшелігін толық деңгейде ескеріп, ерекше қажеттілігіне қарамастан әр білім алушыға қолайлы білім беру ортасын құрып, білім берудің әр деңгейін қолжетімді ету міндеттемесін береді. Осы орайда қолайлы мектеп, жайлы мектепте сапалы тәжірибелі іске асыратын мамандардың даярлық мазмұнын осы деңгейде қарастыру мәселесі аса өзекті болып табылады. Инклюзивті білім беру үдерісі әр деңгейде интеграциялануына орай, әр болашақ педагог маман, соның ішінде әсіреле болашақ дene мәдениеті және спорт маманы көсіби даярлығына, оның сапалы негізде инклюзивті тәжірибелі іске асыру даярлығына назар бөлу аса өзекті мәселелердің бірі. Әркез болашақ педагог мамандардың білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңғырту, үнемі жаңаша әдіс – тәсілдерімен толықтыру, халықаралық озық ұлгілерді білім мазмұнына тиімді ендіру өзекті мәселе болатыны сөзсіз. Осы орайда, болашақ дene мәдениеті және спорт педагогтерінің инклюзивті тәжірибелі іске асыруға

көсіби даярлық мәселелерін қарастыру өзектілігі айқын деп танимыз.

Зерттеу барысында негізгі зерттеу мәселесі болашақ дene мәдениеті және спорт мамандарының инклюзивті тәжірибелі сапалы негізде іске асырудың теориялық және әдістемелік мүмкіндіктерін зерделеу болды. Зерттеудің негізгі мақсаты- дene мәдениеті және спорт педагогтерінің инклюзивті тәжірибелі іске асыруға көсіби даярлық мәселелерінің теориялық негіздерін зерделеу, көсіби даярлық деңгейі бойынша инклюзивті тәжірибелі іске асыруға деген даярлығын зерттеу, зерттеу нәтижелерін талдау. Зерттеудің негізгі міндеттері, дene мәдениеті және спорт педагогтерінің инклюзивті тәжірибелі іске асыруға көсіби даярлық мәселелерінің теориялық негіздерін айқындау, дene мәдениеті және спорт педагогтерінің инклюзивті тәжірибелі іске асыруға даярлығын тексеру, дene мәдениеті және спорт педагогтерінің инклюзивті тәжірибелі іске асыруға көсіби даярлық мәселелерін зертелеудегі алынған нәтижелерге тиімді түрде талдау жүргізу, қорытындылау, нақты ұсыныстар көрсету.

**Әдістер мен материалдар.** Зерттеу мәселесіне сәйкес макала дайындау кезінде нормативтік-құқықтық, психологиялық, педагогикалық, ғылыми-әдістемелік және дene мәдениеті мен спорт саласы бойынша әдебиеттерге зерттеу жүргізілді. Дене мәдениеті және спорт бойынша инклюзивті тәжірибелі іске асыру даярлығына қатысты, ерекше білім беру қажеттілігі бар баланың ағзасын оңалтудың негізгі зандылықтары, ауытқу түрлері туралы білім болуы, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс кезінде пәнаралық байланыс пен өзге де мамандармен бірлескен іс-әрекет жүргізуға қабілеттілігінің болу мәселелері қарастырылды. Мектеп басшылығы мен дene мәдениеті және спорт педагогтері арасында алынған әлеуметтік зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтерге салыстырмалы талдау жүргізілді. Зерттеу кезінде ғылыми – әдістемелік әдебиеттерді талдау, саралау, негізгі тұжырымдама жасалынды. Сауалнама алу барысында ашық сұрақ және жабық сұрақтар негізінде алынған жауаптарға талдау жасалынды. Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша қорытынды жасалынып, тиімді ұсыныстар берілді. Зерттеуге Астана қаласы бойынша 93 мектеп, 279 дene мәдениеті және спорт педагогтері қатысты.

**Нәтижелер мен талқылаулар.** Зерттеушілер өз макаласында дene шынықтыру және спорт мамандарының ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылармен жұмыс кезінде маман бойында қажетті құзыреттіліктерді ерекшелеп

көрсеткен, олар: «біріншіден, ерекше білім беру қажеттілігі бар баланың ағзасын оңалтудың негізгі заңдылықтарын, ауытқу түрлері туралы білімінің болуы, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс кезіндегі пәнаралық байланыс пен өзге де мамандармен бірлескен іс-әрекет жүргізуге қабілеттілігінің болуы, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен оңалту шараларын жүргізуде негізгі әдістер, технологиялар, құралдарды өз іс-әрекетінде тиімді қолдана алу, сонымен қатар моторикалық әдістерді игеру мүмкіндігінің болуы» [8].

Зерттеушілер өз зерттеу нәтижесінде төмөндегідей қорытынды жасағанын көре ала-мызы, «белсенді оқыту формаларын, инновациялық әдістерді пайдаланып теориялық және тәжірибелік білімді игеру» үшін арнайы түрде құрылған білім беру ортасы болашақ педагог мамандардың даярлық деңгейін жоғарлатуға әсері бар екенін көрсеткен [9].

Болашақ дene шынықтыру және спорт мамандарының инклузивті ортада қажетті инклузивті тәжірибелі игеру үшін арнайы формалар мен әдістерді қолдану арқылы ұйымдастырылған, инклузивті құзыреттілкті дамытуға бағдарланған әдістемелік семинарлар тиімділігі зор, «инклузивті білім беру кезінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар қоғамдық ортаға тиімді бейімделіп, болашақ мамандардың кәсіби даярлығының сапасын арттырып, кәсіби бағдарын реттейді» деп көрсетілген [10].

Инклузивті білім беру ортасында сапалы тәжірибе журуі үшін болашақ педагог мамандардың арнайы құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі бар екенін айттылады, осы орайда «...болашақ дene шынықтыру және спорт мамандарын дайындау кезінде дайындық бағдарын накты қажетті мәселелеге бұру қажеттілігі бар», сонымен қатар болашақ дene шынықтыру және спорт мамандарының оку үдерісі мазмұнына сәйкес технологиялар мен әдістемелер ендіруді өзектендіру мен оку жоспары, оку пәндерінің мазмұнын толықтыру, өзекті мәселелерді үнемі бакылау мен мазмұнын жаңарту, кәсіби құзыреттілік мазмұнын шығармашылық дамуға бағдарлау қажет [11].

Дене мәдениеті және спорт мамандарының кәсіби құзыреттілігі көп факторлы, жан-жақты құбылыс, кәсіби құзыреттілік теориялық білім мен тәжірибелік білімнен, арнайы қажетті ортада білімді бөлісу формалары мен әдістәсілдерінен, болашақ дene мәдениеті және спорт негізгі құндылықты бағдарынан, ортада даму ерекшеліктеріне сай игерген мәдени, адамгершілік, этикалық, эстетикалық тәрбие формаларынан тұрады. Ылымы зерттеу бары-

сында маманның кәсіби құзыреттілігін өлшеуге, арттыруға, қалыптастыруға, даярлығының сапалы деңгейін анықтауға мүмкіндік бар. Біздін жағдайымызда дene мәдениеті және спорт педагогтерінің инклузивті тәжірибелеге даярлық деңгейін анықтау жоспарланған. Сондай-ақ дene мәдениеті және спорт педагогтерінің теориялық және тәжірибелік білімінің сапалы көрсеткіштері, олардың инклузивті тәжірибелеге даярлық деңгейін, кәсіби деңгейін көрсетеді.

«Білім беру жүйесінде әлеуметтік және білім беру міндеттемелерінің өзекті мәселелерін шешуде тиімді әлеуметтік маңызы бар іс-әрекет, белсенді оқыту түрі ретінде инклузивті тәжірибе аса мәні зор, инклузивті тәжірибе инновациялық технология, қажетті әдіс – тәсілдер, қуралдар жиынтығы бола алады», дей келе мақала авторлары өз зерттеулерінде білім беру мекемелеріндегі инклузивті тәжірибенің қолданылу мүмкіндіктері көрсетілген, ЖОО – нда әлеуметтік қорғансыздық деңгейі жоғары жастар арасында тиімді қызмет ету формалары мен әдістері көрсетілген, басты әдістеме ретінде интеграцияланған әдістер қарастырылған. Ол үшін инклузивті білім берудегі тиімді шаралар мен әлеуметтік интеграцияның тиімді әдістерін қарқынды іске асыру жоспарланған [12].

Зерттеушілердің өз мақала барысында зерттеу нәтижелері бойынша жасаған негізгі қорытындыларына сай, жалпы білім беру ұйымдарында қызмет етуші, инклузивті тәжірибені іске асыруши мамандар үшін білім алушыларды білім беру үдерісінде тиімді кіріктіру, шетелдік сапалы тәжірибелерді зерделеу, жаңаша технологияларды іздестіру, психологиялық және жүйелік өзгерістерді зерттеу маңызды екенін айтады. Сонымен қатар инклузивті білім беру тәжірибесінің тиімділігін тексеру үшін арнайы мониторинг жүйелерін өңдеу мен қолдану аясын кеңейту қажеттілігі, соның қатарында инклузивті білім беру ортасында өз кәсіби іс-әрекетін тиімді іске асыруға даярлығын тексеруді көрсеткіш ретінде алып, мектептегі басты қындықтар мамандар біліктілігін арттыру, әдістемелік базаларды жаңғыруту, психологиялық дұрыс ахуал құруды тиімді анықтауды ұсынады [13].

Ы.Алтынсарин атындағы Үлттық білім академиясының жүргізген зерттеуіне сай, жалпы білім беру мектептерінде қызмет етуші дene мәдениеті және спорт педагогтерінің педагогикалық еңбек өтіліне сай пайыздық көрсеткіші келесідей, жалпы зерттеуге 2496 педагог қатысқан. Сарапталған бөлініске сай, мәліметтер келесідей: жалпы санынан еңбек өтілі

5 жылға дейінгі педагогтер саны 44% пайызды құраган. 6-10 жыл аралығында еңбек өтілі бар дene мәдениеті және спорт педагогтерінің саны 18%, 11-15 жыл еңбек өтілі бар педагогтер саны – 13%, 16-20 жыл еңбек өтілі бар педагогтер саны 9%, 20 жылдан астам еңбек өтілі бар педагогтер саны 16%. Бұл жүргізілген зерттеу 2021 жылға сәйкес келген [14].

Инклюзивті білім беру мектептің оқу және әлеуметтік ортасының негізгі үдерістерінің басым көпшілігін қамтиды, олардың қатарында әр балаға қауіпсіз, қолайлы және қолжетімді орта қалыптастырудың құндылық, рухани – адамгершілік, материалдық және педагогикалық білім беру ортасын құрады. Жайлы мектеп тек белгілі үштіктің (ата – ана, бала, мұғалім) ынтымақтастық жағдайында ғана тиімді түрде іске асады, бүгінде мектеп педагогтері әр баланың жеке мүмкіндіктерін ескеріп, түсіне алатын, баланың әр даму деңгейіне сай өзіндік даму мен өзіндік белсенділікке дайын болуы керек. Инклюзивті білім беру, кіркірілген білім болуы үшін бұл үдеріс субъектілері негізгі ұстанымдарды игерген және оны ұстануға даяр болуы қажет. Инклюзивті білім беру үдерісінің мектепте көптеген қындық деңгейлері бар, олар ең алдымен балалар бөлінісінен бастау алады. Бүгінгі мектеп барлық баланың толық жеке ерекшеліктерін ескеруге дайын болуы маңызды. Инклюзивті тәжірибелі іске асыруға даяр педагог баланы белсенді түрде әлеуметтендіруге, өз білім беру бағдарламасын әр баланың ерекшелігін ескеріп құруға, оқу мақсаттарын сапалы түрде іске асыруға мүмкіндігі болуы керек. Бұл мүмкіндіктің шынайы түрде болуы үшін, ең алдымен педагог маман даярлаушы оқу орындарындағы кәсіби құзыреттілік қалыптастыру мазмұнын үнемі жаңарту, жетілдіру қажеттілігі бар. Сондай ақ, бүгінде инклюзивті тәжірибелі өз кәсіби іс – әрекетінде іске асырып жүрген педагог мамандардың дайындық деңгейін тексеріп, біліктілік арттыру курстарын құру, бар курстардың мазмұндық құрамын қайта қарau қажеттілігі бар деп есептейміз.

Осылан орай біз өз зерттеуімізде Астана қаласы бойынша, ІІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының өзара ынтымақтастық негізінде қызмет етуші мектептерден мектеп басшылығы, дene мәдениеті және спорт педагогтері арасында сауалнама түрінде зерттеу жүргіздік. Зерттеу мақсаты қаншалықты деңгейде мектеп инклюзивті тәжірибелі іске асыруға дайын, бастауыш сынып және дene мәдениеті және спорт педагогтерінің инклюзивті тәжірибелі іске асыруға даярлығы мен іске асыру барысындағы қындықтар ерекшеліктерін анықтау болды.

Мектеп басшылығынан мемлекеттік мектептерде спорт залдарының толық негізде қамтылу деңгейіне сай сауал алынды. Астана қаласы бойынша 93 мектеп басшылығынан мектептің спорт залмен қамтамасыз етілуі сұралды. Оның ішінде 91 мектепте спорт зал бар, 2 мектепте спорт залы жоқ. Яғни Астана қаласы бойынша мемлекеттік мектептердің спорт залдарымен қамтамасыз етілуі 97,8 % құрайды. Сонымен қатар, дene шынықтыру сабактары (3 сағат) бекітілген нормасын толық деңгейде қамтамасыз ету үшін, бір мектепте кем дегенде 2 спорт зал болуы қажет екенін мамандар алға тартады. Сондай-ақ, спорт залдардың қажетті құрылғылармен қамтылу деңгейі төмен екенін көрсетті.

Сондай-ақ, аталған Астана қаласының дene мәдениеті және спорт педагогтерінің (279 педагог) арасында жүргізілген сауалға сай, инклюзивті білім беру жағдайында сапалы негізде дene шынықтыру сабактарын өткізу үшін, толық негізде қажетті құрылғылармен қамтылмағанын, яғни спорт залдар инклюзивті білім жағдайында сапалы деңгейде сабак өтуге даяр емес екенін көрсетті. Дene мәдениеті және спорт педагогтерінен тағы сұралған сауалдың бірі дene шынықтыру сабактары сапалы негізде өту үшін көрнекілік, мультимедиялық оқу – әдістемелік құралдардың қамтылу деңгейін анықтады. Сұралған 60 % дene мәдениеті және спорт педагогтерінің өз сабактарында қандай әдістемелік құрал қолданатынын сұрау кезінде, арнағы әдістемелік құралдардың аз екендігі және педагогтер көп жағдайда интернет желілері арқылы алынған материалдарды пайдаланатынын, дайын видео және мультимедиялық сабактарды интернет арқылы қолданатынын айтты. Оның ішінде, инклюзивті білім жағдайында дene шынықтыру сабактарын сапалы негізде өткізу үшін арнағы оқу-әдістемелік, мультимедиялық құралдардың жоқтың қасы екенін көрсеткен.

Дene мәдениеті және спорт педагогтерінен инклюзивті білім беру бойынша біліктілігін арттыру курстарынан өту деңгейін анықтау кезінде, бұл негіздегі сапалы түрде, нақты тәжірибелік мәселелерді толық негізде қамтитын курсардың аз, қолжетімсіз екенін, ұсынылған курстар жаңартылған білім беру жағдайында дene шынықтыру сабагын жүргізу ерекшеліктеріне, жалпы дene мәдениеті және спорт мамандарының кәсіби құзыреттіліктерін арттыруға арналған тренерлік курстар екенін көрсетті. Ал арнағы инклюзивті білім беру жағдайында, инклюзивті тәжірибесін жүргізу үшін қажетті инклюзивті білім беру мазмұнмен таныстыратын, бейімделген

дene шынықтыру бойынша біліктілігін арттыру курстары аз, өту мүмкіндігі жоқ екенін көрсеткен. Яғни Астана қаласы бойынша сұралған 279 респонденттің 5,4 % пайызы, яғни 15 педагог инклузивті білім беру және бейімделген дene шынықтыру бойынша курсан өткен.

Сонымен қатар, дene мәдениеті және спорт мамандары өз тәжірибесінде инклузивті тәжірибелі іске асыруда төмендегідей мәселелер бар екенін нақты ашық сұрақтар барысында көрсеткен, инклузивті білім беру жағдайында дene шынықтыру сабағын өткізу кезінде оқу – әдістемелік құралдар аз, сапалы негізде инклузивті тәжірибелі нақты көрсетілген құралдар жоқтың қасы, көп жағдайда ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар дene шынықтыру сабактарынан босатылған, яғни мүлдем сабакқа қатыспайтындығын көрсеткен. Дене мәдениеті және спорт педагогтері арасында алынған ашық сұрақтар кезінде, көптеген педагогтер: «дene мәдениеті және спорт педагогтері арнаіы білімсіз ерекше білім қажеттілігі бар балалармен жұмыс жасауға құқығы жоқ», «емдік дene шынықтыру сабактары арнаіы осы бағыт бойынша білім алған мамандар жүргізу қажет екенін», «дene мәдениеті және спорт педагогтері мүгедек балалармен жұмыс жасауға арнаіы білімсіз даяр емес», «қалыпты бала мен ерекше білім беру қажеттілігі бар бала бір сыныпта болған кезде бір педагог үшін сабакты жүргізуде киындық, уақыт жетіспеушілгі айқын», «ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар тек арнаіы мектепте оқулары қажет» деген жауаптар қайтарды. Бұл алынған ашық сұрақтар нәтижесінде біз жалпы дene мәдениеті және спорт педагогтерінің инклузивті тәжірибелі іске асыру үшін даярлық деңгейі төмен екенін айқын көре аламыз. Сондай ақ сапалы негізде инклузивті тәжірибе жүргізу үшін оқу – әдістемелік қамтамасыздану мен біліктілігін арттыру курстарын дайындау, болашақ дene мәдениеті және спорт мамандарын дайындауда білім мазмұнын толықтыру қажеттілігі бар екенін, зерттеу мәселеінің бүгіндегі аса өзекті екенін көреміз.

**Қорытынды.** Зерттеу нәтижелері бойынша төмендегідей қорытындылар жасауға болады:

– Дене мәдениеті және спорт педагогтерінің жалпы білім беру үйымдарында сапалы

инклузивті тәжірибелі жүргізуі үшін кәсіби құзыреттілігімен қатар инклузивті құзыреттілік деңгейі жоғары болуының маңызы зор. Сондай-ақ өз кәсіби қызметінде дene мәдениеті және спорт педагогы инклузивті білім беру заңдылықтарын білуі, негізгі ұстанымдарын ұстануы, ерекше білім беру қажеттілігі бар бала даму мүмкіндіктерімен қызмет ету дағдылары болуы қажеттілігі бар.

– Дене мәдениеті және спорт педагогтерінің жалпы білім беру үйымдарында сапалы инклузивті тәжірибелі жүргізуі үшін, дайындық деңгейінің жоғары болуын қамтамасыз ету үшін арнаіы мультимедиялық және оқу – әдістемелік құралдардың сапалы базасын дайындау қажеттілігі бар, ейткені зерттеу нәтижелері бұл құралдардың жоқтың қасы екенін айқын көрсетті.

– Дене мәдениеті және спорт педагогтерінің жалпы білім беру үйымдарында сапалы инклузивті тәжірибелі жүргізуі үшін еліміздің барлық жалпыға білім беру мектептерінде арнаіы жабдықталған спорт залдардың болу қажеттілігі бар, ейткені эксперт мамандардың зерттеулеріне сәйкес сапалы негізде инклузивті тәжірибе іске асу үшін бір мектепте екіден кем емес жабдықталған спорт залы болуы қажет. Ал зерттеу нәтижелеріне сай, Астана қаласының өзінде екі мектепте спорт зал жоқ екенін айқын көреміз. Бұл мәселе қала деңгейінде осы көрсеткішке ие болған болса, ауылдық округтерде бұл көрсеткіш төмен деген пайымдама жасауға негіз бар.

– Дене мәдениеті және спорт педагогтерінің жалпы білім беру үйымдарында сапалы инклузивті тәжірибелі жүргізуі үшін арнаіы инклузивті білім беру мүмкіндіктерін арттыру үшін біліктілік арттыру курстарының санын арттыру қажеттілігі бар, ейткені зерттеу нәтижесінде аталған курстардың жоқ екенін, курс өткен мамандар санының аз екенін айқын көре алдық.

Осы негізде зерттеу нәтижелері бойынша болашақ дene мәдениеті және спорт педагогтерін дайындауда кезінде білім беру бағдарламаларының мазмұнына инклузивті тәжірибе тетіктерін сапалы іске асыру мазмұнын қосу, арнаіы оқу – әдістемелік құралдарды шығару, арнаіы біліктілік арттыру курс бағдарламаларын құру қажеттілігі бар екендігін ескеріп, болашақ зерттеулерге ұсыныс ретінде көрсетеміз.

## Әдебиеттер

1. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптастырылған мемлекеттің жаңа саяси бағыты Қазақстан Республикасының Президенті - елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан.

2. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі. Мемлекет Басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы.
3. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 заңы.
4. <https://ru.unesco.org/gem-report/Eurasia2021inclusion>.
5. Кузьмина О. С. Актуальные вопросы подготовки педагогов к работе в условиях инклюзивного образования // Вестник ОмГУ. – 2013. – №2 (68). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/aktualnye-voprosy-podgotovki-pedagogov-k-rabote-v-usloviyah-inklyuzivnogo-obrazovaniya>.
6. Фетисов А.С. Инклюзивные образовательные практики: ретроспектива и современное состояние // Гуманитарные науки. – 2022. – №3 (59). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/inklyuzivnye-obrazovatelnye-praktiki-retrospektiva-i-sovremennoe-sostoyanie>.
7. Худайбердиева Н.А. Актуальные проблемы подготовки педагогических кадров по физической культуре и спорту // Вестник науки и образования. – 2019. – №10-3 (64). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/aktualnye-problemy-podgotovki-pedagogicheskikh-kadrov-po-fizicheskoy-kulture-i-sportu>.
8. Токкулинова Г.К., Беделбаева А.Е., Исажанова А.Н. Дене шынықтыру және спорт мамандарын инклюзивті білім беру ортасында жұмыс істеуге даярлаудың ерекшеліктері. // Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. №3(65) - 2021, - Б. 6-11. DOI: 10.48114/2306-5540\_2021\_3\_6 .
9. Шубович В.Г., Вахтеева О.В., Аленова А.Н. Проблема профессиональной подготовки будущих специалистов в сфере физической культуры к работе в условиях инклюзивного образования // Педагогико-психологические и медико-биологические проблемы физической культуры и спорта. – 2019. – №14(4). – С. 120-129. DOI: 10.14526/2070-4798-2019-14-4-119-128.
10. Ibragim K.A., Alkaya E., Tuyakbayeva M.SH., Nuraliyeva A.ZH., Belegova A.A. Formation of professional training of future yeachers of physical education in the context of the implementation of inclusive education // Pedagogics and psychology. - 2023. - №1(54). - P. 140-146. DOI: 10.51889/2077-6861.2023.1.30.025.
11. Шейко Г.А., Исафилова В.В. Проблема инклюзивного образования в сфере физической культуры // Матер. конф. Института физ. культуры, спорта и туризма Петрозаводского государственного университета. – Петрозаводск: Издательство ПетрГУ, 2015. – С. 82-84.
12. Мартынова Т.Н., Яниций М.С., Pfetcer S.A. Инклюзивные практики в образовании и социальной работе с учащейся молодежью: состояние, проблемы, перспективы // Профессиональное образование в России и за рубежом. – 2019. – №4 (36). – С. 59-67.
13. Алехина С.В. Инклюзивное образование и психологическая готовность учителя // Вестник МГПУ. Серия: Педагогика и психология. – 2012. – №4 (22). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/inklyuzivnoe-obrazovanie-i-psihologicheskaya-gotovnost-uchitelya>.
14. Методические рекомендации по реализации учебных программ предмета «Физическая культура» в условиях инклюзивного образования – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2023. – 184 с.

## References

1. «Қазақстан-2050» Strategiassy kalyptaskan memlekettiң zhaңa sayasi бағыту Қазақstan Respublikasynun Prezidenti - elbasy N.Ә. Nazarbaevtүн Kazakstan halkyna ZHoldauy, Astana к., 2012 zhylfy 14 zheltoksan.
2. ZHaңa zhaғdajdaғy Қазақстан: is-кимyl kezeңi. Memleket Basshysynun 2020 zhylfy 1 қыркүjektegi Қазақstan halkyna ZHoldauy.
3. Kemtar balalardы әлеumettik zhәne medicinalық-pedagogikalық tүzeu arkyly koldau turaly Қазақstan Respublikasynun 2002 zhylfy 11 shildedegi № 343 заңы.
4. <https://ru.unesco.org/gem-report/Eurasia2021inclusion>.
5. Kuz'mina O. S. Aktual'nye voprosy podgotovki pedagogov k rabote v usloviyah inklyuzivnogo obrazovaniya // Vestnik OmGU. - 2013. - №2 (68). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/aktualnye-voprosy-podgotovki-pedagogov-k-rabote-v-usloviyah-inklyuzivnogo-obrazovaniya>.
6. Fetisov A.S. Inklyuzivnye obrazovatel'nye praktiki: retrospektiva i sovremennoe sostoyanie // Gumanitarnye nauki. - 2022. - №3 (59). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/inklyuzivnye-obrazovatelnye-praktiki-retrospektiva-i-sovremennoe-sostoyanie>.
7. Hudajberdieva N.A. Aktual'nye problemy podgotovki pedagogicheskikh kadrov po fizicheskoy kul'ture i sportu // Vestnik nauki i obrazovaniya. - 2019. - №10-3 (64). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/aktualnye-problemy-podgotovki-pedagogicheskikh-kadrov-po-fizicheskoy-kulture-i-sportu>.
8. Tokkulina G.K., Bedelbaeva A.E., Isazhanova A.N. Dene shynyktyru zhәne sport mamandaryn inklyuzivti bilim beru ortasynda zhymys isteuge dayarlaudyн erekshelikteri. // Dene tәrbiesiniң teoriyasы мен ədistemesi. №3(65) - 2021, - B. 6-11. DOI: 10.48114/2306-5540\_2021\_3\_6 .
9. SHubovich V.G., Vahteeva O.V., Alenova A.N. Problema professional'noj podgotovki budushchih specialistov v sfere fizicheskoy kul'tury k rabote v usloviyah inklyuzivnogo obrazovaniya // Pedagogiko-psihologicheskie i mediko-biologicheskie problemy fizicheskoy kul'tury i sporta. – 2019. №14(4). - S. 120-129. DOI: 10.14526/2070-4798-2019-14-4-119-128 .
10. Ibragim K.A., Alkaya E., Tuyakbayeva M.SH., Nuraliyeva A.ZH., Belegova A.A. Formation of professional training of future yeachers of physical education in the context of the implementation of inclusive education // Pedagogics and psychology. - 2023. - №1(54). - P. 140-146. DOI: 10.51889/2077-6861.2023.1.30.025.
11. SHejko G.A., Israfilova V.V. Problema inklyuzivnogo obrazovaniya v sfere fizicheskoy kul'tury / Mater. konf. Instituta fiz. kul'tury, sporta i turizma Petrozavodskogo gosudarstvennogo universiteta, Petrozavodsk: Izdateľstvo PetrGU, 2015. - S. 82-84.
12. Martynova T.N., YAnickij M.S., Pfetcer S.A. Inklyuzivnye praktiki v obrazovanii i social'noj rabote s uchashchejsya molodezh'yu: sostoyanie, problemy, perspektivy // Professional'noe obrazovanie v Rossii i za rubezhom. – 2019. - №4 (36). - S. 59-67.

13. Alekhina S.V. Inklyuzivnoe obrazovanie i psihologicheskaya gotovnost' uchitelya // Vestnik MGPU. Seriya: Pedagogika i psihologiya. - 2012. - №4 (22). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/inklyuzivnoe-obrazovanie-i-psihologicheskaya-gotovnost-uchitelya>.
14. Metodicheskie rekomendacii po realizacii uchebnyh programm predmeta «Fizicheskaya kul'tura» v usloviyah inklyuzivnogo obrazovaniya – Astana: NAO imeni I. Altynsarina, 2023. – 184 s.

<b>Хат хабарға арналған автор (бірінші автор)</b>	<b>Автор для корреспонденции (первый автор)</b>	<b>The Author for Correspondence (The First Author)</b>
Бутабаева Лаура Аскаровна - PhD, ы. Алтынсарин атындағы Үлттық білім академиясының ғылыми қызметкері, қауымдастырылған профессор, Астана қ., Қазақстан, e-mail: lbutabayeva@gmail.com	Бутабаева Лаура Аскаровна – PhD, научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина, ассоциированный профессор, г. Астана, Казахстан, e-mail: lbutabayeva@gmail.com	Butabayeva Laura Askarovna - PhD, research associate of National academy of education named after Y. Altynsarin, associate professor, Astana, Kazakhstan, e-mail: lbutabayeva@gmail.com

<sup>1</sup>Есиркепов Ж.М.<sup>✉ ID</sup>, <sup>1</sup>Күрманбаев Б.І., <sup>1</sup>Омаров Б.С., <sup>1</sup>Сабденбеков Е.Ү.,  
<sup>2</sup>Бимаханов Т.Д.

<sup>1</sup>Халықаралық туризм және меймандастық университеті, Түркістан қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан

## БІЛІКТІ БАПКЕР ӘБДІСАЛАН НҰРМАХАНОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫН ОҚУ-ТӨРБИЕ ПРОЦЕСІНЕ ЕҢДІРУДІҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Есиркепов Жандос Мергенбайұлы, Құрманбаев Болат Изділеуұлы, Омаров Бақытжан Сұлтанұлы, Сабденбеков Ерлан Өскенбайұлы, Бимаханов Талант Дүйсенұлы

**Білікті бапкер Әбдісалан Нұрмакхановтың ғылыми-педагогикалық мұрасын оқу-тәрбие процесіне ендірудің әдістемесі**

**Аннотация.** Бұл мақалада қазақ халқының, даңқты боксшысы, білікті бапкер, кеменгер ғалым Әбдісалан Нұрмакхановтың ғылыми-педагогикалық мұрасын оқу-тәрбие процесіне ендірудің әдістемесі жаңа жағынан қарастырылады. Мемлекеттік басшысының «Еліміздің дамуына еңбек сінірген ұлы тұлғаларымызды дәрілтеуіміз көрең», - деген сөзін басшылыққа алғып, қазақ спорттың дамуына, қазақ боксының өлемдік деңгейден көрініне өлшеуіз үглес қосқан Ә. Нұрмакхановтың тұғырлы тұлғасын ескелен, үргақтақ таныстыру мақсатында ЖКОО-да «Әбдісалан әлемі» атты арнаулы курс ұйымдастырылады. Курс Халықаралық туризм және меймандастық, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеттерінің базасында өткізіліп, оған 1-курс студенттері тартылды. Курс барысында білім алушылар Ә. Нұрмакхановтың ғылыми-педагогикалық мұрасын оқу-тәрбие процесіне ендірудің әдістемесі жаңа жағынан қарастырылады. Қастардың спорт тақырыбындағы білімдерін жетілдіруге арналған арналы сурақтар дайындалып, олардың бойында Отансүйгіштік қасиетті дарытуға бағытталған арналы бағдарлама жасалды. Ә. Нұрмакхановтың үздіксіз жүргізген ғылыми-шығармашылық жұмыстарының нәтижесінде шығарған құнды кітаптары талданып, насиҳатталауды. Сонымен қатар, зерттеу жұмысында Ә. Нұрмакхановты мәнгілік есте қалдыруға бағытталған тың идеялар мен ұсыныстар қарастырылады.

**Түйін сездер:** бокс, жаттықтыруыш, ғалым, ұстаз, спорт, отансүйгіштік.

Yessirkepor Zhandos Mergenbaevich, Kurmanbayev Bolat Iztileuovich, Omarov Bahitzhan Sultanovich, Sabdenbekov Erlan Uskenbaevich, Bimakhhanov Talant Duysenovich

**The methodology of introducing the scientific and pedagogical heritage of the qualified trainer Abdusalan Nurmakhanov in the educational process**

**Abstract.** In this article, the method of introduction into the educational process of scientific and pedagogical population of the famous boxer of the Kazakh people, a qualified trainer, a brilliant student Abdusalana Nurmakhanova is considered. According to the head of state, «We must support our great people, foreign countries in the development of our country», in the University a special course «Mir Abdusalana» was held with the purpose of familiarization of the younger generation with the growing personality, which is an ordinary country the development of Kazakh sports and the introduction of Kazakh boxing at the world level. The course was held at the base of the University of international tourism and hospitality and Kyzylorda university named after Korkyt ata, where students of the 1st course were enrolled. During the course, students got acquainted with the life of A. Nurmakhanova, her achievements in sports and coaching activities, as well as her scientific work, directed to the training of young athletes. Special issues were discussed to improve the knowledge of young people on the topic of sports, as well as a special program aimed at addressing the nation's patriotism. The results of scientific and creative work of A. Nurmakhanov were analyzed and presented. In addition, new ideas and proposals are considered in the article, aimed at improving the evening memory of A. Nurmakhanova.

**Key words:** boxing, coach, scientist, teacher, sport, patriotism.

Есиркепов Жандос Мергенбайұлы, Курманбаев Болат Изділеуович, Омаров Бақытжан Сұлтанович, Сабденбеков Ерлан Өскенбаевич, Бимаханов Талант Дүйсенович

**Методика внедрения научно-педагогического наследия квалифицированного тренера Абдисалана Нурмакханова в учебно-воспитательный процесс**

**Аннотация.** В данной статье всесторонне рассматривается методика внедрения в образовательный процесс научно-педагогического наследия известного боксера казахского народа, квалифицированного тренера, блестящего ученого Абдисалана Нурмакханова. Руководствуясь словами Главы государства «Мы должны прославлять наших великих людей, внесших вклад в развитие нашей страны», в университете был проведен специальный курс «Мир Абдисалана» с целью ознакомления подрастающего

поколения с выдающейся личностью, внесшей неизмеримый вклад в развитие казахстанского спорта и способствовавшей появлению казахстанского бокса на мировом уровне. Курс проводился на базе Университета Международного туризма и гостеприимства и Кызылординского университета имени Коркыт Ата, куда были приглашены студенты 1 курса. В ходе курса «Мир Абдисалана» студенты ознакомились с жизнью А. Нурмаханова, его достижениями в спорте и тренерской деятельности, а также с его научными работами, направленными на подготовку юных спортсменов. Был рассмотрен ряд специальных вопросов для улучшения знаний молодежи по теме спорта, а также создана специальная программа, направленная на воспитание духа патриотизма. Были проанализированы и презентованы ценные книги, опубликованные А. Нурмахановым по результатам постоянной научной и творческой работы. Кроме того, в статье рассматриваются новые идеи и предложения, направленные на сохранение вечной памяти об А. Нурмаханове.

**Ключевые слова:** бокс, тренер, ученый, педагог, спорт, патриотизм.

**Негізгі ережелер.** Қазақ спорты тарихында әлемдік деңгейдегі атақты спортшылар аз болмаған. Сондай спортшылардың бірегейі, даңқты боксшы, білікті бапкер Эбдісалан Нұрмакановты атауымызға болады. Ол тек бокспен шұғылданып, жетістікке жетіп, талантты шәкірттер тәрбиелеп қана қойған жоқ. Оның басты ерекшелігі – спортты ғылыммен байланыстырып, спортшылардың сапалы жаттығуына ғылыми түрғыдан негіздеме жасап, оны тәжірибеде дәлелдеген ғалым. Қазіргі өскелен үрпаққа қазақтан шыққан атақты спортшылардың өмір жолын, спорттағы жетістіктерін, бапкерлік қызметтегі толағай табыстарын насиҳаттап, таныстырып отыруымыз қажет. Өйткені тарихты білмей болашақты болжай алмаймыз. Студенттерді дene шынықтыру және спорт білім беру бағдарламасының мазмұнына сай әлемге танылған қазақ спортшылары туралы тарихи мәліметтермен, құнды материалдармен, сапалы біліммен қамтамасыз ететін болсақ, Отанды сую, үлкенді құрметтеу сынды қасиеттерді бойына сіндіріп, білікті маман ретінде дайындаудың тиімділігі артады. Білікті бапкер Эбдісалан Нұрмакановтың ғылыми-педагогикалық мұрасын оқу-тәрбие үдерісіне ендірудің әдістемесін жасап, 1-курс студенттеріне арнайы курс ретінде откізу өз нәтижесін берді. Бұл студенттердің дүниетанымын кеңейтіп, спорт тарихынан білімін дамытып, жеке тұлға болып қалыптасуларына әсер етеді.

**Кіріспе.** Мемлекет басшысы К.К.Тоқаев 2023 жылы Түркістан қаласында өткен Ұлттық құрылтайда «Біз, еліміздің болашағын білімді, парасатты, елжанды үрпаққа аманаттаймыз», – деп атап өткен болатын [1]. Осы орайда білімді, парасатты, елжанды үрпақ тәрбиелеу ісінде қазақ спортының дамуына ерен еңбек сінірген даңқты спортшылардың, білікті бапкерлердің, кайраткер тұлғалардың жарқын жетістіктерін, ел спортын өркендешу жолындағы толағай еңбектерін, табысты қызметтерін өскелен

үрпаққа насиҳаттап, таныстырудың алар орны ерекше деп білеміз.

Сондай-ақ, Президенттің «Білім беру мекемелерінде жастардың тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін дәрістер оқытылуға тиіс», – деп өскелен үрпақтың болашақ тағдырына бей-жай қарай алмайтындығын атап өтті [1]. Біз Президенттің нақты тапсырмасына сәйкес жастардың Отанын шын сүйетін патриот, парасатты тұлға болып қалыптасуына негізделген жоғары оқу орындарында арнаулы курс ұйымдастыру жұмыстарының бағдарламасын жасап, жүзеге асырдық.

Тәуелсіз Қазақстанның жарқын болашағы жас үрпаққа Отансүйгіштік тәрбие беруде даңқты боксшы, ғалым-ұстаз, білікті бапкер Эбдісалан Нұрмакановтың ғылыми-педагогикалық мұрасының құндылығы айқындалып, ондағы жас спортшылар мен жаттықтырушыларды тәрбиелеудегі тағылымды ой-пікірлері бүгінгі уақыт талағына сай негізделген көкейтестілігімен құнды болғандықтан, оны жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие процесіне ендірудің қажеттілігі дәлелденеді.

Кез-келген адамның жеке ерекшеліктері мен адами қасиеттері болатыны белгілі, бірақ ол өзінің жеке мүмкіндіктеріне қарамастан қоғамның алға қойған талап-міндеттеріне бой ұсынуы тиіс. Себебі, әрбір адам қоршаған ортада өмір сүретіндіктен қоғамнан тыс шеттеп қала алмайды. Жеке тұлғаның қоғамнан алар орны оның сол ортага қалай сінісетіндігімен, оның талаптарын орындауда қабілетінің қандай дәрежеге сай келетіндігімен анықталады.

Бүгінгі қоғамдық қажеттіліктер егеменді еліміздің әрбір азаматының, әрбір жас үрпақтың бойында қалыптасуы тиіс қасиеттердің нақтылаш көрсетеді және олардың даму деңгейі тағылымды тәрбиенің тиімділігін дәлелдейді.

Қазақстан Республикасы Жоғары білім беру мемлекеттік стандартының тұжырымдамасында «Қазақстанның мәдени

және экономикалық өміріндегі жетістіктері, көп жағдайда, адамгершілік мәдениеті биік, сонымен бірге бәсекеге қабілетті жоғары технологиялық экономиканы ғана емес, асқақ рухани құндылықтарды да жасай алатын мамандардың жаңа буынын дайындауды қамтамасыз етуге бағытталған жоғары білім беру жүйесін түбебейлі қайта құрумен тығыз байланысты», – деп нақты көрсетілген [2, б. 45].

Ә.Нұрмахановтың ғылыми-педагогикалық мұрасындағы жас спортшылар мен жаттықтырушыларды тәрбиелеуге бағытталған құнды тақырыптардың көрініс табуы қазіргі қоғамдағы жаңа сипаттағы білікті спорт жаттықтырушыларының кәсіби даярлығына қойылатын талаптармен сәйкестік тауып отырғанын анықтадық және оны болашақ дene шынықтыру және спорт мамандарын даярлау процесінде тиімді пайдалану бағыттары қарастырылды.

**Зерттеудің мақсаты:** даңқты спортшы, білікті бапкер, ұлагатты ұстаз, парасатты ғалым Ә.Нұрмахановтың қазақ боксын өлемге таныту бағытындағы терең ізденістерін, ғылыми-педагогикалық ой-пікірлерін жүйелеу. Ғалымның жас спортшыларды дайындаудағы білім-білігі мен көпжылдық тәжірибесін оқутәрбие процесіне ендірудің педагогикалық тиімділігін тәжірибе жүзінде анықтау.

**Зерттеудің әдістері мен ұйымдастырылуы.** Ә.Нұрмахановтың ғылыми еңбектері мен кітаптарына талдау жасау, дene шынықтыру және спорт тақырыбындағы әдебиеттерді талдау, мерзімді басылымдардағы ғылыми-теориялық мақалаларға шолу жасау, архив материалдарын жинақтау, окулықтарды зерделеу, әңгімелесу, сұрақтар қою, жинақталған материалдарды саралап, өндөу. Ғалымның спортшылар мен білікті жаттықтырушыларды даярлау бағытындағы ой-пікірлері мен тың идеяларын «Әбдісалан әлемі» атты арнаулы курс барысында пайдалану.

**Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау.** Біз зерттеу нәтижелерін қарастырmas бұрын Ә.Нұрмахановтың кім болғанын танып, қазақ спортына қандай еңбек сініргенін, қандай үздік спортшылар дайындағанын біліп алуды басты мақсат етіп алдық. Онсыз бұл зерттеу еңбегіміздің мәні де нәтижесі де болмайтынын айқынададық.

Біздің ғасырдан-ғасырға мирас болып келе жатқан бай тарихымызда ұлттың ұлы мұддесін қорғап, елдің ертені үшін етігімен су кешіп, арқа басын аяз қарған тұлғалар көп болған.

Мың өліп, мың тірілген қазақ халқының ұлы тарихи сәті тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу кезеңімен тұспа-тұс келді.

Тәуелсіз еліміз еңсессін енді көтерген тұста Қазақстан Республикасының экс-Перезиденті Н.Назарбаевтың жаңына ертеңгі қүнге үлкен сеніммен қарайтын азаматтар жиылды. Сол қыын қыстау кезеңде айлығы шайлығына жетпей болашаққа buquerque көзben қарап отырған қараша халықтың сенімін ақтау басты міндет болатын. Осы тұста мемлекет басшысы жаңадан құрылып жатқан Қазақстан Республикасы Туризм, дene тәрбиесі және спорт министрлігіне Қаратай Тұрысовтай білікті басшыны тағайындалап, үлкен үміт артты.

Сол кезеңде қазақ спорттының абыройын өрге сүйрейтін, намыстан жараптады азаматтардың тәжірибесіне сүйеніп, тек алға жылжу керек болды. Министр К.Тұрысов қазақ боксының бас жаттықтырушы қызметіне білікті маман, даңқты спортшы, профессор Ә.Нұрмахановты тағайындалап, үлкен сенім білдірді. 1991-1993 жылдары С.Әбденәлиев бас жаттықтырушы болған тұста ұлттық құраманың бокстағы көрсеткіштері ауыз толтырып айтартықтай болды. «Сол көрсеткішті төмендетіп алмау үшін құндіз-тұні жұмыс жасауды керек. Бұл маған артылған үлкен сенім мен жауапкершілік», – деген қанатты ой мазалаған Ә.Нұрмаханов Тәуелсіз Қазақстанның Ұлттық құрама командасының бас жаттықтырушысы қызметіне бел шешіп кірісіп кетті [3, б. 89]. Кез-келген істе бірінші болып іс бастау қыын шаруа. Әлі де болса буыны қатпаған еміс-еміс енді ғана аяғын басып келе жатқан баладай жас мемлекетіміздің жаңа құрамын жасақтап, егемен елдің спорттағы абыройын асқақтатудың ауыр жүгі Ә.Нұрмахановқа жүктелген еді. Ол осындағы сын сағатта білімділік пен біліктілікten де бөлек, табандылық пен бірбеткейлік, қайсарлық пен мырыштай мықты мінез де керек екендігін жан дүниесімен терең сезінді.

Ұлт көсемі Әлихан Бекейханұлының «Ұлтқа қызмет білімнен емес, мінезден», – деген аталы сөзі осыған саяды [4, б. 4]. Қазақтың қабырғалы қайраткери Ә.Нұрмаханов осындағы бел қайыстырап міндетті тұла бойымен сезініп, ғұмыр бойы жинаған мол тәжірибесіне сүйеніп, сын сағаттағы ауыр жүкті қара нардай көтеріп, сенім үдесінен шығуға кірісіп кетті.

Тарихқа көз тастасақ ұлттық құраманың бас бапкері болған тұлғаларға уақыт өткеннен кейін әртүрлі деңгейде бағалар беріліп жататыны белгілі. Ал, Әбдісалан Нұрмаханов туралы

бірде-бір сын әңгіме естіген емеспіз. Өйткені өз ісіне адал, кәсіби білігі жоғары, нағыз елінің патриоты ретінде өзінің дұрыс жолда екендігін іс-әрекетімен дәлелдей білді. Жұмысына өрте келіп, кеш қайтып, өзі жасақтаған ұжыммен алдағы құндерге үлкен үмітпен зер салып, білек сыбана кірсіүнен Әbdісаландай тау тұлғаның, қазақ боксының беделін анық көрге болады.

Ұлттық құраманың жаттықтырушылық қызметінде іскерлігі, бокстың әрбір қымылын жоғары дәрежеде менгерген, қарым-қабілеті жоғары бапкерлерді шақырып, біздің жұмыс іскерлікті, қажырлы еңбекті талап ететінін білесіздер «Бізге бүкіл ел елеңдеп, министр Қаратай Тұрысовтың өзі үлкен үміт артып отыр, қазақ елін ұятқа қалдырмайық, бар білік-біліміміз бен ерік-жігерімізді, қажыр-қайратымыз бен ақыл-парасатымызды сарқа жұмсап, бірлесіп жұмыс жасайық», – деген сөздері бапкерлер ұжымын рухтандырды [5, б. 586].

Қарапайым шопанның отбасында дүниеге келіп, тұтас бір елдің абырайын ойлайтын текті азаматқа айналған Әbdісалан Нұрмахановтың ғұмыры мен қазақ боксын дамытуға сінірген ерен еңбегі көпке үлгі. Қызметтік жолын Кенестер Одағының кемел шағынан бастап, қалың елімен Тәуелсіздік таңын бірге атырды. Саналы ғұмырын қазақ спорттың өсіп-өркендеуіне жұмсаған тұлғаның өмір жолына көз салған адам қазақ боксының шежіресін оқып отырғандай күй кешетіні анық. Бұл артық-кемі жоқ, ешқандай әсіре қызылсыз, боямасыз айтылған ақиқат сөз. Тәуелсіздік жылдары қазақ боксының дамуына, бір жүйеге қалыптасуына Әbdісаландай табанды еңбек еткен адам жоқ деп айта аламыз.

Ол жалпақ сөздің емес істің адамы болды. Әрбір жұмысын жауапкершілікпен қарап, жеті рет өлшеп, бір рет кесетін кесек мінезі осындағы абырай биігіне жетеледі. Ұлт тағдыры мен ел намысы сынға түскен шақта Әbdісаланмен қызметтес болған тұлғалар оның тік мінезін толғаныспен тебірене сөз етеді. Ежелгі Тұранның тау тұлғалы азаматы болғандықтан ба бойында қазақы тәрбие мен бекзаттық басым болатын. Кез-келген күрделі мәселені шешерде байыптылық пен байсалдылық таныту оның негізгі кредитосы болды. Тұла бойындағы адами қасиеттердің барлығы адамның бойына елден, жерден, қанына сіңген қазақы қасиет. Сондықтан да ол қазақтың мұддесін жанын сала қорғап, қазақтың мәртебесі үшін ірі істерді тындыра білген тұғыры биік тұлға.

Үрпаққа өнеге болар өситет пен тарихты өрелі жандар жасайды. Ә.Нұрмаханов тарихи тұлға фана емес, тұтас тәуелсіз қазақ боксының тарихын жасап кеткен арда азамат. Елі үшін туған тұлғаның асыл арманы ішінде кетті. Бірақ сол армандары уақыт еншісімен орындалып келеді. Қазақ спорттың тарихында есімін алтын әріппен жазып қалдырды.

Ә.Нұрмахановтың ғылыми-педагогикалық мұраларымен жан-жақты танысу арқылы студент жастар ғалымның өткен өмірінен гибрат алып, шаршы аланда әлемнің алыптарын жайпаған шойын жұдырығының қуатын сезініп, алысты болжайтын көрегендігі мен тереңге бойлап, тұңғиқтан байлам жасайтын кәсіби біліктілігіне тамсанып, Отанын шын сүюге, патриоттық сезімі оянып, ұлы спорттың ұлы істерін дәріптеуге оң қөзқарасының қалыптасатыны анық. Әbdісалан Нұрмахановтың жастарға арналған тағылымды еңбектері мен құнды кітаптары, бапкерлік қызметтегі тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері мен ақыл-кенестері өте көп. Алайда, ғалым-ұстаздың өскелен үрпақ қажетіне жаратар ғылыми-педагогикалық мұрасына ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүргізілмей келе жатқандығы қоңылға кірбін ұяладады. Сондықтан осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында ғалымның ғылыми-педагогикалық шығармашылығына жан-жақты зерттеу, зерделеу жұмыстарын жүргізуі басты нысана етіп алдық. Ел намысы сынға түскен сәтте жан аямай құресетін шынайы патриот, Отанын шын сүйеттің жалынды жастарды тәрбиелеп, ғалымның ғылыми еңбектерін жинақтап, жүйелеп, оларды оқу-тәрбие процесіне ендіру бағытында арнаулы курстың бағдарламасы жасалды. Бағдарлама жоспары 1-кестеде ұсынылады. Бағдарламаны оқу-тәрбие процесіне енгізу бағытында Халықаралық туризм және меймандастық және Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеттерінің оқу жоспарларына сәйкес 1-курс білімгерлеріне «Дене шынықтыру және спорт тарихы» пәні аясында 1 кредит (30 сағат) бөліп, студент жастарға «Әbdісалан әлемі» атты арнаулы курс өткіздік. Курсқа 300 студент қатысып, даңқты боксшы, білікті бапкер, кеменгер ғалым Әbdісалан Нұрмахановтың спорт пен бапкерлік қызметтегі және ғылымдағы жетістіктері жөнінде тың материалдармен танысып, тарихи тұлға туралы біліммен суынданап, дүниетанымын толықтырды.

Кесте 1 – «Әбдісалан әлемі» атты арнаулы курстың тақырыптық жоспары.

№	Тақырыптар	Оқытудың түрі		
		дәріс	СОӘЖ	СӘЖ
		сағат саны		
1	Ә.Нұрмахановтың ғибратты ғұмыры мен жаттықтыруышылық және ғылыми шығармашылық жолы.	3	2	1
2	Ә.Нұрмахановтың Қазақ боксының дамуы мен қалыптасуына қосқан үлесі.	3	2	1
3	Ә.Нұрмахановтың дене шынықтыру және спорт бағытындағы шығармаларының бүгінгі уақыттағы маңызы.	3	2	1
4	Ә.Нұрмаханов бокс спорт түрін зерттеу бағытындағы еңбектері.	3	2	1
5	Ә.Нұрмахановтың нар тұлғасы арқылы жастарды Отансүйгіштікке тәрбileу.	3	2	1
Барлығы		15	10	5

Орыстың ұлы педагогы К.Д.Ушинскийдің «Тәрбие, егер ол адамға бақыт бағыштагысы келсе, оны бақыт үшін тәрбиелемей, өмірлік еңбекке баулуы тиіс. Үдайы жетілуде болған тәрбие адамның тән-дене, ақыл-парасат және ізгілік-инабаттық құштерінің ауқымын барынша кеңейту мүмкіндігіне ие болады», – деген пікірі тәрбиенің негізгі мақсаты – еңбексүйгіштікке, баланың дүниетанымын кеңейтуге, еңбекке баулуга бағытталуы тиіс деген ұстанымға сәйкес келеді [6, б. 9].

Біз де Ұлы педагогтың тағылымды пікірін ескере отырып, студенттерді еңбексүйгіштікке баулып, жауапкершілік, адамгершілік дағдыларын қалыптастыруға барынша тырыстық.

Ә.Нұрмахановтың қандай да бір еңбекін (кітабын) алып қарасақ, жастарды еңбексүйгіштікке, жаман әдеттен аулақ болуға, өзге елдін азаматтарын құрметтеуге, достарды сыйлауға, ұлт намысын бәрінен биік қоюға бағытталғанын көреміз. Бұл қасиеттердің барлығы жастардың білімді, тәрбиелі, өнегелі, ұлтжанды болып жетілуіне, қоғам талабына сай тұлғалы болып қалыптасуына өз ықпалын тигізетіні анық.

Студент жастар өзінің ортасын танып, айнала қоршаған адамдарды жан-жақты зерделеп, түрлі жағдаяттарда тез шешім қабылдан, олардан шығу жолдарын тауып, салауатты өмір сұруғе бейімделіп, жеке тұлға ретінде толық жетілгендігін білдіру үшін өзін-өзі тани білуі қажет. Жастар айналасындағы адамдардың ықпалына көбірек бағынады, пікіріне сүйенеді, өз идеалын табуга ынтық болады, өзін танытудың жолдарын қарастырады. Сол себептен осы кезде оларға дұрыс бағыт-бағдар беріп, өзіндік тәрбиелеудің жол-

дарын көрсетіп, негізгі адамгершілік өлшемдері туралы моральдік білім беру аса қажет [7, б. 57].

Біз бұл арнаулы курста жоғарыда аталған білім мен тәрбиені жастар бойына терең сіндіру мақсатында Әбдісалан Нұрмахановтың тұлғасын таңдал алуымызағы негізгі мақсат – оның бітім-болмысын, парасатты тұлғасын, кәсіби біліктілігін, өр мінезін, қайсар намысын, әділдігін, шыншылдығын, ұлтжандылығын, батырлығын, ойының ұшқырлығын, тапқырлығын, талапшылдығын, көрегендігін, жүргегінің кендігін қай жағынан болмасын өскелен үрпақта үлгі ету. «Әбдісалан әлемі» атты арнаулы курс Ә.Нұрмахановтың ғылыми-педагогикалық мұрасындағы құнды ой-пікірлерін сұрыптаپ, талдап, жүйелеу негізінде жасалынды.

#### Арнаулы курстың енгізу қажеттілігі:

– Ә.Нұрмахановтың ғылыми шығармашылығының құндылығы бүгінгі қунғі педагогикамен тығыз сабактастырында, бірақ оқу-тәрбие процесінде пайдаланылуының жеткіліксіздігінде;

– Ә.Нұрмахановтың тағылымы мол шығармалары мен өнегелі іс-әрекеті ұшқыр ойлы, тәрбиелі, білімді маман даярлауда аса маңызды;

– жастарды ұлттық намысты бойына сіңірген, адамгершілік қасиеті мол, еңбексүйгіш тұлға етіп тәрбиелеудегі тиімділігін көрсетуде қажеттілігімен негізделеді.

#### Арнаулы курстың мақсаты:

Студенттерге арналған «Әбдісалан әлемі» атты арнаулы курстың мақсаты – студенттерді ғалымның қазақ спорттың дамытудағы және үздік спортшылар дайындаудағы сіңірген еңбектерімен, құнды шығармаларымен терең таныстырып, ондағы ғалымның педагогикалық көзқарастарын анықтап,

талдау жасау. Студенттердің Ә.Нұрмахановтың ғылыми шығармашылығындағы тәрбиелік маңызы зор педагогикалық құндылықтарды өз бетінше ізденулеріне мүмкіндік жасау.

#### **Арнаулы курстың міндеттері:**

– Ә.Нұрмахановтың өнегелі өмір жолы мен ғылыми-шығармашылық мұрасындағы педагогикалық көзқарастарын анықтау;

– Ә.Нұрмахановтың ғылыми-шығармалары негізінде адами құндылықтарды бойына жинақтаған, еліне адал қызмет ететін, бәсекеге қабілетті, намысты жастарды тәрбиелеу;

– Ә.Нұрмахановтың қазақ спорттың дамытудағы терең ізденістеріндегі құнды ой-пікірлері мен нақты, орнықты ұсыныстарын терең түсініп, менгеруін қамтамасыз ету;

– Ә.Нұрмахановтың ғылыми-шығармашылық мұрасын оқу-тәрбие процесіне ендіру жолдарын көрсету.

«Әбдісалан әлемі» атты арнаулы курстың мазмұны:

#### **1-тақырып. Ә.Нұрмахановтың ғибратты ғұмыры мен жаттықтырушылық және ғылыми шығармашылық жолы.**

Ә.Нұрмахановтың өміrbаяны. Отбасы тәрбиесі мен өскен ортасы. Білім ошақтары (Өзбекстан Республикасы, Шыршық ауданы, Құлтафа ауылы, Түркістан облысы, Түркістан қаласындағы №8 М.Мәметова атындағы орта мектеп, Алматы қаласындағы дene тәрбиесі және спорт техникумы, Қазақ мемлекеттік дene шынықтыру институты). Шығармашылығы мен еңбек жолы. Ә.Нұрмахановтың бокс спорт түрін зерттеуші, ұлағатты ұстаз атануы.

#### **2-тақырып. Ә.Нұрмахановтың Қазақ боксының дамуы мен қалыптасуына қосқан үлесі.**

Фалым шығармаларындағы тәлім-тәрбиелік ой-пікірлердің бүгінгі таңда егеменді еліміздің жа-лынды жастарын патриоттық рухта тәрбиелеудегі, бокс спорттың дамытудағы құндылығы. Фалым шығармашылығындағы патриоттық тәрбие. Баланы жастайынан Отанын сүюге тәрбиелеу. Әбдісаннаның жас жеткіншектерді спортқа ба-улып, қоғамға пайдалы қызмет атқаруға үндеуі. Ә.Нұрмахановтың ғибратты ғұмыры мен жаттықтырушылық және ғылыми шығармашылық жолы. Туган жерге, Отанға, қазақ спорттына деген шексіз сүйіспеншілігі мен толғанысы. Өскелен үрпақтың бойында ұлттық намыс пен мақтаныш сезімін қалыптастыруы, оларға зор үміт артып, жауапкершілік сезімін оятуы.

#### **3-тақырып. Ә.Нұрмахановтың дene шынықтыру және спорт бағытындағы шығар-маларының бүгінгі уақыттағы маңызы.**

Бокс спорттың дамыту – фалым шығармаларының өзегі. Ұлтаралық қатынасты дамытуда бокс спорт түрінің алатын орны. Фалымның патриоттық тәрбиені жастарға үлгі етуі.

#### **4-тақырып. Ә.Нұрмахановтың бокс спорт түрін зерттеу бағытындағы сұбелі еңбектері.**

Фалымның әр жылдары қаламынан туған «Жекпе жек» (1985 ж.), «Бокс» (1986 ж.), «Боксшы болғың келе ме?» (1994 ж.), «Бокс мектебі» (2006) атты кітаптарының қазақ боксын дамытуда алатын орны. Диссертациялық еңбегінің жарты ғасыр етсе де өзектілігінің жойылмауы. Құндылығының артуы.

#### **5-тақырып. Ә.Нұрмахановтың нар тұлғасы арқылы жастарды Отансүйгіштікке тәрбileу.**

Ә.Нұрмахановтың туған жерге, Отанға, қазақ спорттына деген шексіз сүйіспеншілігі мен толғанысы. Ғалымның патриоттық тәрбиені жастарға үлгі етуі. Өскелен үрпақтың ұлттық намысы мен мақтаныш сезімін қалыптастыруы, оларға зор үміт артып, жауапкершілік сезімін оятуы («Жекпе-жек» кітабы арқылы).

Ә.Нұрмахановтың Отан үшін намысын жыртқан атакты спортшылардың есімін ұлықтауы, өмірі мен ерлік істерін дәріппеп, оларды оқырманына насихаттауы негізінде жас үрпақты ел-жүртyn сүйетін қайса рухты, батыл да батыр азамат етіп тәрбиелеуі, ерлік дәстүрін үрпақтан-үрпаққа жеткізуі. Фалымның ел біrlігіне, халықтар достығына көзқарасы. Өзге ұлттарға құрмет пен өзара ынтымақтастықты насихаттауы.

Студенттің оқытушымен өзіндік жұмысы (СОӨЖ).

#### **1-тақырып. Ә.Нұрмахановтың өмірі мен шығармашылық жолы.**

Мақсат: Әбдісалан Нұрмахановтың саналы да салиқалы ғұмыры мен өнегелі шығармашылық жолымен танысу.

#### **Міндеттер:**

Ә.Нұрмахановтың қыындықта өткен балалық шағын қарастыру.

Ә.Нұрмахановтың оқыған білім ошақтары жайлы мағлұмат беру.

3. Ә.Нұрмахановтың елдегі ұлттық, мәдени және қоғамдық өмірге белсene араласуын сараптау.

#### **Қарастырылатын сұрақтар:**

Ә.Нұрмахановтың туған жері мен Қазақстандағы өскен ортасы: Өзбекстан Республикасы мен Түркістан қаласы.

Ә.Нұрмахановтың боксқа келуі, алғашқы жетістіктері.

3. Ә.Нұрмаханов – фалым-ұстаз атануы.

4. Ә.Нұрмахановтың ғылыммен айналысусы.

“**2-тақырып. Ә.Нұрмахановтың Қазақ боксының дамуы мен қалыптасуына қосқан үлесі.**

Мақсат: Әбдісалан Нұрмахановтың бокс саласын дамытуға бағытталған ғылыми еңбектерін зерттеу арқылы педагогикалық мәні зор «Ұлтжандылық», «Отансүйгіштік», «Ұлттық патриотизм» ұғымдарының мазмұнын ашып көрсету.

Міндеттер:

1. Әбдісалан Нұрмахановтың ғылым жолындағы еңбектерінің педагогикалық негіздерін анықтау;

2. Әбдісалан Нұрмахановтың Қазақстандағы бокс енерін дамытудағы ғылыми еңбектерін ашып көрсетіп, талдаپ, бүтінгі күн талабы түргышынан негіздеу;

3. Болашақ дене тәрбиесі мамандарына ғалым шығармашылығындағы патриоттық рухта тәрбие беру жолдары мен мүмкіндіктерін анықтау.

**Қарастырылатын сұрақтар:**

1. Қазақ боксының дамуы мен қалыптасуына ықпалы.

2. ЖОО-да оқытушылық қызметі.

3. Әлемдік деңгейдегі бапкерлермен тәжірибе алmasуы.

“**3-тақырып. Ә.Нұрмахановтың ғылыми шығармаларының бүтінгі кезеңдері маңызы.**

Мақсат: Ә.Нұрмахановтың ғылыми-педагогикалық ой-пікірлерімен танысу, олардың қазіргі қоғамдағы көкейкесті мәселе екендігін, жанжақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастырудағы құндылығын ашып көрсету.

Міндеттер:

1. Ә.Нұрмахановтың ғылыми-педагогикалық көзқарасын айқындау.

2. Ә.Нұрмахановтың ғылыми-педагогикалық шығармаларындағы тәрбие түрлерін анықтап, оларды сарапал қарастыру.

3. Ә.Нұрмахановтың ғылыми-педагогикалық мұрасындағы бокс спортының қазіргі қоғам өмірімен, оның жас боксшыларға тигізер иғі ықпалымен тығыз байланыстырығын дәлелдеу.

**Қарастырылатын сұрақтар:**

1. Ә.Нұрмахановтың жас үрпақты намысшылдыққа баулып, адамдық тұлғасын қалыптастыруы;

2. Ә.Нұрмахановтың жастарды бокс спорты арқылы Отансүйгіштікке тәрбиелеуі, намысын қайрап, тұлға ретінде қалыптастыруы;

3. Ә.Нұрмахановтың спорттың достыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеуге, өзге ұлттарды құрметтеуге көзқарасы.

“**4-тақырып. Ә.Нұрмахановтың Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік алған жылдары бокс спортының дамуына ықпалы, әлемдік деңгейдегі жетістіктері.**

Мақсат: Ә.Нұрмахановтың Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік алған жылдары бокс спортының дамуына ықпалы, әлемдік деңгейдегі жетістіктерін насиҳаттап, еңбексүйгіштік, жауапкершілік қасиетін қалыптастыратын тағылымды ой-пікірлерін анықтап, жүйелеу.

Міндеттер:

1. Ә.Нұрмахановтың бокс спортының дамуына және қазақ боксын әлемдік деңгейге көрсетуге жұмсаған қажырылған еңбектеріне талдау жасау.

2. Жастарды ғалымның ғылыми-педагогикалық шығармалары арқылы еңбекке жауапкершілікпен қарауды үрету.

3. Жауапкершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

**Қарастырылатын сұрақтар:**

1. Боксты қазаққа жат санайтындарды сынга алуы.

2. Әбдісаланның үздік шәкірттері.

3. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік алғаннан кейінгі бокстан Олимпиада, Азия ойындары мен әлем чемпионаттарындағы жетістіктері.

4. Бокстан Қазақстан Республикасы Ұлттық құрама командасының бас бапкерлік қызметіндегі жетістіктері.

“**5-тақырып. Ә.Нұрмахановтың ғылыми-педагогикалық мұрасындағы Отансүйгіштік тәрбиесі.**

Мақсат: Әбдісалан Нұрмахановтың шығармаларындағы Отансүйгіштік тәрбиені дәріптейтін ой-пікірлерінің мән-маңызын, мазмұн-міндеттерін қарастыру.

Міндеттер:

1. Ә.Нұрмахановтың жеке тұлғасының өмірдегі рухани-адамгершілік жақтарына назар аудару;

2. Ә.Нұрмахановтың шығармаларындағы Отансүйгіштік асыл қасиеттерді өнеге ету.

3. Ғалым шығармалары арқылы жастардың бойына ізгілік нұрын құйып, Отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастыру.

**Қарастырылатын сұрақтар:**

1. Ә.Нұрмахановтың еңбектерінде Отансүйгіштік тәрбиесіне маңызды орын берілуі;

2. Ғалымның ар-ождан, кіслік, азаматтық қадір-қасиеттерді, туыстық, достық қарым-қатынасты насиҳаттауы;

**Әдебиеттер:**

1. Нұрданбекұлы Қ. Намысы наизағай Нұрмаханов. – Алматы, 2018. – 184 б.
2. Баймұхамбетов Б.М., Халиллаев А.Н. Нар тұлғасы Нұрмаханов Әбдісалан. – Түркістан, 2006. – 68 б.
3. Тасқалиев М. Ұлы дала батырлары. – Ақтөбе, 2019. – 88 б.
4. Тағабай Қ. Өміріме шабыт берген. – Шымкент, 2018. – 272 б.

**Реферат тақырыптары:**

Ә.Нұрмаханов – даңқты спортшы, ұлағатты ұстаз, парасатты ғалым.

2. Ә.Нұрмаханов – бокс спорт түрін зерттеуші ғалым.

3. Ә.Нұрмахановтың қазақ спорттының мәртебесін көтеру туралы ой-толғамдары.

4. Бокс – Ә.Нұрмаханов шығармаларының арқауы.

5. Ә.Нұрмаханов мұрасы – қазақ спорттының бай қазынасы.

6. Ә.Нұрмаханов тағылымының бүгінгі құндығы мәні.

8. Бокс спорт түрі – Ә.Нұрмаханов шығармаларының арқауы.

9. Ә.Нұрмахановтың патриоттық бағыттағы еңбектері.

10. Ә.Нұрмаханов – бокс спорттың дамытушы ғалым.

11. Ә.Нұрмахановтың рингтегі жетістіктері.

12. Ә.Нұрмахановтың үздік шәкірттері.

13. Ә.Нұрмахановтың бокстан Қазақстан құрамасының бас бапкерлік қызметіндегі жетістіктері.

14. Ә.Нұрмахановтың жас бокашыларды дайындауға арналған еңбектері.

15. Ә.Нұрмахановтың туған жері мен Қазақстандағы өсken ортасы. Ә.Нұрмахановтың боксқа келуі, алғашқы жетістіктері.

16. Ә.Нұрмахановтың ғалым-ұстаздық қызметі.

17. Ә.Нұрмахановтың ғылыммен айналысуы.

18. Қазақ боксының дамуы мен қалыптасуына ықпалы.

Әбдісалан Нұрмахановтың 85 жылдығы аясында тәлімгер сағатын өткізіліп, даңқты спортшының ұстаздық, бапкерлік қырлары мен адамгершілік, еңбексүйіштік қасиеттері студент жастаға жан-жақты таныстырылды.

**Тақырыбы: Ә.Нұрмаханов: даңқты спортшы, көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз, білікті бапкер.**

**Мақсаты: а) Білімділік:** Студенттерге Ә.Нұрмахановтың ғибратты ғұмыры мен спорттағы жетістіктерімен толығырақ таныстыру;

**ә) Тәрбиелік:** Ә.Нұрмахановтың шығармаларын таныстыру арқылы студенттердің сана-сезіміне әсер етіп, Отанын, туған жерін суюге тәрбиелеу, өзге ұлттарға құрметпен қарау дағдысын қалыптастыру;

**б) Дамытушылық:** 1. Студенттердің ой-өрісін көңейтіп, сөйлеу мәдениетін дамыту.

2. Студенттердің ғылымға қызығушылығын арттырып, мазмұн-маңызын, мән-мағынасын түсіне білуге үйрету, ой қорытуға дағдыландыру.

3. Отанын шынайы сүйеттін, адамгершілік қасиеті мол, естетикалық талғамы қалыптасқан, Отансүйгіш, еңбексүйіш студент тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** Ә.Нұрмаханов портреті, кітаптары, ғалым туралы естеліктер мен әдебиеттер, үнтаспалар.

**Барысы:**

**Оқытушы:** Жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің бағдарлы идеялары экс Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Қалың елім Қазағым» атты жинағында мемлекеттік идеология мәсеслесін ұдайы есте ұстаямызды ескерте келе «Бес арыстарымызға арналған тарихи зерде кешенінде мен қазақстандық отаншылдық сезімін тәрбиелеуге көніл бөлгөн едім. Қазақстанда тұратын әрбір адам өзін осы елдің перзенті сезінбейінше, оның өткенін біліп, болашағына сенбейтінінше біздің жұмысымыз ілгері баспайды», – деп атап өтеді [8, б. 62].

ХХ ғасырда ерекше өркен жайған, жас спортшыларды дайындау ісінде және дene тәрбиесі мен спорт саласының өркендеуіне ғылыми жаңа өзгерістер ендірген ғалымдардың ішінде Әбдісалан Нұрмахановтың еңбегін ерекше атап өтуімізге толық негіз бар. Оның 1972 жылды «Салмақ азайтудың адам организміне тигізетін функциялық әсері» атты кандидаттық диссертациялық еңбегі КСРО-да сол кезеңдегі спорт ғылымына енгізілген тың жаңалықтардың бірегейі және құнды еңбек екендігі дәлелденді. Уш жыл бойы мындан астам спортшылармен жүргізілген тың тәжірибелерінің практикалық маңызы – еліміздің құрама командасында спортшыларды халықаралық жарыстарға дайындаған кезде Әбдісалан Нұрмахановтың ғылымға негізделген еңбегіне сүйеніп, үлкен нәтижелерге жетіп жүргенін білікті бапкерлер мақтанышпен айтып жүр.

Әбдісалан Нұрмахановтың портретін салатын болсақ, спорттағы жетістіктерін, спортты дамытудағы ерен еңбегін, ғылымдағы жаңалығын «Бірінші. Алғашқы. Тұңғыш», – деп бәрін бір сөзben қорытуымызға болады.

**1. Бірінші.** Әбдісалан Нұрмаханов казак боксы тарихында Дүниежүзілік Азия-Африка

(ГАНЕФО) ойындарында бірінші жеңімпаз болған спортшы.

**2. Алғашқы.** Қазақ спортшыларының арасында алғашқы ғылым кандидаты атанған ғалым.

**3. Тұнғыш.** Қазақстан боксы тарихында КСРО-ның Еңбек сінірген спорт шебері атағын алған тұнғыш спортшы.

Қазақ дene шынықтыру және спорт институтында «Бокс» кафедрасында менгеруші және проректор қызметтерін абыраймен атқарды. Қазақ Ұлттық университетінде қызмет жасаған жылдары өзінің жеке дайындағын шәкірттері Бүкілодактық Универсиадада үздіктер қатарынан көрініп, жалпы командалық есепте топ жарды. Бокс спорт түрінің елімізде жан-жақты дамуы үшін білікті бокс мамандарын дайындауга ұйытқы болды. Бокс спорт түрінің алғаш оқу бағдарламаларын құрастыруға ат салысып, жас жаттықтырушылар мен болашақ мамандарға арналған құнды кітаптар шыгарды.

Ә.Нұрмахановтың бапкерлік қуаты мен азаматтық болмысы бокстан Қазақстан Республикасы Ұлттық құрама командасының бас бапкері қызметін атқарған кезден бастап жарқырай көрінді. Табиғатынан табанды, намысқой азамат құраманың тізгінін қолға алғанда сонау тар кезеңде амалсыз бағы байланған, тордағы арыстандай аласұрып, қазагының намысын сертке ұстап, қанша рет айқасқа түсіп, қанша рет қара терін сорғалатып, қызыл қанын ағызып жеткен жеңісі империяның ықпалымен өзгенін уысында кетіп, өзегі өртенген сәттері санасында жаңғырып тұрды. Әбдісаланға тиесілі талай жеңіс тек қазақ болғаны үшін орыс ұлттына бұйырды. Мәскеудің төрінде отырған спорт басшылары қалаған кезінде қазақ спортшысын несібесінен айырып, өзгеге беріп отырды.

Ә.Нұрмаханов сол жылдардың қарымтасын қайтаратын сәттің бір күні туатынына сенді. Ол күн көп ұзамай туды да. Кеудесін намыс оты кернеген Әбдісалан шәкірттерін Дүниежүзілік сайыстарға бабына келтіріп баптап, қазақтың кім екенін айдай әлемге танытуға тас-түйін бекінді. 1994 жылы Иранның Тегеран қаласында өткен Азия чемпионатында командалық есепте топ жарды. Бұл бір өте қын кезеңдер еді. Ә.Нұрмаханов бастаған Ұлттық құраманың саңлақтары Түкіменстаннан Иранға дейін автобуспен қатынап, жарысқа түседі. Қындық қыспаққа алған кезде де намыс үшін, елдің абырайы мен мәртебесі жолында жан аямай жаттығып, айқасқа шықкан тарландардың азаматтық ерліктерін қазірігі жастарға үлгі етіп, Отансүйіштік сезімін ояту басты міндеттіміз болып саналады. Осы жылы Таиландтағы Әлем кубогынде үздік үштіктен көрінді. 1995 жылы Ташкенттің төрінде Азияның

небір мықты боксшылары қазақ боксшыларының сұрапыл соққыларына төтеп бере алмады. Ал, 1996 жылы Атланта Олимпиадасында командалық есепте үздік үштіктен көрініп, Қазақстан тарихында бұрын-соңды болмаған биіктікті бағындырды.

Саналы ғұмырында ғалым-ұстаз ХХ-шығасырында халқының әкелген қуанышының да, қасіретінің де күесі болды. Тәуелсіз елінің тәй-тәй басқан қадамын көріп, өзі армандаған Олимпиада додасында шәкірттері тыңдан түрен салды. Өзінің өсіп-өнген киелі Түркістан топырағынан Бекзат Саттархановтай қыранның Олимпиада жеңімпазы атанғанын көріп кетті.

Әбдісалан Нұрмаханов қазақ елінің спорттың дамытуға ат салысуымен қатар қоғамдық жұмыстарға да белсенді араласқаны баршамызға мәлім. Оның өнегелі өмірі мен спорттағы жетістіктері, шығармашылығы туралы өз білетінімізben белісіп, ортаға ой тастап отырайық:

**1-студент:** Әбдісалан Нұрмаханов Қазақ елінің дene тәрбиесі мен спорты ғылымын, соның ішінде Қазақ боксының қалыптасу тарихын зерттеп қана қойған жоқ. Сонымен бірге бокс өнерін басқа ғылымдармен сабактастыра зерттеген ғалым. Оның тәрбиелік, биологиялық, физиологиялық тұстарына жан-жақты ғылымы негіздеме беріп, нәтижелерін тәжірибеде дәлелдеді. Ғылыми-зерттеу жұмыстарына студент жастарды да қатыстырып, ғылымға баулып отырды [9, б. 40].

**2-студент:** Әбдісалан Нұрмаханов өзінің еңбексүйіштігімен, интернациональдық сезімімен, жылы жүректілігімен, қайтпас қайсарлығымен, намысшылдығымен қызметтес жолдастарының арасында ыстық ықыласқа, сүйіспеншілік сезімге, зор құрметке ие болды. Оған бір ғана мысал: қазақтың маңдайына біткен жеңіл салмақтағы бокс шебері, 1969 жылы АҚШ-КСРО матчының жеңімпазы Жандос Кекімовке 1970 жылдары Алматы қаласынан пәтер бөлісуде қындық туындейды. Сол кезеңдегі үздік волейболшы Рогозин екеуіне басшылар «Екі бөлмелі пәтердің бір бөлмесіне сен тұр, екінші бөлмесіне Рогозин тұрсын», – деген шешім шығарады. Сонда Әбдісалан Нұрмаханов қара нарадай алып тұлғасымен Жандос Кекімовтың кандидатурасын қолдап, қазақ боксының өсіп-өркенуіне қосқан ерен еңбегіне нақты дәлелдер келтіріп, пәтер алына көмектеседі. Бұл Ә.Нұрмахановтың адамға, досқа, әріптеске деген үлкен ілтишатель, ұлы жүректілігін көрсетсе керек.

Біз «Әбдісалан әлеміне» саяхат жасай отырып, студенттердің білімдері мен ой-өрістерінің қаншалықты деңгейде қалыптасқанын 2-кестеде көрсетілген сұрактар мен жауаптар арқылы анықтадық.

Кесте-2 – «Әбдісалан әлемі» атты арнаулы курс аясында студенттердің білімін тексеріп, ой-талғамын дамытуға арналған сұрақтар.

№	Сұрақтар	Жауаптар
1	Ә.Нұрмаханов қай жылы, қай жерде дүниеге келді?	1936 жылы 16 сәуір, Өзбекстан Республикасы, Сухандария облысы, Шыршық ауданы, Күлтафа ауылы.
2	Ә.Нұрмахановтың әкесінің аты кім?	Кәрім.
3	Ә.Нұрмаханов қай жылы, қай қалада нешиńші мектепті бітірді?	1953 жылы Түркістан қаласындағы №8 М.Мәметова атындағы орта мектепті бітірді.
4	Ә.Нұрмахановтың бірінші кітабы қалай аталады және ғалымның қанша кітабы жарық көрді?	Бірінші кітабы «Жекпе-жек» деп аталады, ғалымның 6-дан астам кітаптары бар.
5	Ә.Нұрмаханов қандай оку орындарын бітірді?	1957 жылы Республикалық деңе шынықтыру және спорт техникумын, 1961 жылы Қазақ мемлекеттік деңе шынықтыру институтын бітірді.
6	Ә.Нұрмахановтың қандай ғылыми атақтары бар?	Биология ғылымдарының кандидаты, профессор.
7	Ә.Нұрмахановтың шәкірттерін атап өтініз?	Борис Хрянин, Валентин Юнусов, Бақытжан Аманбаев, Марат Бекежанов, Владимир Чипурин, Болат Нұрпейісов, Болат Сағындықов, А.Топаев, Б.Теміров, Б.Жұмаділов, Б.Ниязымбетов, Б.Теміров, Н.Сманов, Е.Ібыраймов және т.б.
8	Ә. Нұрмахановтың қандай спорттық жетістіктері мен спорттық атақтары бар?	Бокстан Қазақстанның 10 дүркін чемпионы (1957-1967), КСРО чемпионатының екі дүркін күміс жүлдегері (1957, 1962 ж.ж.), КСРО халықтары спартакиадасының екі мәрте қола жүлдегері (1959, 1967), Азия-Африка ойындарының жеңімпазы (1963). КСРО-ның Еңбек сінірген спорт шебері (1966), Қазақстанның Еңбек сінірген жаттықтырушысы. АИБА төрешісі.
9	Ә. Нұрмахановтың алғашқы жаттықтырушысы мен спорттары үстаздары?	Алғышқы жаттықтырушысы – Молдабек Құралбаев; үстаздары Шоқыр Бөлтекулы, Даулеткерей Мұллаев, Ескендір Хасанов.
10	Ә. Нұрмахановтың қай жылдары ҚР Ұлттық құрамасының бас бапкері қызыметін атқарды? Қандай жетістіктерге жетті.	1993-1997 жылдары ҚР Ұлттық құрамасының бас бапкері қызыметін атқарды. Бапкерлік қызыметінде Әлем, Азия чемпионаттарында жалпы командалық есепте үздіктер қатарынан көрінді. 1996 жылы Олимпиада ойындарында жалпы командалық 3-орын иеленді. Шәкірті В.Жиров Қазақстан тарихында тұнғыш рет ең үздік боксшыға берілетін Вел Баркер кубогын иеленді.
11	Ә. Нұрмаханов неше жасында, қай жылы дүние салды?	66 жасында, 2002 жылы 14 шілде.
12	Ә. Нұрмахановты еске алуға арналған бокстан Халықаралық турнир еліміздің қай қаласында, қай жылдан бастап өткізіліп келеді?	Түркістан қаласында, 1994 жылдан бастап өткізіледі.

**3-студент:** Әбдісалан Нұрмаханов боксты аяқтағаннан кейін «Қазақфильм» киностудиясының шақыруымен бірнеше фильмдерде ойнап, актерлік қабілетін де танытты. Бұл Ә.Нұрмахановтың алып тұлғасымен берілген кейіпкерлердің рөліне тез бейімдігін көрсетеді. Бұл қасиеттердің барлығы ғұмыр бойы спортты жанына серік еткеннің нәтижесінде келді деп толық айта аламыз.

**4-студент:** Біз бабаларымыз найзаның үшімен, білектің күшімен қорғап келген қазақ жерін аман сақтап, Отан үшін жанын қиған қаһармандармыздың ұлы есімдерін ұлықтай білуіміз қажет. Жас өрендерімізді батырлар ерлігінде тәрбиелеп, өсіруіміз керек. Бұл жайында Ә.Нұрмаханов: «Адамның өмір сүруінің мәні туған халқының, Отанының мұддесін қорғау деп білетін батыр, ел қорғаны болған ер бабам Қобыландының

ерлігіне өмір бойы табынып өтемін», – деп алдына мақсат қойып, Қобыландаудай ер бабасының ерлігіне тамсанып, Қобыландаудай елімді қорғасам деген асыл арманын орындау бағытында қаншама тер тәкті. Асқан жауапкершілік пен тәkkен тер, қайсар намыс пен өр мінездің арқасында елінің атын әлемге танытып, тұғыр биігінен көрінді [10, б. 137].

**5-студент:** Ә.Нұрмаханов 1995 жылы Қазақстан Ұлттық құрамасын бастап апарған Азия чемпионатында алты боксшы алтын медальга ие болды. Сөйтіп, еліміздің бұлғары қолғап шеберлері әлемдік аренада атойлад енді [11, б. 58].

1996 жылы АҚШ-тың Атланта қаласында өткен жазғы Олимпиадалық ойындарда оның дайындаған шәкірттері 1 алтын, 1 құміс, екі қола медальга ие болып, Куба мен Болгариядан кейінгі жалпы командалық 3-орынды иеленді. Шәкірті В.Жирор алтын медальмен қоса Қазақстан тарихында тұңғыш рет ең үздік боксшыға берілетін «Вел Баркер» кубогын жеңіп алды. Бұл таңғажайып табысқа Ә.Нұрмахановтың кәсіби біліктілігі мен темірдей тәртібінің нәтижесінде ие болды деуге толық негіз бар.

**6-студент.** Мемлекеттік жаттықтыруши бола жүріп Ә.Нұрмаханов Кубаның атақты жаттықтыруышы Альсидес Сагаррамен және Олимпиадалық ойындардың үш дүркін чемпионы Теофильо Стивенсонмен өзара достық пен сыйластық қарым-қатынастың арқасында Куба-Қазақстан, Қазақстан-Куба боксшыларымен жолдастық кездесулер мен біріккен оқу-жаттығу жиындарын өткізуге қол жеткізді. Осы тәжірибе алмасудың нәтижесі 2000 жылы Сидней қаласында өткен Олимпиадалық ойындарда көрінді. Қазақ елінің боксшылары 2 алтын, 2 құміс жүлде алып, айды аспанға шығарып, әлемдік бокс державаларының қатарына қаймықтай енді [12, б. 12].

Аркадий Топаевтың әлем кубогінде, Геннадий Головкин мен Галиф Джапаровтың әлем чемпионы атануына да Ә.Нұрмахановтың қосқан үлесі мол. Ол қолы жеткен табысқа тоқмейілсіп қалған жоқ. Астанаға барып, талай кабинеттердің табалдырығын тоздырып, республикада боксқа мамандандырылған балалар мен жасөспірімдердің төрт мектебінің ашылуына ерен еңбек сінірді. Мұндай нәтижеге қол жеткізу қайтпас қайсарлықтың, өткір мінез бер табандылықтың, Отанын шын сүйетін азаматтардың қолынан гана келетін таңғажайып дүние.

2004 жылы Афинада өткен Олимпиадалық ойындарда Бактияр Артаевтың чемпион атанип, В.Баркер кубогіне ие болуы мен 2005

жылы Қытайда өткен әлем чемпионатында Елдос Жаңабергенов пен Серік Сәпиевтің жеңіске жетуіне және ғұлғынға дейінгі Тәуелсіз Қазақ елінің бокстағы әлемдік ареналарда жеткен барлық толағай табыстарында Әбдісалан Нұрмахановтың салған жасампаздық ізі сайрап жатыр.

**7-студент. Әбдісалан Нұрмахановқа арнау!**  
**(өзі шығарған):**

Болғасын бabaң батыр, ағаң батыл,  
Бейбіт ел, мамыражай далам жатыр.  
Атақты Әбдісалан Нұрмаханов,  
Жаңғырып, құндіз-тұні санамда тұр.  
Қазақтың бұл жайсаңы бөлек еді,  
Қайраты қатарынан ерек еді.  
Шіркін-ай ерте кетті дүниеден,  
Әлі де қазагына керек еді.  
Мұндай ұл табылар ма шойын, батпан?  
Сүм ажал ақ кемесін қайырлатқан.  
Он дүркін Қазақстан чемпионы,  
Кезінде КСРО-ны да мойындағат.  
Толқиды ағаны іздеп, көніл сазы,  
Көз көрген ерлігіне елім қазы.  
Азия-Африка ойындарын,  
Қазақтың бағындырған жеңімпазы.  
Даңқымен ол әлемді аралаған,  
Сағынып сарсаң болды санада арман.  
Ұстаздың еңбегімен Атлантада,  
Шәкірттер алтын, құміс, қоланы алған.  
Жоқтығың жүректерді жүр жаралап,  
Елің бар жоктайтығын бір қанагат.  
Қазақтың айбын ұлы Әбдісалан,  
Тілейміз рухыңа мың салауат!

**Қорытынды.** Ғалым-ұстаз, білікті бапкер, даңқты боксшы Ә.Нұрмахановтай өз ұлттының на-мысын биік қойып, жеңімпаз шәкірттер тәрбиелеп, бокс спортын терең зерттеген асыл азаматтың өруағын сыйласп, рухына тағым етіп, құрмет көрсетіп, еңбегін елеп, ел есінде есімін мәңгі сақтау азаматтық парызымыз болмақ.

Біз ұсынған «Әбдісалан әлемі» атты арнаулы курсты тәжірибелең ендіру арқылы студенттердің арыстан жүректі батыр боксшының өнегелі өмірімен танысып, Халықаралық жарыстарда шойын жұдышымен әлемнің небір алыптарын мойындағып, ел нағызының биікке көтерген жүлдізды сәттерін, темірдей тәртіпке негізделген бапкерлік қызыметтегі әлемдік деңгейдегі жетістіктерін, жас спортшыларды жарыска дайындауға бағытталып, ғылыми-педагогикалық шығармашылығы мен саналы ғұмырында жас спортшылар мен жаттықтыруышыларға арнап шығарған құнды кітаптарын оқып, санасына сіндіріп, даңқты

боксшы Әбдісалан Нұрмахановтай Отанын шын сүйетін тұлға болып қатысуларына әсер еттік. Бұл арнаулы курсты тек Ә.Нұрмахановпен ғана шектелмей, қазақ спорттының тарихында жасында жарқырып, Қазақ спорттының мәртебесін биікке көтерген, найзагай насыстан жарапан Әбілсейіт Айханов, Октябрь Жарылғапов, Әлжан Жармұхаметов, Жанбек Сауранбаев, Әмин Тұяқов, Жақсылық Үшкемпіров, Тимур Сегізбаев, Шемір Серіков, Бекзат Саттарханов сынды сайыпқырандардың өнегелі өмірлері мен спортағы жетістіктерін кеңінен насиҳаттап, зерттең-зerdeлеу бағытында да келелі жұмыстар жүргізуі жалғастыру жоспарымызда бар.

Мемлекет басшысы киелі Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда «Қазақтың ұлы тұлғаларының есімін ел жадында сақтау, ардақтау арқылы біз олардың озық ойлары мен өнегелі істерін дәріптейміз. Қоپтеген мемлекеттік орден-медальдарына көрнекті тұлғалардың есімі берілген. Мұндай отаншылдық рухты асқақтату үшін қажет. Сондай-ақ тарихта өшпес із қалдырыған әйгілі адамдардың есімін ұрпақ санаусына сіңіру үшін керек», – деп атап өткені белгілі. Осы орайда білікті бапкер, данқты боксшы Әбдісалан Нұрмахановты ұлтықтаудың, қазақ боксын дамытудағы ерен еңбегін, спортағы және бапкерлік қызметтегі жетістіктерін дәріпте, есімін елге насиҳаттау мақсатында келесі ұсыныстарымызды білдіреміз:

– Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайдағы «Қолданыстағы кейір ордендерді

халқымыздың біртуар перзенттерінің есімімен атауды ойластыру қажет. Мысалы, Бейбарыс Сұлтан және басқа да тарихи тұлғалар атындағы орденнің иегері атанду кім-кімге де зор мәртебе болар еді», – деген сөзіне сәйкес, жыл сайын «Жылдың ең үздік боксшысына» қазақ елін әлемге танытып, қазақ боксының дамуына өлшеусіз үлес коскан Әбдісалан Нұрмаханов атындағы мемлекеттік деңгейдегі орден немесе медаль тағайындалса;

– Алматы, Астана қалаларында Ә.Нұрмахановтай бокстағы баһадүр батырдың нар тұлғасына сай еңсөлі ескерткіш тұрғызылса;

– Алматы мен Астана қалаларында бокстан жасөспірімдер спорт мектебі, бір спорт мекемесі, спорт сарайы Ә.Нұрмаханов есімімен аталса;

– Шымкент, Астана қалаларында көшелерге Ә.Нұрмаханов есімі берілсе;

– Даңқты боксшы Ә.Нұрмаханов туралы замандастар естеліктерін, макалалар, әңгіме, өлең-жырлар мен сирек суреттерді жинақтап, оқырман қауымға арналған көлемді кітап шыгарылса;

– Жас ұрпақты Отансүйгіштікке тәрбиелеу, даңқты боксшының спортағы және бапкерлік қызметтегі жетістіктерін кеңінен насиҳаттау мақсатында Алматы немесе Астана қаласынан Ә.Нұрмаханов атындағы мұражай ашылса.

Төуелсіз Қазақ елінің боксын әлемге танытқан Ә.Нұрмахановтай батыр ерге Үкімет тарапынан құрмет пен мемлекеттік марапат көрсетілсе лайықты деп санаймыз.

## Әдебиеттер

1. Мемлекет басшысы К.К.Тоқаевтың Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзі. <https://kaz.tengrinews.kz/news/tokaevtyin-turkstandagyi-ulattyik-kuryiltayda-sozleggen-soz-351892/>
2. Қазақстан Республикасы Жоғары білім беру стандарттарының тұжырымдамасы. – Алматы: ҰІ.Алтынсарин атындағы Қазақ Білім беру академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2020. – 97 б.
3. Нұрданбекұлы Қ. Намысы найзагай Нұрмаханов. – Алматы, 2018. – 184 б.
4. Мұхаметханов Қ. Әлихан Бекейханов // Семей таңы. – 1990. – 17 кантар. – Б. 3-4.
5. Баймұханбетов Б., Халилаев А. Дене тәрбиесі мамандарын дағыраудағы Ә.Нұрмахановтың бапкерлік қызмет // Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Түркістан, 2010. – Б. 585-587.
6. Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика. Оқулық. – Алматы: «Нұр-пресс», 2005. – 228 б.
7. Куатбеков Ш.Н., Есиркепов Ж.М., Құрманбаев Б.І., Ержанов С.Ә., Омаров Н.С. Профессор Мұратхан Тәнекеевтің дене тәрбиесі мен ұлттық спорты дамытудағы ағартушылық идеяларының жүзеге асырылуы // Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. – 2023. – №2 (72). – Б. 51-63.
8. Назарбаев Н.Ә. Қалың елім, қазағым. – Алматы: «Өнер», 1998. – 306 б.
9. Есиркепов Ж.М., Аширметова О.М. Данқты боксшы Ә.Нұрмахановтың бапкерлік қызметтегі тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері арқылы жастарды патриотизмге тәрбиелеу // «Білім беру, дене мәдениеті, туризм және спортағы инновация» атты III халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары, 2022. – Алматы: ҚазСТА, 2022. – 250 б.
10. Есиркепов Ж.М., Құрманбаев Б.І., Омаров Б.С., Битабаров Е.А., Ақназаров С.Б. Данқты боксшы Ә. Нұрмахановтың спортағы жетістіктері (1956-1968 жж) негізінде жастарды патриотизмге тәрбиелеу // Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. – 2023. – №1 (71). – Б. 131-141.
11. Рысбек Қ. Қазақтың 72 бапкері. – Ақтөбе: «Хабар-Сервис, 2020. – 528 б.
12. Нұрмаханов Ә. Бокс мектебі. Оқу құралы. – Алматы, 2006. – 256 б.

## References

1. Memleket basshysy Қ.К.Тоқаевтың Түркistanda өтken Yltyk kүryltajda sejlegen sozi. <https://kaz.tengrinews.kz/news/tokaevtyin-turkstandagy-ulttyik-kuryiltayda-soylegen-soz-351892/>
2. Қазақстан Respublikasy ZHofary bilim beru standarttarynuñ tүzhyrymdamasy. – Almaty: Y.Altynsarın atyndaғы Қазақ Bilim beru akademiyasynyң Respublikalyk baspa kabinet, 2020. – 97 b.
3. Nұrdanbekqыл Қ. Namysy najzaғaj Nұrmahanov. – Almaty, 2018. – 184 b.
4. Mұhamethanov Қ. Өлиhan Вөкейhanov // Semej tanu. – 1990. – 17 қантар. – B. 3-4.
5. Bajmuhanbetov B., Halilov A. Dene тәrbiesi mamandaryn dayarlaudary Ә.Nұrmahanovtүң bapkerlik kuzmeti // Halyқaralyk ғылыми-тәzhiribelik konferenciya materialdary. – Түркistan, 2010. – B. 585-587.
6. Babaev S.B., Oñalbek ZH.K. ZHalpy pedagogika. Okulyk. – Almaty: «Nyr-press», 2005. – 228 b.
7. Kuatbekov SH.N., Esirkepov ZH.M., Kýrmanbaev B.I., Erzhanov S.Ә., Omarov N.S. Professor Mұrathan Тәnkeevtiң dene тәrbiesi men үлтүк sportty damytudary arastushylyk ideyalarynyñ zhizege asyryluy // Dene тәrbiesiniң teoriyasы men әdistemesi. – 2023. – №2 (72). – B. 51-63.
8. Nazarbaev N.Ә. Қалың elim, казағым. – Almaty: «Өner», 1998. – 306 b.
9. Esirkepov ZH.M., Ashirmetova O.M. Daңqты boksshы Ә.Nұrmahanovtүң bapkerlik kuzmettegi tөlim-tәrbielik oj-pikirleri arkyly zhastardy patriotizmge тәrbieleu // «Bilim beru, dene mədenieti, turizm zhəne sporttary innovaciya» atty III halyқaralyk ғылыми-тәzhiribelik konferenciya materialdary, 2022. – Almaty: KazSTA, 2022. – 250 b.
10. Esirkepov ZH.M., Kýrmanbaev B.I., Omarov B.S., Bitabarov E.A., Aknazarov S.B. Daңqты boksshы Ә. Nұrmahanovtүң sporttary zhetistikteri (1956-1968 zhzh) negizinde zhastardy patriotizmge тәrbieleu // Dene тәrbiesiniң teoriyasы men әdistemesi. – 2023. – №1 (71). – B. 131-141.
11. Rysbek Қ. Қазақтың 72 bapkeri. – Ақтөбе: «Habar-Servis, 2020. – 528 b.
12. Nұrmahanov Ә. Boks mektebi. Оку кыraly. – Almaty, 2006. – 256 b.

Хат-хабарларға арналған автор (бірінші автор)	Автор для корреспонденции (первый автор)	The Author for Correspondence (The First Author)
Есіркепов Жандос Мергенбайұлы – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор; Халықаралық туризм және меймандастық университеті, Түркістан қ., Қазақстан, e-mail: zhandos-1978@mail.ru, ORCID ID: <a href="https://orcid.org/0000-0003-2542-6246">https://orcid.org/0000-0003-2542-6246</a>	Есиркепов Жандос Мергенбаевич – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор; Международный университет туризма и гостеприимства, г. Туркестан, Казахстан, e-mail: zhandos-1978@mail.ru, ORCID ID: <a href="https://orcid.org/0000-0003-2542-6246">https://orcid.org/0000-0003-2542-6246</a>	Yessirkepov Zhandos Mergenbaevich – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate professor; International University of Tourism and Hospitality, Turkestan, Kazakhstan, e-mail: zhandos-1978@mail.ru, ORCID ID: <a href="https://orcid.org/0000-0003-2542-6246">https://orcid.org/0000-0003-2542-6246</a>

**Иманбетов А.Н.<sup>a</sup> , Мускунов Қ.С., Атембеков Н.Р., Сармантаев А.С.,  
Жанғабыл М.С.**

Қарағанды Бекетов университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫң ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТЕРІН ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДА ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Иманбетов Аманбек Нуркасимович, Мускунов Қырықбай Сарсенбайұлы, Атембеков Нұржан Райханович, Сармантаев Аян Сапарович, Жанғабыл Марлен Саятұлы

**Бастауыш сыйнып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру  
сабактарында қалыптастыру**

**Аннотация.** Мақалада бастауыш сыйнып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастыру бойынша жүргізілген зерттеулердің нәтижелері туралы бағындалады. Сонымен қатар мақалада бастауыш сыйнып оқушыларында танымдық белсенділіктерін артыру бойынша ғылыми зерттеулер жүргізген ғалымдардың еңбектері сараланып, зерделенеді. Бастауыш мектептерде танымдық іс-әрекеттің басқа әрекет түрлерінен басты айырмашылығы – оку-үйрету үдерісі көзіндегі оқушының, білім алуға деген дербес іс-қимылдарын дамыту, соңдай-ақ олардың сана-сезімінің есіл-жетілігіне түрткі болатын танымдық іс-әрекетті үйретудің тиімді едіс-тәсілдерін іздеу бойынша талдаулар жасалады. Бастауыш оқушысының жас ерекшелігі мен танымына негізделген танымдық белсенділіктерді қалыптастыру бойынша жаң-жақты зерделеу жұмыстары жүргізілгенде айтылады. Танымдық белсенділік мәселе сі бойынша жүргізілген зерттеулер оқушының жұмыс істеу барысында өздігінен жоспарлау, бағдарлау, тексеру және қорытынды жасау, шығармашылық ойлау қабілетін талап ететін әрекеттер тізбегі екенін көттеген ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып ой түйінделеді. Жаалы бастауыш сыйнып оқушыларының танымдық белсенділігін дәнешшынықтыру жатыгулары, соның ішінде арнайы жатыгулар арқылы қалыптастыру жолдарын қарастыру оңтайлы деген пікірлер айтылып, жеке тұлғаның дара, езіндік ой санаасын қалыптастыруға, жеке тұғальық іс-әрекеттің шындарап, оны шығармашылық ізденіске бастайтыны анықталып отыр.

**Түйін сөздер:** дәнешшынықтыру, оқушылар, бастауыш мектеп, таным.

Imanbetov Amanbek Nurkasimovich, Muskunov Kyrykbay Sarsenbayevich, Atembekov Nurzhan Raihanovich, Sarmantaev Ayan Saparovich, Zhangabyl Marlen Sayatovich

**Formation of cognition activiti of primary school students in physical education lessons**

**Abstract.** The article discusses the results of the conducted research on the formation of cognitive activity of younger schoolchildren. The article will also analyze and study the works of scientists who conducted scientific research on improving the cognitive activity of primary school students. The main difference between cognitive activity and other types of activity in primary schools is that an analysis is carried out on the development of independent activity of a student in the process of learning to acquire knowledge, as well as the search for effective methods and techniques of organizing cognitive activity that stimulate the growth and improvement of his consciousness. It is noted that a comprehensive research work has been carried out on the formation of cognitive skills based on the age and cognitive characteristics of the younger student. Based on the work of many scientists, it is concluded that the research conducted on the problem of cognitive activity is a sequence of actions that require independent planning, orientation, verification and conclusion, creative thinking in the process of student work. It is considered to be optimal to consider ways of forming the cognitive activity of primary school students through physical exercises, including special exercises, which contributes to the formation of an individual, independent mental consciousness of the individual, exacerbates personal activity and launches it into a creative search.

**Key words:** physical culture, students, primary school, cognition.

Иманбетов Аманбек Нуркасимович, Мускунов Қырықбай Сарсенбаевич, Атембеков Нұржан Райханович, Сармантаев Аян Сапарович, Жанғабыл Марлен Саятович

**Формирования познавательной деятельности учащихся младших классов  
на уроках физической культуры**

**Аннотация.** В статье рассматриваются результаты проведенного исследования формирования познавательной деятельности школьников младших классов. В статье также будут проанализированы и изучены работы ученых, проводивших научные исследования по улучшению познавательной деятельности учащихся начальных классов. Основное отличие познавательной деятельности от других видов деятельности в начальной школе состоит в том, что проводится анализ развития самостоятельной деятельности учащегося в процессе обучения приобретению знаний, а также поиск эффективных методов

и приемов организации познавательной деятельности, стимулирующей рост и совершенствование его сознания. Отмечается, что проведена комплексная исследовательская работа по формированию познавательных умений с учетом возраста и познавательных особенностей школьника младшего класса. На основе работ многих ученых делается вывод, что исследование, проводимое по проблеме познавательной деятельности, представляет собой последовательность действий, требующих самостоятельного планирования, ориентации, проверки и вывода, творческого мышления в процессе работы учащихся. Оптимальным считается рассмотреть способы формирования познавательной деятельности учащихся младших классов посредством физических упражнений, в том числе специальных, что способствует формированию индивидуального, самостоятельного психического сознания личности, обостряет личностную активность и запускает ее в творческий поиск.

**Ключевые слова:** физическая культура, учащиеся, начальная школа, познание.

**Негізгі ережелер.** Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дene шынықтыру сабактарында түрлі дамыту жаттығулары арқылы қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалды, яғни «танымдық белсенділік», «белсенділік», «таным» ұғымдарының мәні нақтыланды.

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастыру түсінігінің сараланып, бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастыру мақсатында денешынықтыру сабактарында пайдаланудың педагогикалық мүмкіндіктері қарастырылды, дene шынықтыру сабактарында жасалатын жаттығулар арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастыру жанжақты қарастырылды.

Сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дene шынықтыру сабактарында денешынықтыру жаттығулары арқылы қалыптастырудың мазмұны анықталған, бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дene шынықтыру сабактарында қалыптастырудың формалары мен әдістері таңдалған, бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дene шынықтыру сабактарында қалыптастырудың формалары мен әдістері беріліп отыр.

**Кіріспе.** XXI ғасыр – бұл білімділер мен заманауи білім мен ғылымның қарқынды дамыған ғасыры. Сондықтан, заманымызға сай дені сау, денсаулығы мықты, ой-өрісі жоғары, дene бітімі жан-жақты және дұрыс жетілген, саналы ұрпақ қалыптастыру- еліміздің алға қойған басты міндеттерінің бірі. Яғни, мектеп табылдырығын жаңа аттаған төменгі сынып оқушыларының тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін фактордың бірі болып саналатын денешықтырудың маңызын түсіне білуіміз керек. Ол үшін дene шынықтыру сабактарында пайдаланылатын жаттығуларды кіріктіре біліп, оқушылардың спорттық шеберліктері мен дene әлеуеттерін арттырып, сонымен қатар өз жері мен елін қорғай алатын ұлтжанды, ұлттық на-

мысы мол жігерлі тұлғаларды тәрбиелуе керек. Олардың құмыл-қозғалыс біліктіліктері мен дағдыларын, танымдық белсенділіктерін қалыптастыруды денешынықтыру жаттығулары арқылы жоспарланған міндеттерді жүзеге асыру жолдарын қарастыру керек.

Танымдық белсенділікті дамыту мәселесі педагогикадағы басым міндеттердің бірі болып табылады. Оған психологиярдың, философтардың әртүрлі зерттеулерінде, ғылыми трактаттарында берілген көптеген түсіндірмелер, нақтылаулар, көзқарастар, уақыт өте келе педагогиканың өзекті мәселесі екендігі байқалып отыр.

Ұлы ойшыл әл-Фараби таным мәселесін ақыл туралы ілімді басшылықта ала отырып зерттейді. Философ таным теориясын ғылыми жолмен түсіндіруде психологиялық проблемаларды камтиды, атап айтқанда, түйсіктің болмысы адамдардың сезім мүшелеріне байланысы; жан қуатының және адам қабілетінің жалпы сыйбасын танудың түйсік арқылы және ойлау арқылы екі негізгі формасы туралы айтады.

Фарабидің таным туралы ілімінің негізгі мақсаты – ғылымды көтеру, философия мен діннің іс-әрекетін даралау, танудың ғылыми эксперименттік-теориялық, табигат туралы білімдерді математикаландыру әдістерін жасау және дамыту деп атап өтеді [1].

Денешынықтырудың танымдық белсенділік пен дербестік дегеніміз, баланың танымдық іс-әрекетінің тән белгілері және сонымен бірге оның өзгеру үдерісінде қоршаған ортаны тану қабілеті окуши баланың маңызды қасиеттері болып табылады. Бұл қасиеттер субъектінің білуге эмоционалды-еріктік, моральдық және интеллектуалдық дайындығы ретінде анықталады. Әдетте бұл ақыл-ой қүштерінің кернеуі, бастаманың көрінісі, танымдық қызығушылық, білім мен дағдыны игеруге күш салу ретінде анықталады.

Белсенділік-бұл материалдық әлемдегі өзара әрекеттесу тәсілі, қоршаған шындықта күрделі және әр түрлі өзгерістер тудыратын мүмкіндіктерді іске асыру, іс-әрекеттің нысаны

бала отырып, сонымен қатар оның субъектісі ретінде жеке тұлғаның іс-әрекеті. Осындай өзгерістердің бірі-адамның жеке басының интегралды қасиеті ретінде танымдық белсенділіктің әртурлі деңгейлерінің пайда болу мен дамуы.

Біз зерттеуімізде деңешшынықтыру сабактарындағы белсенділікті субъектінің іс-әрекет үрдісіне қатынасы арқылы көрінетін сапалық сипаттамасы ретінде нақтылаймыз.

Іс-әрекет пен белсенділік ұғымдарының арақатынасын ажыратуда оларды эквивалентті немесе ұқсас деп немесе белсенділікті іс-әрекет түрі ретінде, сондай-ақ белсенділікті іс-әрекеттің сапалық сипаттамасы ретінде қарастыратын әртурлі көзқарастар да бар.

Аристотель, Платон және Сократ секілді ежелгі Грекияның философтары да танымдық белсенділік, оның ішінде баланың танымы төнірегінде әнгіме қозғаган. Яғни, бұл мәселе туралы айтылған ойлар мен пікірлер ежелден бастау алғанын байқаймыз. Сонымен қатар, қазақ халқының ұлы ойшылдары әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Йұғнекилер де баланың дүниеге келген соң жан-жағын танып-білу мәселелері туралы құнды пікірлер айтқан [2].

**Зерттеу мәселесі,** бір жағынан, елімізде дені сай азаматтарды бәсекеге қабілетті етіп дайындау қажеттілігі, оқушы баланың танымдық белсенділігін қалыптастыру, екінші жағынан, осы мәселені іске асырудың ғылыми-теориялық аспектілерін жеткіліксіз зерттелуі арасындағы қарама-қайшылықтар жатыр. Аталған мәселені өз зерттеулерінде көптеген ғалымдардың өз зерттеулеріне арқау болған А.Ж Едігеннова [3], Б.Т. Абыканова [4], Н.К.Ахметов [5] және т. б.

**Зерттеу нысаны -** Деңешшынықтыру сабағы.

**Зерттеу пәні -** деңешшынықтыру сабағында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру.

**Зерттеу мақсаты** – оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудағы тиімділігін анықтау.

**Негізгі болім.** Жалпы танымдық белсенділік ұғымы жөнінде ғылыми еңбектерде бірқатар анықтамалар берілгенін зерттеу жұмысынызды жазу барысында айтып өттік. Сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларының деңешшынықтыру сабактарында танымдық белсенділіктерін әртурлі құралдар арқылы қалыптастыру, дамыту, арттыру мәссесі жайлы зерттеуен отандық ғалымдардың диссертациялық жұмыстарында «танымдық белсенділікке» берген авторлық анықтамаларын ұсынуды жөн көріп отырмыз.

Танымдық белсенділік ұғымын және оның белгілері мен қасиеттерін сипаттамайтын анықтамалар баршылық. Көптеген ғалымдар

баланың танымдық белсенділігіне мынадай анықтама береді: танымдық белсенділік – бұл білім алушының өзіне беймәлім ортаға түскен кезде барлық қуат-күшін жұмсап әрекет ету деңгейі [6].

А.А.Балаев танымдық белсенділік «нысанды өзгертуге және алға қойылған міндет пен мақсатқа жетуге бағытталған» жеке қасиеті бар және «окуға деген ұмтылыспен, ақыл-ойын жұмылдырумен және ерік-жігердің көрінісімен сипатталатын білім алушының белсенді жағдайы» көрініс беретін адамның таңдамалы әрекеті ретінде анықтама береді [7].

Танымдық белсенділікті арттырудың негізі-ақыл-ой мен практикалық әрекеттердің байланысын айқындаі келе, психолог С.Л. Рубинштейн сана мен іс-әрекет бірлігінің бұл принципін «Нақты адам санасын мотивтерден туындастырын және саналы мақсатқа бағыттаған іс-әрекеттен ажыратуға болмайды» тұжырымдаған болатын [8].

Танымдық белсенділіктің қозғауши күштері ретінде ғалымдар іс-әрекеттің пәні (А.Н. Леонтьев), ішкі пайымдаулар, идеялар, қажеттіліктер, мүдделер, нанымдар (Л.И. Божович), оқу іс-әрекетінің ішкі және сыртқы факторларының қарама-қайшылықтары және оларды жөнуге деген ұмтылыс (Н.А. Менчинская) сипатындағы әртурлі факторларды атап өтеді.

Таным мен танымдық белсенділік құбылыстарын зерттеген және зерделеген қазақстандық ғалымдар санаулы ғана десе де болады. Отандық ғалым А.С.Мустоярова қазіргі уақыттағы жоғары сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын зерттеуде. Оның пікірі бойынша, белсенділік – жеке тұлғаның болмысы мен бітімінің сан-қырлы болмысы. Ол адамның сезімталдығының, танымының және ерік-жігерінің он нәтижесі. Бір нәрсені тануға деген итермелуеші күш пен дербес қызығушылық, танымға деген тұрақты құлшынысты айқындауды және танымдық іс-әрекетке бейімдейді [9].

Танымдық белсенділікке анықтама беретін болсақ, ол жалпы белсенділіктің құрамдас бөлігі іспеттес және ақыл-ой белсенділігінің ерекше бір түрі. Бұл дамып келе жатқан тұлғаның құрделі интегралдық сапасы. Ол жай оқу іс-әрекетінен ерекшеленеді, ейткені соңғы кезде оқушының жұмысы репродуктивті әрекетке дейін азаяды. Танымдық белсенділік- бұл оқушының өнімді, шығармашылық деңгейдегі өзіндік қызметі ретінде көрінеді [10].

Жеке тұлға ретінде қызмет субъектінің айрықша жағдайын және оның қызметке қатынасын

білдіреді (ұқыптылық, орналасу, жалпы үдеріске тіkelей қатысу, қызмет жағдайларының өзгеруіне тез жауап беру). «Оқу танымдық белсенділігі мынадай көрсеткіштер болған кезде көрсетіледі: таным объектілеріне деген көзқарастың селективтілігі; нысанды таңдағаннан кейін шешілуі қажет мақсатты, міндепті қою; нысандағы мәселені шешуге бағытталған кейінгі іс-әрекетте қайта құру; жаңа білімді игеруге ұмтылу; мақсатты ұғыну; құралдарды шығармашылық іздестіру және койылған мақсатқа қол жеткізу үшін осы құралдарды қолдану; зейіннің ширығуы, шоғырлануы және орнықтылығы; ерікті күш-жігер; белсенді ойлау қызметі; адамның білім алу; бастамашылдығы [11].

Сонымен қатар танымдық белсенділік – оқушының білім алуға және жаңа білім негіздерін игеруге деген ынта-жігерінің, құлшынысының ерекше сипаты. Ортақ танымдық іс-әрекеттің басқа әрекет түрлерінен басты айырмашылығы – оқу-үйрету үдерісі кезіндегі оқушының білім алуға және дербес әрекет етуіне деген құлшынысын ояту, сана-сезімін дамыту және оның өсіп-жетілуіне түрткі болатын танымдық іс-әрекетті үйлемдастырудың тиімді әдіс-тәсілдерін іздеу. Терен білімге негізделген танымдық біліктіліктердің қалыптасуы, оқушылардың зияткерлік түрғыдан белсенді ойлау қабілеттерін жандандырып, шығармашылық ізденіске жетелейді.

Жоғары (шығармашылықты) танымдық белсенділік білімге деген ұмтылышпен, ақыл-ой қарқынымен және білім алушының моральдық ерік-жігерінің көрінісімен сипатталады. Жоғары белсенділіктің маңызды белгілеріне белгілі бір танымдық нәтижеге қол жеткізуге бағытталған бірқатар дәйекті және өзара байланысты әрекеттерді орындау жатады. Танымдық белсенділіктің осы деңгейінің қалыптасу критерийі білім алушының зерттелетін құбылыстар мен үдерістерді түсінуге қызығушылығы, танымдық іс-әрекет үдерісінде мәселенің шешімін өздігінен іздеу, танымдық мақсаттылық, құзыреттілік және т.б. болуы мүмкін.

Танымдық іс-әрекеттің осы деңгейіне сәйкес келетін көрсеткіші, оқушының жоғары ерік-жігерінің сипатын айқынтайтын. Сонымен қатар, ол жинақтала білу, жауапкершілік, алдына қойған мақсатқа жетуге деген табандылықты, жаңа нәрсени танып-білуге деген ұзақ мерзімді қызығушылық десе де болады. Әдетте ондай белсенділік деңгейі шығармашылық жан-жақтылық және білім берудің жаңа әдістерімен қамтамасыз етіледі [12].

Танымдық белсенділіктің орта деңгейін (іздестіруші) танымдық іс-әрекет етуге қажеттілігі мерзімдік көрініс беретін танымдық іс-әрекет. Бұндай оқушыларға немісрайдышық, қалыптасқан жағдайларға тәуелділік, бастамашылдықтың болмауы тән.

Танымдық белсенділіктің төмен (репродуктивтік) даму деңгейін айқын білінетін мотивтердің болмауы, іс-әрекеттегі енжарлық, алған білімдерін тәжірибеде іске асыруға құлықсыздығы сипаттайтын.

Осылайша, танымдық белсенділік оқушылардың белсенді жағдайы ретінде ғана емес, сонымен қатар осы әрекеттің сапасы ретінде қарастырылады.

Демек, жеке тұлғалар білімді игеру үрдісінде танымдық белсенділіктің жоғары деңгейіне жеткенде табиғи нәтиже алынған білімнің сапасын арттырады.

Қазақстандық педагог ғалымдар оқушылардың танымдық белсенділігін дамытудың негізін қарастырган және олардың танымдық белсенділігін қалыптастыру мәселесін оқу үрдісінде қарастырып, оны шешудің жолдарын көрсеткен.

Атап айттын болсақ, Т.С. Сабыров оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруда оқытудың әдіс-тәсілдерінің дидактикалық жүйесін тиімді қолданудың негізі туралы сөз етсе, Т.И. Қоқымбаева оқушылардың танымдық белсенділігін дамытуда халық педагогикасы құралдарын тиімді пайдаланудың теориялық мәнін ашууды зерттеген.

Мектеп табалдырығын енді аттаған оқушылардың танымдық ізденістерін белсендендіру мәселелерін Ж.Ж. Айтпаева өзінің ғылыми жұмысында зерттеді. Ал А.С. Мустояпова қазіргі кезеңде білім беру үйимдарында оқытын жоғары сыйнып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын қарастыргандығын жоғарыда атап өткен болатынбыз. Н.А. Дарханов заманауи үлгідегі мектеп жасындағы балалардың белсенді танымдық құмылдарының үлгісін құрып, оның өзіндік айырмашылықтары мен деңгейлерін анықтады. Оқыту мен үйрету кезінде танымдық белсенділікті дамыту мәселелерін шешудің түрлі жолдарын көрсеткен ғалымдар мыналар:

- оқушы мен ұстаздың бірлескен әрекеті арқылы ;
- танымдық әрекетті қалыптастыруда өздік жұмысты үйимдастыру мен оқу міндептерін ірікеп шешу арқылы;
- танымдық белсенділікті дамыту арқылы;

- оқу іс-әрекетін бақылауды дамыту арқылы;
- компьютерлік технологияны пайдалану арқылы танымдық белсенділікті арттыру.

Зерттеу барысында «танымдық белсенділік» ұғымының мағынасын ашу мақсатында ғылыми әдебиеттерде қазақстандық ғалымдардың берген бірқатар анықтамаларын жинақтадық. Ғалымзерттеушілер Т.С.Сабыров, А.Ф.Қазмағамбетов, А.Е. Әбілқасымова және т.б. еңбектеріндегі танымдық белсенділік туралы айтқан тұжырымдарын ұсынамыз. Ғалымдар адамның танымдық белсенділік қасиетін оқу-ісі әрекеттерінің нәтижесі немесе белгілі бір дәрежеде сипатты ретінде көрсетуге тырысады. Сонымен қатар, таным белсенділігін, білім мен біліктілікти игеру деңгейі тұрғысынан да қарастырган.

Отандық ғалым А.С. Мустоярова жогары сыйнып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастыру мәселелерін қарастыра келе, қолданысқа ие болуы керек педагогикалық шарттарын ұсынды. Ғалым анықтама бере келе, белсенділік дегеніміз, жеке тұлғаның бойындағы сан-алуан дербес ерекшеліктердің жынытығы, танып-білуге деген үмтүлікі деген. Ол адамнан өзіндік бір деңгейдегі сезімталдық, таным мен ерік жігерін қажет ететіндігін көрсетеді. Яғни, танымға деген жүйелі тұрдегі құлышының да белсенділік деп айтуға болады [13].

Танымдық белсенділік мәселесі бойынша жүргізген зерттеу жұмысымыздың барысында танымдық белсенділік ұғымына ғалымдардың көзқарастары әртүрлі екенін байқадық. Зерттеуші-ғалымдардың бірқатары танымдық белсенділік – жеке тұлғаның қасиеті, екіншілері – қабілеті, үшіншілері – бейімділігі мен қажетсінуі деп түсіндіреді.

Сонымен оқушының танымдық белсенділігі балалардың жұмыс істеу барысында өздігінен жоспарлау, бағдарлау, текстеру және қорытынды шығару, шығармашылық ойлау қабілетін талап ететін әрекеттер тізбегі екенін көптеген ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып түсіндік әрі оқушылардың танымдық белсенділіктерін оқу және тәрбие құралы ретінде қарастырган еңбектерде баршылық екеніне көзіміз жетті [14].

Жалпы орта білім беру мекемелерінде оқушылардың білім алуға деген қызығушылығын оятса және олардың танымдық белсенділіктерін жүйелі түрде арттырып отыrsa, онда шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасалды және білім беру саласының алдына қойылған мақсат орындалды деген сөз. Денешынықтыру пәні мұғалімнің қысқа мерзімді жоспарында дайындаған материалын түсіну үшін оқушы

зейін қойып тындалап, алған білімін терендетіп толықтыру үшін жазу, өздігінен дайындалу, бақылау, тәжірибе жасау сияқты жұмыстар атқарып белсенділік танытуы керек. Себебі кез келген жаңа материалды менгеруде, жаңадан білім алуда, оның дағыларын үйрену белсенділіксіз мүмкін емес. Яғни балалардың белсенділігі оқу үрдісінің барлық кезеңінде керек. Дегенмен бастауыш сыйнып жасындағы балаларда танымдық белсенділік танымдық әрекеттің негізінде қалыптасады.

Сондықтан денешынықтыру сабактарында тәменгі сыйнып оқушыларының танымдық белсенділігінің деңгейлерін келесідей үш дәрежеге бөліп әрекет жасауға болатыны көріп отырымыз:

Бірінші деңгей – репродуктивті белсенділік.

Баланың бойындағы білімін ұштауға деген құлышыныстың болмауы белсенділіктің бірінші деңгейіне сай келетін нәтиже. Ал ол оқушының білім негіздерін түйсінуге, оны есте сақтап, білімділікті арттыруға, басқалардың ұсынған немесе өзі жасап шығарған үлгі негізінде қолдануға деген үмтүлікісімен сипатталады. Бұл білім деңгейі оқушының ерік-жігер сапасының тұрақсыздығы, оқушылардың өз білімін терендетуге деген қызығушылығының тәмен болуы, тіпті «бұл не үшін керек?» деген секілді сұрақтың мағынасын түсінбеуінен туындаиды. Яғни, баланы танымдық белсенділікке деген белгілі бір әрекеттерінің тәменгі деңгейде болса, ол олқылықтың орнын түзететін әдіс-тәсілдер қолданып, ынталандыру жұмыстарын жүргізу керек.

Екінші деңгей – түсіндіру әрекеті.

Түсіндіруші белсенділік баланың өзі игерген дағды негіздерін зерделеуге, оның зерттеу үстіндегі оқу материалының мазмұны мен мағынасын білуге деген белгілі ұғымдармен тоғызына, білімін қажетті уақыттарда қолдану жолдарын игеруге деген үмтүлікісінан байқауға болады. Сондай-ақ қатар айналасында болып жатқан құбылыстар мен үдерістер арасындағы өзара байланысты білуге, білімді шындаған жағдайларда қолдану тәсілдерін менгеруге деген үмтүлікісімен байқауға болады. Ал сипаттамалық көрсеткіш бұл: ерікті құш-жігердің үлкен тұрақтылығы, бұл оқушы жасалған жұмысты соңына дейін жеткізуғе тырысуы, қыын жағдайда тапсырманы орындаудан бас тартпау, оны шешу жолдарын қарастыру. Яғни орташа деңгейде іс-әрекет мұғалімнің қолдауымен орындалады, мұнда мұғалім танымдық тапсырма беріп, оның орындалуын бакылайды немесе оқушыға орындалу тәсілдерін түсіндіреді.

Үшінші деңгей – шығармашылық.

Бала тапсырманы орындау уақытында пайда болған мәселені шешудің жаңа жолдарын іздеңстірге белсенді кімыл-қозғалысы, оның шығармашылық белсенділігінің дәрежесін сипаттайты. Шығармашылық белсенділік дәрежесі қызығушылық пен құбылыстардың мән-мағынасы, олардың өзара байланыстарына терең зерттеуді және сол мақсатқа қол жеткізудің жолдарын қарастырумен айқындалады. Өзіне тәn ерекшелігі - баланың жоғары ерік-жігерінің көрінісі, көздеген мақсатқа жетуедеги табандылық және тұрақты танымдық қызығушылықтар. Белсенділіктің бұл деңгейі баланың өз тәжірибесінде не кездескенін және жаңа ақпаратты, жаңа құбылысты білетіндігі арасындағы сәйкесіздіктің жоғары дәрежесін қоздыру арқылы жеткізіледі. Бұл дегеніміз жоғары деңгейде танымдық міндеттерді өздігінше орындауды, тапсырмалардың жауабын табуда оңтайлы тәсілдерін қарастыра біледі және өздігінше анықтап, жол табады [15].


Бұл анықтамалардағы жалпы ұстаным- іс-әрекеттен тыс танымдық белсенділіктің мүмкін еместігіне көз жеткізетін танымдық белсенділік іс-әрекет арқылы сипатталады, іс-әрекеттен тыс танымдық белсенділік жоқ. Яғни, танымдық іс-әрекет танымдық белсенділіктің пайда болуы мен өсуінің қажетті шарты, сонымен қатар оның нәтижесі болып табылады.

Жоғарыда танымдық белсенділікті қалыптастыру мәселесі жайлы ғалымдардың айтқан пікірлерін қорытындылай келе, біз «танымдық белсенділікті - жеке тұлғаның танымдық іс-

әрекетінің қарқындылығымен, ұзақтығымен және жиілігімен сипатталатын үдеріс» ретінде нақтылаймыз.

Оқушылардың танымдық белсенділігі жеке және жас ерекшеліктерін есепке ала отырып үйымдастырылған таным үрдісінде пайда болатын, бекітілетін, дамитын жеке тұлғалық қасиет ретінде анықталады. Сондықтан оқу – мектеп жасындағы балалардың негізгі таным әрекеті. Оқушылардың таным үдерісі – өзіндік ерекшелігі бар құрделі психикалық үдеріс. Оқушы білмеуден білуге талпынғанда түрлі кедергілерге ұшырау барысында оны жену, шешу нәтижесінде оқу міндеттері жүзеге асырылады. Демек, белсенділік білім беру нәтижесінде оқушының мақсатына жету әрекеті деп түсінуге болады. Өйткені танымдық белсенділік – оқу үдерісінің қозғаушы күші, ол оқушылардың өнімді жұмыс істеуіне тікелей әсер етуіне байланысты оқыту мақсатына жету құралы деп қарастыруға болады.

Ойымызды бір қорытындылайтын болсақ, танымдық белсенділік – бұл баланың жаңа нәрсені танып-блу және игеруге деген белсенді іс-әрекеті. Танымдық белсенділік – танымдық қажеттілік, итермелевші күш, мақсат және іс-әрекетті жүзеге асырудың амал-тәсілдерінен тұрады. Балалардың танымдық қызығушылығы, танымдық ізденімпаздығы, осы танымдық белсенділіктің арқасында қалыптасады, дамиды және, оқу-үйрену үдерісінде шәкірттердің танымдық белсенділіктерінің нәтижесінде іске асырылады (1-сурет).



1-сурет – Таным, белсенділік, танымдық ұғымдарының өзара байланысы

Жоғарыда танымдық белсенділікті қалыптастыру мәселесі жайлы ғалымдардың айтқан пікірлерін қорытындылай келе, біз оған мынадай анықтама бердік: «танымдық белсенділік - жеке тұлғаның танымдық іс-әрекетінің қарқындылығымен, ұзақтығымен және жиілігімен

сипатталатын үдеріс» ретінде нақтылаймыз, ал бастауыш сыныптағы балалардың танымдық белсенділігі дегенді оқушының оқу мазмұны мен үрдісіне деген көзқарасында, білім мен дағдыларды оңтайлы игеруге деген ұмтылышында, мақсатқа қол жеткізу үшін ерік-жігер күштерін

жұмылдыра алуында көрініс беруін оқу іс-әрекетінің сапасы деп айтамыз.

Жоғарыда аталған ұғымдарды мазмұны жағынан талдай және нақтылай отырып, тәменгі сыныптағы балалардың танымдық белсенділіктерін денешынықтыру сабактарында қалыптастыру үшін, олардың денешынықтыру туралы білімдерін тереңдеген керек деген пікір білдіреміз. Сонымен дene дайындығы жаттығуларының пайда болу және даму тарихына зер салып, жаттығулардың мәні мен мағынасын түсіне білу, дene қабілеттерін арттырудың маңызын сезіну керек деген пікірдеміз. Сол арқылы оқушылардың танымдық және шығармашылық белсенділіктерін арттыруға болады. Ол үшін оқушының дene бітімін қалыптастыру отырып, денешынықтыру сабагы үдерісінде қолданылуының ретін білу абзal деп ойлаймыз.

Белгілі бір ойын түрін әrbіr баланың са-насында нық орнықтыру үшін, мақсатымызға қол жеткізетін қызықты да, оңтайлы әдістерді қолдануымыз керек. Ол үшін бірінші кезекте ойындарды мазмұны мен күрделілігіне қарай, сондай-ақ балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, бастауыш сынып оқушыларына арналған ойындарды ірікте алдық.

Біздің пайымдауымызша, бастауыш сынып оқушыларынан танымдық белсенділікті жетілдіру келесі қағидалар негізінде жүзеге асырылуы тиіс:

- оқу үдерісін жақсарту бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастыру қажеттіліктерін қанағаттандыру;

- оқу үдерісі танымдық белсенділіктін негізі болып табылатын бастауыш сынып оқушыларының бейнелі ойлауының белсенді дамуы негізінде жүзеге асырылу;

- оқу үдерісін үйімдастыруды оқу үдерісін бастауыш сынып оқушыларының дербес, өзбетті танымдық іс-әрекетінің маңызын арттыру;

- оқу үдерісін бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігінің сыртқы мотивациясын ғана емес, ішкі мотивациясын өзектендіру және дамыту;

- оқу үдерісін үйімдастыру бастауыш сынып оқушыларының іс-әрекетін бағалауда формализмге жол бермеу;

- тәменгі сыныптағы балалардың танымдық белсенділігін мұғалімнің тарапынан әрдайым қолдау көрсету;

- оқу үдерісін үйімдастыруды белсенді оқыту әдістеріне барынша сүйену;

- тәменгі сыныптағы балалардың танымдық әлеуетін жүзеге асырудың қажеттіліктерін

қанағаттандыруды ғылыми-зерттеу жұмыстарына жұмылдыру.

Сондай-ақ тәменгі сынып оқушы балаларының танымдық белсенділіктерін денешынықтыру сабактарында қалыптастырып, оқытудың мазмұнын анықтауда және қалыптастырудың тиімділігін іске асыру үшін педагогикалық шарттар жүйесін жасау қажеттілігі туындайды. Бұл өз кезегінде дene шынықтыру сабактарында бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін арқылы қалыптастырудың мүмкіндіктері қарастырылады.

Балалардың танымдылығын арттыру мақсатында тәмендегідей әдістемелерді қолданып жұмыстар жүргізілді. Мұндай жаттығулар жас ерекшеліктеріне қарай берілді.

Бастауыш сынып оқушыларына мынадай ой-ындарды үйімдастырып өткізу ұсынылады.

Бастауыш сынып оқушылары саптан шығып шеңбер жасап тұрады. Оқушы өзінің қасындағы оқушыны есінде сақтап, қарап алуы тиіс. Мұғалімнің алғашқы белгісі бойынша, спорт залының жан – жағына тараپ кетеді (белгі: ысқырыш арқылы беріледі).

Екінші белгі бойынша шеңберге бастапқыда қай орында, қай оқушы кімнің қасында тұрды соны есінде сақтап, қайта шеңбер жасап тұру қажет. Тұрган орынын таппаған оқушылар ой-ыннан шығарылып отырады.

Келесі танымдық жаттығуларда оқушылар спорт залда шеңбер жасап тұрады. Мұғалім дene сапаларын білдіретін аңдарды ымдап бейнелейді, оқушылар соны қайталап қимыл жасаулары қажет. Қоян болса секіреді, кенгеру болса қосаяқпен секірере т.б. Осылайша қимыл әрекеттері арқыры танымдық белсенділіктерін арттыруп, дeneлерін шынықтырады.

Міне осындағы жаттығулар арқылы дene шынықтыру сабактарында бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктері арта түседі. Бұл әрине жас ерекшеліктеріне сай жаттығулар күрделене түсетіні белгілі.

**Қорытынды.** Қорытындылай келе, дene шынықтыру сабактарында бастауыш сынып оқушыларының дene қозғалысы үздіксіз білім беру жүйесінің барлық сатысы үшін дene тәрбиесінің алғы шарты болып есептелеңдігі анықталды. Сонымен қатар бірқатар педагогикалық ережелер мен принциптерге сүйенетін болсақ, бұл мақсатқа жетуге болатындығы қоруге болады. Жоғарыда айтылғандардың бәрі бастауыш сынып оқушыларының дene қозғалысын үздіксіз білім беру жүйесін дамыту мен жеке тұлғаны

қалыптастырудың қазіргі кезеңіндегі талаптарына сай келеді. Ал, мұнда ең бастысы бұл денешынықтыру мәселесінде төменгі сынып оқушы балаларының танымдық белсенділігін арттыруды қажет етеді.

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін денешынықтыру сабактары арқылы қалыптастыруға келсек, оны да жасаушылар ғылыми орта болып табылады. Алайда бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін денешынықтырудың әртараптылығы сондай, ол оқушының қимыл қозғалысына ғана емес, ақыл-ойының бірдей артуына, қиялын, жеңіске деген құштарлына негізделуі қажет. Мұнда адами қасиеттің бәрін іргелендіруге бағытталған ой ғана емес, адами мінез- құлықты жоғарлатуға бағатталған психологиялық-педагогикалық өзегінде қалыптастыруға болады.

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін денешынықтыру сабактарында қалыптастыруға таңдалынып алынатын жаттығулардың сапаларымен ұтымды болаты-

ны дәлелденеді. Денешынықтыру жаттығулары, сонымен бірге оймен келетін ойындарды сабактарда, сабактан тыс тәрбие жұмыстары үрдісінде дидактикалық материал ретінде оның элементтерін тиімді қалыптастыру, баланың өзін-өзі сезінуге, басқалардан өзін бөлектеп алуға, өзінің жеке тұлғалық эмоциясын тәрбиелей түсуге деген бағытын көрсетеді.

Сөйтіп, бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін денешынықтыру жаттығуларын, соның ішінде арнайы жаттығулар арқылы қалыптастыру жолдарын қарастыру оңтайлы жағдайлар туғыздады. Танымдық белсенділікті арттыру жүйесін дамытуға және жеке тұлғаның дара, өзіндік ой санасын қалыптастыруға, жеке тұлғалық іс-әрекетін шындаپ, оны шығармашылық ізденіске бастайтыны туралы ой толғаныстар жасалды. Бұл жүйедегі бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін арттырудығы тағы бір ерекшелігі танымдық белсенділікке оңтайлы әсер ететіндігінде деген ой корытамыз.

## Әдебиеттер

1. Эбу Насыр әл-Фараби: 7 томдық жинағы. - Алматы: RS; Халықаралық Абай клубы, 2019.
2. Коробова Е.В. Формирование познавательной активности студентов экономических специальностей средствами игровых технологий: на опыте обучения иностранному языку и во внеаудиторной работе: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01. / Московский государственный областной университет. – М., 2003. – 215 с.
3. Едігенова А.Ж. Бастауыш сынып оқушыларының қазақ халық әртегілеріне танымдық қызығушылығын арттыру: 13.00.01: пед. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2004. – 32 с.
4. Абыканова Б.Т. Компьютерлік технологияны пайдалану арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың дидактикалық шарттары: 13.00.01: пед. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2005. – 32 с
5. Ахметов Н.К. Теория и практика игрового обучения в подготовке учителя: дис. ... док. пед. наук: 13.00.01. – Алматы, 1996. – 196 с.
6. Byram M., Fleming M. Language Learning in Intercultural Perspective: Approaches Through Drama and Ethnography. – Cambridge, 1998. – 320 р.
7. Балаев А.А. Активные методы обучения. – М., 1986. – 94 с.
8. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – СПб.: Питер, 2004. – 713 с.
9. Мустоярова А.С. Қазіргі кезеңде жоғары сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: 13.00.01: пед. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2003. – 32 с.
10. Ахмедбекова Р.Р. Национально-региональный компонент как условие формирования познавательной активности младших школьников: дисс. ...канд. пед. наук: 13.00.01. / Дагестанский государственный педагогический университет. – Махачкала, 2011. – 197 с.
11. Вяткин Л.Г., Ольнева А.Б. Развитие познавательной самостоятельности и творческой активности педагога: учеб. пос. – Саратов: Науч. кн, 2003. – 194 б.
12. Шамова Т.И. Активизация учения школьников: пос. – М., 1976. – 100 с.
13. Мустоярова А.С. Қазіргі кезеңде жоғары сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: 13.00.01: пед. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2003. – 32 с.
14. Иманбетов А.Н., Божиг Ж., Мускунов К.С., Сармантаев А.С. Үлттық қозғалмалы ойындар арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін арттырудығы модульдік оқыту технологиясы // Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. - 2022. - №1 (67). – Б. 58-68.
15. Бекнұрманов Н.С., Кудерiev Ж.Қ., Теміrbай Н.М., Үлттық қозғалмалы ойындардың бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастырудығы мүмкіндіктері // Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. – 2022. - №4 (70). – Б. 108-114.

## References

1. Әбу Nasyr әл-Farabi: 7 томдық zhinary. - Almaty: RS; Halykaralyk Abaj klubы, 2019.
2. Korobova E.V. Formirovaniye poznavatel'noj aktivnosti studentov ekonomicheskikh special'nostej sredstvami igrovых tekhnologij: na opyty obucheniya inostrannomu yazyku i vo vneauditornoj rabote: dis. ... kand. ped. nauk: 13.00.01. / Moskovskij gosudarstvennyj oblastnoj universitet – Moskva, 2003. – 215 s.
3. Edigenova A.ZH. Bastauysh synyp okushylarynuң kazak halyқ ertegilere tanyymdyk қузыfushylyfyn arttyru: 13.00.01: ped. fyl. kand. ... avtoref. – Almaty, 2004. – 32 s.
4. Abykanova B.T. Komp'yuterlik tekhnologiyany pajdalany arkyly okushylardyң tanyymdyk belsendiligin arttyrudyň didaktikalıq sharttary: 13.00.01: ped. fyl. kand. ... avtoref. – Almaty, 2005. – 32 s.
5. Ahmetov N.K. Teoriya i praktika igrovogo obucheniya v podgotovke uchitelya: dis. ... dok. ped. nauk: 13.00.01. – Almaty, 1996. – 196 s.
6. Byram M., Fleming M. Language Learning in Intercultural Perspective: Approaches Through Drama and Ethnography. – Cambridge, 1998. – 320 r.
7. Balaev A.A. Aktivnye metody obucheniya. – M., 1986. – 94 s.
8. Rubinshtejn C.L. Osnovy obshchej psihologii. – SPb.: Piter, 2004. – 713 s.
9. Mustoyapova A.S. Қазиргى кезеңде zhöfary synyp okushylarynuң tanyymdyk belsendiligin қalyptastyryduň pedagogikalyk sharttary: 13.00.01: ped. fyl. kand. ... avtoref. – Almaty, 2003. – 32 s.
10. Ahmedbekova R.R. Nacional'no-regional'nyj komponent kak uslovie formirovaniya poznavatel'noj aktivnosti mладших shkol'nikov: dis. ... kand. ped. nauk: 13.00.01. / Dagestanskij gosudarstvennyj pedagogicheskij universitet. – Mahachkala, 2011. – 197 s.
11. Vyatkin L.G., Ol'neva A.B. Razvitie poznavatel'noj samostoyatel'nosti i tvorcheskoj aktivnosti pedagoga: ucheb. pos. – Saratov: Nauch. kn, 2003. – 194 b.
12. SHamova T.I. Aktivizaciya ucheniya shkol'nikov: pos. – M., 1976. – 100 s.
13. Mustoyapova A.S. Қазиргى кезеңде zhöfary synyp okushylarynuң tanyymdyk belsendiligin қalyptastyryduň pedagogikalyk sharttary: 13.00.01: ped. fyl. kand. ... avtoref. – Almaty, 2003. – 32 s.
14. Imanbetov A.N., Bozhig ZH., Muskunov K.S., Sarmantaev A.S. Ylttyk қозғалмaly ojyndar arkyly bastauysh synyp okushylarynuң tanyymdyk belsendiligin arttyrudary modul'dik okyту tekhnologiyasy // Dene tərbiesiniň teoriyası men ədistemesi. - №1 (67). – B. 58-68.
15. Beknýmanov N.S., Kuderiev ZH.K., Temirbaev N.M., Ylttyk қозғалмaly ojyndardyң bastauysh synyp okushylarynuң tanyymdyk belsendiligin қalyptatsyrudary mymkindikteri // Dene tərbiesiniň teoriyası men ədistemesi. – 2022. - №4 (70). – B. 108-114.

<b>Хат-хабарларға арналған автор (бірінші автор)</b>	<b>Автор для корреспонденции (первый автор)</b>	<b>The Author for Correspondence (The First Author)</b>
<p>Иманбетов Аманбек Нұрқасымұлы, – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қарағанды Бекетов университеті, Қарағанды қ., Қазақстан, e-mail:aman_ imanbetov@mail.ru ORCID ID: <a href="https://orcid.org/0000-0003-0306-5734">https://orcid.org/0000-0003-0306-5734</a></p>	<p>Иманбетов Аманбек Нуркасимович – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, Карагандинский университет им. Е.А. Букетова, г. Караганды, Казахстан, e-mail: aman_imanbetov@mail.ru ORCID ID: <a href="https://orcid.org/0000-0003-0306-5734">https://orcid.org/0000-0003-0306-5734</a></p>	<p>Imanbetov Amanbek Nurkasimovich – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan, e-mail: aman_imanbetov@mail.ru ORCID ID: <a href="https://orcid.org/0000-0003-0306-5734">https://orcid.org/0000-0003-0306-5734</a></p>

<sup>1</sup>Kadyrbekova D.S.<sup>a</sup> , <sup>1</sup>Shalabayeva L.I. <sup>1</sup>Batyrbekova M.R.,  
<sup>2</sup>Yevloyeva A.S., <sup>1</sup>Dyussekeyeva E.T.

<sup>1</sup>Kazakh Academy of Sports and Tourism, Almaty, Kazakhstan  
<sup>2</sup>Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan

## SYSTEMATIC ANALYSIS OF THE EDUCATION AND TRAINING ROLE IN THE DEVELOPMENT OF ECOTOURISM

Kadyrbekova Dinara Serikovna, Shalabayeva Laura Ismailbekovna, Batyrbekova Madina Rinatkyzy, Yevloyeva Aza Sultanovna, Dyusekeeva Yerkegul Talgatovna

### Systematic analysis of the education and training role in the development of ecotourism

**Abstract.** The rapid growth of the tourism industry worldwide has opened up various opportunities for economic and social development. Among the various forms of tourism, ecotourism has been widely recognized for its respect for the environment and contribution to the well-being of local communities. The purpose of this article is to identify the key role of education and training in promoting the sustainable development of ecotourism. The results of the study confirmed that a well-structured educational system, including a curriculum that complies with the principles of sustainable tourism, practical experience and community involvement, plays an important role in the training of competent personnel for the ecotourism sector. In addition, the analysis highlights the need for joint efforts between academia, industry and government agencies to continuously improve educational programs that meet the changing requirements of ecotourism. This comprehensive study provides a framework for understanding the importance of a robust education and training infrastructure in advancing the goals of sustainable ecotourism, thereby contributing to a broader understanding of the sustainable development of the tourist landscape.

**Key words:** sustainable development, ecotourism, universities, education, training, educational programs.

Кадырбекова Динара Сериковна, Шалабаева Лаура Исмаилбековна, Батырбекова Мадина Ринатқызы, Евлоева Аза Султановна, Дюсекеева Еркегуль Талгатовна

### Экотуризмнің дамуындағы білім беру мен кәсіптік даярлықтың рөлін жүйелі талдау

**Аңдатпа.** Бұкіл әлемде туризм индустрисының қарқынды өсіу экономикалық және әлеуметтік даму үшін әртүрлі мүмкіндіктер ашты. Туризмнің әртүрлі формаларының ішінде экотуризм қоршаған ортанды қорғауы және жергілікті қауымдастырудың әл-ауқатына қосқан үлесі үшін көнінен танылды. Мақаланың мақсаты - экотуризмнің тұрақты дамуына ықпал етудегі білім беру мен кәсіптік даярлықтың негізгі рөлін анықтау. Зерттеу нәтижелері тұрақты туризм принциптеріне сәйкес келетін оқу бағдарламасын, практикалық тәжірибелі және қауымдастықты тартуды қамтитын жақсы құрылымдаған білім беру жүйесін әкотуризмнің үшін құзыретті кадрларды дайындауда маңызды рөл атқаратының растиғы. Сонымен қатар, талдау экотуризмнің, барлық талаптарына жауап беретін білім беру бағдарламаларын үнемі жетілдіру үшін академиялар, өнеркәсіп және мемлекеттік органдар арасында бірлескен құш-жігерді жолға қою қажеттілігін көрсетеді. Бұл жан-жақты зерттеу тұрақты экотуризм мақсаттарын ілерлітуде білім беру инфрақұрылымы мен кәсіби дайындықтың маңыздылығын түсінуге негіз береді, осылайша туристік ландшафттың тұрақты дамуы туралы көнірек түсінікке үлес қосады.

**Түйін сөздер:** тұрақты даму, экотуризм, университеттер, білім беру, кадрларды даярлау, білім беру бағдарламалары.

Кадырбекова Динара Сериковна, Шалабаева Лаура Исмаилбековна, Батырбекова Мадина Ринатқызы, Евлоева Аза Султановна, Дюсекеева Еркегуль Талгатовна

### Систематический анализ роли образования и профессиональной подготовки в развитии экотуризма

**Аннотация.** Стремительный рост индустрии туризма во всем мире открыл различные возможности для экономического и социального развития. Среди разнообразных форм туризма экотуризм получил широкое признание за бережное отношение к окружающей среде и вклад в благосостояние местных сообществ. Цель данной статьи – выявить ключевую роль образования и профессиональной подготовки в содействии устойчивому развитию экотуризма. Полученные результаты исследования подтвердили, что хорошо структурированная образовательная система, включающая учебную программу, соответствующую принципам устойчивого туризма, практический опыт и вовлечение сообщества, играет важную роль в подготовке компетентных кадров для сектора экотуризма.

Кроме того, анализ подчеркивает необходимость налаживания совместных усилий между академическими кругами, промышленностью и государственными органами для постоянного совершенствования образовательных программ, отвечающих меняющимся требованиям экотуризма. Данное всестороннее исследование обеспечивает основу для понимания важности надежной инфраструктуры образования и профессиональной подготовки в продвижении целей устойчивого экотуризма, тем самым внося свой вклад в более широкое представление об устойчивом развитии туристского ландшафта.

**Ключевые слова:** устойчивое развитие, экотуризм, университеты, образование, подготовка кадров, образовательные программы.

### Basic provisions:

- A brief overview of the global transition to sustainable tourism practices.
- Analysis of the current state of ecotourism education in Kazakhstan, identification of the main problems, including the lack of programs, insufficient practical training and the gap between academia and industry.
- «Recreational, sports and wellness tourism» program implementation by the Kazakh Academy of Sports and Tourism with an emphasis on the inclusion of the module «Ecotourism».
- Study of real initiatives, assessment of the role of practical experience and community participation in the education of comprehensively trained personnel for ecotourism.

**Introduction.** Tourism stands as one of the most expansive and rapidly expanding segments of the global economy, exerting a substantial influence over various spheres including the environment, culture, society, and economic domains. Recently, the pivotal role and the pressing need for the advancement of tourism ventures were highlighted in a directive from the head of state, K.K. Tokayev. This has necessitated the cultivation of skilled individuals well-versed in tourism dynamics. Gaining insight into the workings of tourism is instrumental in deciphering the interrelations between tourism and other sectors, reinforcing the notion that it operates as a multidisciplinary and interconnected industry. Furthermore, the sector continually garners attention from governmental agencies, urged by international bodies to integrate tourism into their economic agendas, attesting to its substantial role in economic strategization [1].

Currently, ecotourism is emerging as a foremost preference in the tourism landscape, propelled by heightened awareness and concern regarding the environmental repercussions of tourism activities. Ecotourism stands as a sustainable counterpart, mitigating adverse environmental effects while promoting conscientious travel habits. This branch not only facilitates a closer encounter with natural habitats but also fosters the initiatives aimed at environmental preservation.

Remarkably, there is a burgeoning trend in the number of ecotourists annually, a testament to the escalating consciousness about the imperative of safeguarding both natural and cultural heritage sites. Engaging in ecotourism also means delving into the heart of local communities, gaining an understanding of their customs, and contributing to their economic sustenance. This surge in ecotourism is indicative of a shifting preference amongst travelers towards more enriching and sustainable travel experiences that bear positive ramifications for both the environment and indigenous communities [2].

In this evolving narrative, ecotourism is progressively becoming an essential facet of contemporary tourism, steering it towards a path of sustainable development. Given the rising cognizance of ecological issues and a tilt towards eco-friendly practices, ecotourism is asserting itself as a vital constituent in the tourism strategies of numerous nations and territories [3].

However, to ensure ecotourism serves its purpose in nurturing and preserving the environment and cultural relics, it is imperative to foster a workforce adept in marrying tourism entrepreneurship with the principles of sustainable development. This discourse undertakes a meticulous scrutiny of the integral role universities hold in this endeavor. Universities emerge as pivotal entities in molding individuals for the ecotourism sector, a role that gains prominence as the demand for expertise in sustainable and environmentally responsible practices grows exponentially.

### Research goals:

Conduct a historical analysis of the research and growth of the ecotourism sector.

Review the current educational frameworks in place in the Republic of Kazakhstan.

Discern the issues and hurdles encountered by educational institutions in preparing individuals for careers in ecotourism.

The endeavor seeks to pinpoint optimal strategies and practices to foster the enduring success of ecotourism through superior training avenues, a strategy central to the preservation of natural assets and the facilitation of a remarkable tourist experience.

### **Methodology and Research Structure:**

Literature Review. The initial phase encompasses a comprehensive examination of literary sources, encompassing academic publications and scientific documents pertinent to ecotourism, pertinent training and education, and the doctrines of sustainable development, thereby delineating the present knowledge landscape, prevailing trends, and voids in existing literature.

Research Blueprint. The research employs quantitative methodologies, including the deployment of questionnaires and the analytical evaluation of statistical figures, facilitating the derivation of quantifiable metrics and statistical inferences.

Data Procurement. The data assembly process involved the formulation of questionnaires targeting a demographic of students, educators, alongside stakeholders and various other personnel within the tourism industry.

Analysis and Deductions. Subsequent to data scrutiny, interpretations are construed, and pivotal

deductions are drawn, elucidating the role and impact of academic establishments in fostering the sustainable advancement of ecotourism.

The theoretical basis of the research is the works of domestic authors: Kulmanova G.A., Berkinbay O., Abeuova Kh., Akoeva M.T., Azhayeva G.S., as well as foreign: Fennell D. A., Cater E.

### **Findings and discussion.**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада Даун синдромы бар балалардың деңе қабілеттерін арттыру және әдіс-тәсілдік орындау дайындықтарын шағын- футбол арқылы жетілдіру қарастырылған. Зерттеу барысында осы мәселе бойында әдебиеттер қарастырылып, талданы. Даун синдромы, физикалық және техникалық дайындықтар, шағын -футбол және басқа да үғымдарға сипаттама берілді. Даун синдромы бар балалардың деңе қабілеттерін арттыру және әдіс-тәсілдік орындау дайындықтарын жетілдіру үшін тиімді әдістер балалардың ерекшеліктеріне байланысты бейімделіп қолданылды. Деңе қабілеттерін арттыру және әдіс-тәсілдік орындау дайындықтарын жетілдіру үшін сынама жаттыгулары құрастырылып, 11-12 жастағы балалар қатыстырылып, зерттеуге дейінгі және кейінгі салыстырмалы көрсеткіштер анықталып кестелер және диаграммалар арқылы көрсетілді. Зерттеудің нәтижесінде қолданылған әдістердің тиімділігін шағын -футбол арқылы педагогикалық эксперименттің, сынамалар арқылы анықталған салыстырмалы көрсеткіштері арқылы дәлелденеді. Шағын -футбол командалық ойын болғандықтан, Даун синдромы бар балалардың деңе қабілеттерін арттыру және әдіс-тәсілдік орындау дайындықтарын жетілдіріп қана қоймай, сонымен қатар олардың қоғамда өлеуметтененүіне ықпал ететін ете маңызды болып саналады.

**Түйін сөздер:** Даун синдромы, шағын футбол, физикалық, техникалық, дайындықтар

Tazhigulova Batima Mazhitovna, Bazrabaeva Klara Konarovna, Zhumadilhanov Askar Anesovich, Imangalikova Indira Bekenovna

**Improving the physical and technical training of children aged 11-12 with down syndrome with the help of mini-football**

**Abstract.** This article is devoted to the improvement of physical and technical training of children with Down syndrome with the help of mini-football. In the course of the study, the literature on this problem was reviewed and analyzed. Concepts such as Down syndrome, physical and technical training, mini-football and others were described. To improve the physical and technical training of children with Down syndrome, effective methods adapted depending on the characteristics of children were used. To improve the technical and physical training of children with Down syndrome aged 11-12, exercises were compiled, comparative indicators were determined before and after the study, which were displayed in tables and diagrams. The effectiveness of the methods used as a result of the study was proved with the help of comparative indicators of pedagogical experiment, determined by test exercises. Since mini-football is a team game, it is very important that children with Down syndrome not only improve their technical and physical fitness, but also contribute to socialization in society.

**Key words:** Down syndrome, mini-football, physical, technical training.

Тажигулова Батима Мажитовна, Базарбаева Клара Конаровна, Жұмаділханов Асқар  
Әнесович, Имангаликова Индира Бекеновна

**Совершенствование физической и технической подготовки детей 11-12 лет с синдромом Дауна с помощью мини-футбола**

**Аннотация.** Данная статья посвящена совершенствованию физической и технической подготовки детей с синдромом Дауна с помощью мини-футбола. В ходе исследования была рассмотрена и проанализирована литература по данной проблеме. Были описаны такие понятия, как синдром Дауна, физическая и техническая подготовка, мини-футбол и другие. Для совершенствования физической и технической подготовки детей с синдромом Дауна применялись эффективные методы, адаптированные в зависимости от особенностей детей. Для совершенствования технической и физической подготовки детей с синдромом Дауна 11-12 лет были составлены упражнения, определены сравнительные показатели до и после исследования, которые были отражены в таблицах и диаграммах. Эффективность методов, применяемых в результате исследования, была доказана с помощью сравнительных показателей педагогического эксперимента и определены тестовыми упражнениями. Поскольку мини-футбол – это командная игра, то очень важно, чтобы дети с синдромом Дауна не только улучшали свою техническую и физическую подготовку, но и занятия способствовали социализации в обществе.

**Ключевые слова:** синдром Дауна, мини-футбол, физическая, техническая подготовка.

**Негізгі ережелер.** Даун синдромы бар балалар қоғамда араласу барысында үлкен қындық сезінетін болғандықтан, қазіргі уақытта мемлекет мұмкіндігі шектеулі балаларды дамыту және әлеуметтендіру үшін жағдай жасауда. Себебі Даун синдромы бар балалар қоғамда араласу барысында үлкен қындық сезінетіні белгілі. Ал командалық спорттық ойындар балалардың физикалық дамуына ғана емес, сонымен қатар өзара қарым -қатынас жасауына, олардың әлеуметтену мәселелерінің шешімін табуга ынталандырады. Даун синдромы бар адамдар командаада өзара іс-әрекет жасау мүмкіндігінің болмауы стереотипін ескере отырып, Казақстанда аталған мүгедектер санатының арасында командалық спорттық ойындар сирек қолданылады. Командалық ойынның арасында аталған мәселені шешуде мини-футболдың маңызы зор. Себебі Даун синдромы бар балалардың мини футбол арқылы тиімді әдістерді қолдану нәтижесінде балалардың техникалық және физикалық дайындығын жетілдіруге болады.

**Кіріспе.** Біріккен Ұлттар Ұйымының соңғы деректері бойынша дүние жүзінде 5,4 миллионға жуық адамдар Даун синдромымен ауырады. Соңғы кезеңде аталған диагноз бойынша Қазақстан да алдыңғы орындарды иемденіп отыр, яғни Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметтері бойынша 14 жасқа дейінгі балалардың 3863 Даун синдромы диагнозы қойылған .

Мини-футбол командалық ойыны танымаған спорт түрі ретінде стереотипті бұзудың тиімді құралы ретінде қарастыруға болады, себебі көптеген шет мемлекеттерінде кеңінен қолданылуда .

А.С. Махов, Э.Г. Алиев, М..Б. Зубенко және басқалардың еңбектерінде Даун синдромы бар балаларды оқыту әдістері қарастырылып, теориялық және қолданбалы аспектілері талданған.

Даун синдромы бар балаларға мини-футболдан дайындықтың бастапқы кезеңіндегі әдістемесі допты тоқтатуға, аяқпен жүргізуге , аяқтың ішкі және сыртқы жағымен допты беру, сонымен қатар қақпаға допты тебу сияқты басқа да техникалық тәсілдерге негізделген [1] .

Шағын-футболдың ерекшелігі допты төмен берумен негізделгендейтін, ойыншылардың міндеттерін женілдетеуді.

Аталған спорт доппен жабық алаңда және паркте ойналатын футбол түрі. Бұл спорттың техникалық әдістеріне қойылған мақсатқа жету үшін ойын барысында қолданылатын арнайы тәсілдердің жынтығын жатқызды.

Шағын - футбол бойынша физикалық дайындық – дene қасиеттерінің жынтығын арнайы жаттыгулар арқылы дамыту.

Денсаулығында ауытқуы бар балалар , соның ішінде Даун синдромы бар адамдарды бейімдік дene шынықтыру және спорт арқылы қоғамда оңалту және әлеуметтік бейімдеу өзекті мәселелердің бірі болып келеді.

**Мақсаты:** Даун синдромы бар 11-12 жастағы балаларды шағын-футбол командалық спорт түрлері арқылы дene қабілеттерін арттыру және әдіс-тәсілдік дайындықтарының негізгі жолдарын анықтау және жетілдіру.

#### Міндеттері:

-Даун синдромы бар балаларға командалық спорт түрлері арқылы дene қабілеттерін арттыру және әдіс-тәсілдік дайындықтарын жетілдіру жолдарын талдау;

- Даун синдромы бар балаларға командалық спорт түрлері бойынша жаттыгулар әдістемесін дайындау;

- Даун синдромы бар балалардың дene қабілеттерін арттыру және әдіс-тәсілдік дайындықтарын жетілдіру үшін таңдалған әдістердің тиімділігін педагогикалық эксперимент арқылы дәлелдеу.

**Зерттеу әдістері мен үйімдастырылуы:** әдебиеттерді талдау; педагогикалық бақылау, педагогикалық эксперимент, математикалық-статистикалық әдіс, сынамалар қолдану.

Даун синдромы тұқымкуалаушылыққа тәуелсіз ақыл-ой дамуынан артта қалумен сипатталатын ауру. Осыған қарамастан бұл диагнозы бар балалардың көшілігі басқа адамдармен байланыс орнатуға дайын болумен қатар оларға еліктеуге тырысады.Бұндай балалармен сөйлескенде нақты,анық сөйлем, мимиканы қолдана отырып, сөзді қымылмен білдірген жөн [2].

Жалпы Даун синдромы бар балаларды мини-футболға үйретуде арнайы әдебиет көздерінде денсаулығы қалыпты балалардан көп айырмашылық жоқ. Бірақ көрү қабілетінің бұзылуына қарамастан Даун синдромы бар балаларға көрнекілік әдісті басымырақ қолданған жөн, себебі көрген қозғалысты қайталау, ақпаратты көрү арқылы қабылдау қабілетіне ие [3].

Шағын-футбол бойынша әдіс-тәсілдік орындау дайындығы- ойын барысында қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін ықпал ететін арнайы тәсілдер жынтығы.

Үйретудің алғашқы кезеңінде мына жағдайларды ескеру қажет:

Жаңадан келгендерге сәйкес келетін жаттыгуларды талдау;

Жаттығушылар негізгі техникалық әдістерді игеру міндеттілігі және спорттың негізгі мазмұнын түсінуі. Бұл мәселенің негізінде арнайы дene дайындығының маңызы зор.

Жаттығу үдерісін және әдіс-тәсілдік орындауды игеруді жеделдешту үшін негізгі қарапайым жаттығуларды қолдану қажет.

Барлық жас спортшылар үшін бірдей әдістерді қолданбай жеке ерекшеліктерді ескеру қажет [4].

Әдіс-тәсілдік орындау дайындығын игеру келесі тәртіпте жүргізуі тиіс:

Әдіс-тәсілдік орындауда негізгі күш түсітін тірек-қимыл аппараты бұлшық ет топтарының арнайы физикалық қасиеттерін дамыту.

Жетекші жаттығулардың қөмегімен оңай қозғалыстарды игеру үшін жағдай жасау.

Жетекші жаттығуларды бірыңғай қозғалыс-қимылға қосу ( әдіс-тәсілдік орындау бойынша жаттығулар).

Жеке техниканы қолдану дағдыларын дамытуға ықпал ету (әдіс-тәсілдік орындау және тактика бойынша жаттығулар ).

Әр түрлі ойын жағдайларында ( екіжақты және жарыстар) әдіс-тәсілдік орындаудың тиімді әдістерін қолдануға бейім дағдылар мен біліктірді қалыптастыруға ықпал ету [5].

Алғашқы кезеңде әрбір жаттығушы әдіс-тәсілдік орындау әрекеттердің базалық деңгейінен өтуі тиіс. Әдіс-тәсілдік орындау дайындығын дамытудың негізгі жаттығулары: допты тебудің түрлері, допты тоқтату, доппен жүру, допты аяқпен беру, тартып алу, қақпаға тебу.

Дене даму ерекшеліктері бар балаларды дene жаттығулары мен спортқа тарту , сыртқы орта-мен қарым-қатынасты қалпына келтірудің тиімді күралы болып саналады.

Даун синдромы бар балаларға жаттығуларды бейімдей отырып, балалардың жеке ерекшеліктерін ескеру қажет, себебі олардың әрқайсысының белгілі бір денсаулық жағдайы және өзіндік

физикалық мүмкіндіктерін бар. Дене қабілеттерін арттыруды дамыту үшін келесі жаттығулар қолданылды: лактыру, жылдамдықты дамыту үшін жаттықтырушының артынан жүгіру, әртүрлі эстафеталар мен козғалыс ойындары [6].

Аталған диагнозы бар балалармен әдіс-тәсілдік орындау және дene қабілеттерін дамытудың негізгі мақсаты- дene қимылдарын дамыту, спортқа тарту, қоғаммен жоғалған байланысты қалпына келтіру.

Жүргізілген эксперименттің міндеттері:

- шағын-футболмен айналысадын Даун синдромы бар 11-12 жастағы бар балалардың сына-малар бойынша көрсеткіштерін анықтау;

- эксперимент барысында алынған көрсеткіштерді талдау;

- шағын футболдың Даун синдромы бар 11-12 жастағы балаларға әдіс-тәсілдік орындау және дene қабілеттерінің дамуына әсерін дәлелдеп көрсету [6].

Зерттеу жұмысы Астана қаласы Паралимпиадалық жаттығу орталығында жүргізіліп, экспериментке 11-12 жастағы жастағы Даун синдромы бар 8 бала қатысты. Эксперимент оқу-жаттығу жұмыстары барысында жүргізіліп, ұзақтығы 3 айға болды (2023 жылдың наурыз, сәуір, мамыр айлары). Тестілеу екі кезеңде жүргізілді: бастапқы -наурыз, қорытынды-мамыр айлары.

Даун синдромы бар балалардың әдіс-тәсілдік орындау және физикалық дene қабілеттерін арттыру қозғалыс әрекеттері бағаланды: допты жүргізу жылдамдығы, допты серіктесіне беру әдіс-тәсілдері, допты қабылдау, қақпаға дәл тебу және допты тартып алуды әдіс-тәсілдік орындау. Педагогикалық эксперимент барысындағы қолданылған сынамалар: «Допты серіктесіне беру», «Допты қабылдау», «Допты тебу», «Арқамен артқа иректеп жүру» және « Допты тартып алу». Сынамалардың қорытындылары 1, 2 кестелерде көрсетілген.

1-кесте - Даун синдромы бар балалардың техникалық дайындығын анықтау үшін жүргізілген бастапқы сынама көрсеткіштері (2023 жылдың наурызы)

№	Допты серіктесіне беру (допты дәл беру саны, 20 рет)	Допты қабылдау (дұрыс қабылдау қимылдары, 15 рет)	Тебу (қақпаға дәл тебудің саны, 6 метрден 10 рет )	Арқамен артқа иректеп жүру, 10 рет (6 м)	Допты тартып алу (2 шабуышыдан допты тартып алу уақыты, сек)
1	11	6	2	12,5/2	19,7
2	12	7	4	10,5/1	17,8
3	10	6	3	11,7/1	24,5

4	11	6	1	11,9/2	27,9
5	7	4	0	15,2/2	35,4
6	8	5	1	13,7/1	31,6
7	8	4	1	13,9/1	34,3
8	10	6	1	12,1/1	24,1
Авторлар деректері негізінде құрастырылған					

1-кестеде педагогикалық эксперименттегі сынамадағы әрбір ойыншының бастапқы көрсеткіштері айқындалды.

Эксперимент басталғаннан кейін 3 айдан соң қайтадан сынамалар көрсеткіштер бойынша қорытынды нәтижелер алынды (Кесте 2).

2-кесте - Даун синдромы бар балалардың дene қабілеттері дайындығын анықтау үшін жүргізілген қорытынды сынама көрсеткіштері (2023 жылдың наурызы)

№	Допты серіктесіне беру (допты дәл беру саны, 20)	Допты қабылдау (дұрыс қабылдау қимылдары, 10 рет)	Тебу (қақпага дәл тебудің саны, 6 метрден 10 рет)	Арқамен артқа иректеп жүру, 10 рет (6 м)	Допты тартып алу (2 шабуылшыдан допты тартып алу уақыты, сек)
1	17	8	6	11,5/1	18,6
2	17	9	8	9,8/0	16,9
3	12	8	4	10,7/1	18,4
4	14	6	3	11,1/2	22,2
5	10	7	4	14,3/2	32,1
6	14	5	4	12,8/1	27,9
7	13	6	3	12,8/1	32,3
8	12	6	3	11,2/1	23,0

Экспериментке қатысқан Даун синдромы бар балалардың дene дайындығын анықтау үшін келесі көрсеткіштер пайдаланылды: 10 м-ге жүгіру, қайталап жүгіру, 250г салмақтағы қапты лактыру, төзімділік.

Жаттықтырушы балалардың «ерекшеліктеріне» байланысты, яғни ақпаратты көру арқылы басымырақ қабылдайтын болғандықтан, барлық сынаманы кем дегенде 2-3 рет көрсетіп, үнемі бағыттап отыруы тиіс.

.Даун синдромы бар балаларда жылдамдық және төзімділік қасиеттерін дамыту үшін «10 м жүгіру», «Қайталап жүгіру 5м ( сек)» сынамалары (3 рет қайталауға рұқсат беріледі) қолданылды . «10 м жүгіру» сынамасының ең жоғары қарқындылығы 10-сек аспайды.Бұл жаттығуларды орындамас бұрын бұлшық еттерді қыздырып, созу керек. Жылдамдықты дамыту жаттығуларын Даун синдромы бар балалар тез шаршауға бейім

болғандықтан машиқтанудың бастапқы кезеңінде орындау қажет, себебі соңында орындаі алмайды. Бұл балаларға жылдамдықты дамытуға бағытталған жаттығулар көлемі ете ұзақ болмауы керек. Жаттығу барысында оны біркелкі бөліп, жүктемені дұрыс мөлшерлеу қажет.

«250г салмақтағы қапты лактыру (м)» сынамасы бойынша экспериментке қатысушы балалар күш қасиеттерін анықтау үшін шағын футбол залында белгіленген сызыққа 250 г қапты басынан жоғары көтеріп лактырады және қашықтығын өлшегіш құралдармен жаттықтырушылар өлшайді. Бұл сынамада «ерекшелікке» байланысты балалардың қасында жаттықтырушы және көмекшісі балалардың қасында болулары қажет. 3 рет қайталауға рұқсат беріледі.

«Төзімділік» сынамасы бойынша Даун синдромы бар балалардың бұл дene қасиетін дамыту үшін бастапқы спорттық дайындық кезеңінде

негізгі құралы-жаттықтырушының артынан жай жылдамдықпен ұзақ жүгіру. Бұл жүгірудің ұзақтығы толық тоқтау уақытына дейін біртіндеп артады. Балалардың ойынға төзімділігін арттыру үшін әртүрлі әдістемелік тәсілдерді қолданады. Бұл тәсілдерді қолдану арқылы, әртүрлі жаттығуларды және демалған жаңа қарсыластарын енгізу арқылы жаттығу ойындарының уақыты 6-12 минутқа ұзартуға болады. Жаттығу барысында дені сау балаларды (ағасын немесе әпкесін) ойынға кіргізу арқылы инклузивті әдістерді қолдану ұтымды болып саналады.

«Арқамен артқа иректеп жүгіру» сынамасы арқылы жылдамдық, үйлестіру және төзімділік дene қасиеттерін дамытуға болады. 6 м.

3-кесте - Даун синдромы бар балалардың физикалық дайындығын анықтау үшін жүргізілген бастапқы сынама көрсеткіштері (2023 жылдың наурызы)

№	10 м жүгіру (сек)	Қайталап жүгіру 5м (сек)	250г салмақтағы қапты лақтыру (м)	Төзімділік (м)
1	3,20	6,85	10,26	202
2	2,85	9,65	11,23	83
3	3,30	8,45	8,63	155
4	4,40	10,39	8,55	148
5	4,33	10,01	3,89	100
6	3,55	10,95	5,17	120
7	4,38	8,82	7,88	160
8	4,43	8,88	7,83	158

3-кестеде эксперимент басында «10 м жүгіру» сынамасы бойынша 8-ойыншының көрсеткіші тәмен болса, «Қайталап жүгіру 5м» сынамасында 6-ойыншының көрсеткіші тәмен

ұзындыққа 3 түрлі-түсті күмбез пішінді белгілерді жылдамдықпен айналып арқамен жүреді. Даун синдромы бар балалардың координациялары әртүрлі деңгейде болғандықтан, қастарында бала құлап қалмас үшін жаттықтыруши көмекшісі катар жүреді. Жылдамдықпен құлатқан күмбез пішінді белгілерді «кате» ретінде - 0, 1,2 рет қайталанганы кестеде көрсетілген.

11-12 жастағы Даун синдромы бар экспериментке қатысқан балалардың дene дайындығының экспериментке дейінгі және кейінгі «10 м жүгіру», «Қайталап жүгіру 5м (сек)», «250г салмақтағы қапты лақтыру (м)», «Төзімділік (м)» сынамаларының көрсеткіштері 3,4 Кестелерде көрсетіліп, қорытынды жасалды.

4-кесте - Даун синдромы бар балалардың физикалық дайындығын анықтау үшін жүргізілген қорытынды сынама көрсеткіштері (2023 жылдың мамыры)

№	10 м жүгіру (сек)	Қайталап жүгіру 5м (сек)	250г салмақтағы қапты лақтыру (м)	Төзімділік (м)
1	2,98	6,45	11,27	235
2	2,45	9,46	12,43	124
3	3,04	7,95	9,02	190
4	4,17	10,05	9,59	178
5	4,75	9,8	4,22	151
6	3,38	10,64	5,84	161
7	4,12	8,43	8,04	212
8	4,32	8,74	8,23	202

екенін, «250г салмақтағы қапты лақтыру» және «Төзімділік» сынамалары бойынша 5 және 2 ойыншылардың көрсеткіштері тәмен болды.

Педагогикалық эксперимент соңында Кесте 4 көрсеткіштеріне келетін болсақ, «10 м жүгіру» сынамасы бойынша жоғары көрсеткіш 2-ойыншыда, «Қайталап жүгіру 5м» сынамасы 1-ойыншыда, «250г салмақтағы қапты лақтыру» сынамасы 1-ойыншыда, «Төзімділік» сынамасы 1-ойыншыда жоғары болғанын көруге болады. Салыстырмалы түрде басқаларға қарағанда 1 ойыншының дene қабілеттерін арттыру дайындығы жоғары деңгейде екенін көруге болады.

5-кесте - Даун синдромы бар балалардың техникалық дайындығын анықтау үшін жүргізілген бастапқы және қорытынды сынамалардың салыстырмалы көрсеткіштері

№	Допты серіктесіне беру(допты дәл беру саны, 20 рет)		Допты қабылдау (дұрыс қабылдау кимылдары, 15 рет)		Допты тебу (қақпага дәл тебудің саны, 6 метрден 10 рет)		Арқамен артқа иректеп жүру, 10 рет (сек)		Допты тартып алу (2 шабуылшыдан допты тартып алу уақыты, сек)	
	дейін	кейін	дейін	кейін	дейін	кейін	дейін	кейін	дейін	кейін
1	11	17	6	8	2	6	12,5	11,5	19,7	18,6
2	12	17	7	9	4	8	10,5	9,8	17,8	16,9
3	10	12	6	8	3	4	11,7	10,7	24,5	48,4
4	11	14	6	6	1	3	11,9	11,1	27,9	22,2
5	7	10	4	7	0	4	15,2	14,3	35,4	32,1
6	8	14	5	5	1	4	13,7	12,8	31,6	27,9
7	8	13	4	6	1	3	13,9	12,8	34,3	32,3
8	10	12	6	6	1	3	12,1	11,2	24,1	23

Педагогикалық эксперимент барысында шағын-футбол бойынша Даун синдромы бар балаларға қолданылған тиімді әдістер нәтижесінде «Допты серіктесіне беру» сынамасында барлық ойыншылардың көрсеткіштері өскенін, «Допты қабылдау» сынамасы бойынша №1, 2, 3, 5, 6 ойыншылардың көрсеткіштері жақсарғанын, «Допты тебуді» барлық ойыншы-


жоғарыда көрсетілген кестелердегі көрсеткіштер эксперимент басталарда және аяқталғанда хаттама түрде тіркеліп алынды.

#### Зерттеу нәтижелері мен оларды талқылау.

Педагогикалық эксперименттің «Допты серіктесіне беру», «Допты қабылдау», «Допты тебу», «Арқамен артқа иректеп жүру», «Допты тартып алу» сынамалары бойынша салыстырмалы көрсеткіштері Кесте 4 нақты көрсетілген.

лар жылдам игергенін, «Арқамен артқа иректеп жүру» сынамасы бойынша №2 ойыншының, «Допты тартып алу» сынамасында №1 ойыншының көрсеткіші жоғары болғанына көз жеткізуге болады.


Жоғарыда көрсетілген талдауларға сәйкес, «Допты серіктесіне беру» сынамасын талдау көрнекі түрде Сурет 1 көрсетілді.



1-сурет - Даун синдромы бар балалардың «Допты серіктесіне беру» техникасын игеру салыстырмалы көрсеткіштерін талдау

Бұл суретте допты серіктесіне беру әдістәсілдік орындау эксперимент соңында жақсы көрсеткіштерге жеткенін көруге болады, яғни қолданылған әдістердің он нәтиже бергенін


дәлелдейді. Допты тебу сынамасының экспериментке дейінгі және кейінгі салыстырмалы көрсеткіштері Сурет 2 көрсетілген.



2-сурет - Даун синдромы бар балалардың «допты қабылдау» сынамасының салыстырмалы көрсеткіштері

Сурет 2-де Даун синдромы бар балалардың көру қабілеті төмен болғандықтан қозғалып келе жатқан допты қабылдау 3 балада қындық туғызып, өзгеріссіз қалған, ал қалған 5 балада допты қабылдау техникасы жақсарғанын көруге болады. Бұл жерде көрсеткіштері өзгеріссіз қалған балалардың кейбіреуі дайындықты науқастануға


байланысты жіберіп алғандарын да ескеру қажет. Ал допты тебу сынамасы бойынша салыстырмалы көрсеткіштердің жақсы деңгейде жоғарылағанын Сурет 3 көрсетілген. «Допты тебу» сынамасы балаларға қызығушылық туғызып, бұл «ерекше» балаларға салыстырмалы түрде ыңғайлышын анықтауда көз жеткізуге болады.



3-сурет - Даун синдромы бар балалардың «Допты тебу» сынамасының салыстырмалы көрсеткіштері


«Арқамен артқа иректеп жүру» сынамасы (Сурет 4) бұл балалардың ерекшеліктеріне байла-

нысты жаттығу барысында қындық туғызығанымен, он көрсеткіштерге қол жеткізілді



4-сурет - Даун синдромы бар балалардың «Арқамен артқа иректеп жүру» салыстырмалы көрсеткіштері

«Допты тартып алу» сынамасы балалар үшін қызықты болып, кейбір балалардың (№3, 5, 6, 7) көрсеткіштердің айтарлықтай жоғарылағанын көз жеткізуге болады.




5-сурет - Даун синдромы бар балалардың допты тартып алу салыстырмалы көрсеткіштері

3 ай машиқтану нәтижесінде допты тартып алудың әдіс-тәсілдік орындау жаксарып, қозғалыс нақты және үйлесімді бола бастағанына көз жеткізуге болады. Дене қабілеттерін арттыру дайындығын экспериментке дейінгі және кейінгі көрсеткіштерін салыстырсақ, қолданылған әдістердің Даун синдромы балаларға оң әсер еткеніне Кесте 6 арқылы көз жеткізуге болады.

Педагогикалық экспериментке дейінгі және кейінгі көрсеткіштер арқылы 3 ай ішінде Даун синдромы бар 11-12 жастағы балалардың дене қабілеттерін арттыру дайындығының жоғарылағанын 6-9 Суреттер арқылы көруге болады. Сурет 6 эксперимент нәтижесінде «10 метрге жүгіру (сек)» сынамасы бойынша барлық балалардың көрсеткіштері жоғарылағанын көруге болады.

6-кесте - Даун синдромы бар балалардың дene қабілеттерін арттыру дайындығын анықтау үшін жүргізілген сынамалардың салыстырмалы көрсеткіштері


№	10 м жүгіру (сек)		Қайталап жүгіру 5м (сек)		250г салмақтағы қапты лактыру (м)		Төзімділік (м)	
	дейін	кейін	дейін	кейін	дейін	кейін	дейін	кейін
1	3,20	2,98	6,85	6,45	10,26	11,27	202	235
2	2,85	2,45	9,65	9,46	11,23	12,43	83	124
3	3,30	3,04	8,45	7,95	8,63	9,02	155	190
4	4,40	4,17	10,39	10,05	8,55	9,59	148	178
5	4,33	4,75	10,01	9,8	3,89	4,22	100	151
6	3,55	3,38	10,95	10,64	5,17	5,84	120	161
7	4,38	4,12	8,82	8,43	7,88	8,04	160	212
8	4,43	4,32	8,88	8,74	7,83	8,23	158	202



6-сурет - Эксперименттің 10 м қашықтықка жүгіру жылдамдығының бастапқы және соңғы көрсеткіштері


«5 м қашықтыққа қайталап жүгіру» сыйнамасында экспериментке қатысқан барлық балалардың көрсеткіштері тапсырынан өзді

болмағанына қарамастан, аздал көтерілгенін көруге болады (Сурет 7).



7-сурет - Эксперименттің 5 м қашықтыққа қайталап жүгіру жылдамдығының бастапқы және соңғы көрсеткіштері


Келесі «250 г салмақтағы қапты лақтыру» сынамасында да қолданылған әдістердің тиімділігіне көз жеткізуге болады (Сурет 8 ).



8 сурет - Эксперименттің 250 г салмақтағы қапты лақтыру қашыктығының бастанқы және соңғы көрсеткіштері

Қолданылған «Төзімділік» сынамасында да барлық ойыншылардың көрсеткіштері жоғарылап, №7 ойыншы бастанқыга қарағанда,

көрсеткіші жоғары болып, ал №1 ойыншы салыстырмалы түрде жоғары көрсеткішке ие болды (Сурет 9).



9-сурет - Эксперименттің төзімділікті анықтаудың бастанқы және соңғы көрсеткіштері

Даун синдромы бар балалардың жүргізілген педагогикалық эксперимент арқылы сынамалар бойынша бастанқы және қорытынды дене қабілеттері көрсеткіштерінің өскенін суреттерде нақты көрсетілген.

**Қорытындылар.** Қазіргі кезеңде біздің елде Даун синдромы бар балаларға арналған спорт нашар дамыған және зерттелмеген бағыттардың бірі болып саналады. Бұл еліміздегі әрбір өнірде оқыту әдістемелерін, мамандар даярлау бағдарламаларын дайындаудың қажеттілігін туғызады.

Қойылған міндеттерге сәйкес, келесі қорытынды жасауға болады:

- мақаладағы зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттерді талдау барысында, қарастырылған мәселе бойынша мәліметтердің тапшылығына тап болып, үл спорт түрі Даун синдромы бар балалардың дене қабілеттерін арттыру және әдістемелерін өзгертілдік орындау дәнешмандықтың тиімділігін анықтауда да даун синдромы бар балалардың қорытындыларын дайындаудың қажеттілігін туғыздады;

- 11-12 жастағы Даун синдромы бар балалардың қозғалыс әрекеттерінің дәнене қабілеттерін арттыру және әдіс-тәсілдік орындауда дайындықтарын

шагын- футбол арқылы дамыту үшін эксперименттік кешендер өзірленді;

- зерттеудің соңында дene қабілеттерін арттыру және әдіс-тәсілдік орындау көрсеткіштері бойынша сынақтар жүргізіліп, талданды.

Зерттеу нәтижесінде шагын- футбол Даун синдромы бар балалардың дene қабілеттерін арттыру және әдіс-тәсілдік орындау дайындығын дамытып қана қоймай, олардың командалық ойын арқылы әлеуметтенуіне оң ықпал ететініне көз жеткізуге болады.

### Әдебиеттер

1. Астапов В.М. Дети с нарушениями развития: хрестоматия. – М.: Международ. пед. академия, 1995. – 160 с.
2. Махов А.С., Зубенко М.Б. Мини-футбол с детьми с синдромом Дауна: учебное пособие. – Шуя: Изд.Шуйского филиала ФГБОУ ВО «Ивановский государственный университет», 2017. – 177 с.
3. Баранова Н.Ю. Программа раннего вмешательства для детей с синдромом Дауна // Нет «необучаемых» детей: Книга о раннем вмешательстве / Под ред. Е.В. Кожевниковой и Е.В. Ключовой. – СПб., 2007. – 152 с.
4. Барышнев Ю.И. Синдром Дауна. Медико-генетический и социально-психологический портрет / под редакцией Ю.И. Барашнева. – М.: «ТриадаХ», 2011. – 12 с.
5. Евсеев С.П. Адаптивная физическая культура в практике работы с инвалидами и другими маломобильными группами населения: учебное пособие / под ред. С.П. Евсеева. – М.: Советский спорт, 2014. – 298 с.
6. Бойко О.Я. Воспитание юного футболиста: метод. пособие для тренеров и специалистов по адапт. физ. культуре. Ч. 1 / О.Я. Бойко, Т.Р. Жуков, И.А. Швыков. Под ред. О. Я. Бойко. – Екатеринбург: ДИСпО-центр, 2015. – 167 с.

### References

- 1 Astapov V.M. Deti s narusheniyami razvitiya: hrestomatiya. – M.: Mezdunarod. ped. akademiya, 1995. – 160 s.
- 2 Mahov A.S., Zubenko M.B. Mini-futbol s det'mi s sindromom Dauna: uchebnoe posobie.-SHuya:Izd.SHujskogo filiala FGBOU VO «Ivanovskij gosudarstvennyj universitet», 2017. – 177 s.
- 3 Baranova N.YU. Programma rannego vmeshatel'stva dlya detej s sindromom Dauna // Net «neobuchaemyh» detej: Kniga o rannem vmeshatel'stve / Pod red. E.V. Kozhevnikovo i E.V. Klochovoj. – SPb., 2007. – 152 s.
- 4 Baryshnev YU.I. Sindrom Dauna. Mediko-geneticheskij i social'nopsihologicheskij portret» pod redakcziej YU.I. Barashneva. – M.: «TriadaH», 2011. – 12 s.
- 5 Evseev S.P. Adaptivnaya fizicheskaya kul'tura v praktike raboty s invalidami i drugimi malomobil'nymi gruppami naseleniya: uchebnoe posobie / pod red. S.P.Evseeva.- Moskva: Sovetskiy sport, 2014. – 298 s.
- 6 Bojko O.YA. Vospitanie yunogo futbolista: metod. posobie dlya trenerov i specialistov po adapt. fiz. kul'ture. CH. 1 / O.YA. Bojko, T.R. ZHukov, I.A. SHvykov. Pod red. O. YA. Bojko. – Ekaterinburg: DISpO-centr, 2015. – 167 s.

Хат -жабарға арналған автор (бірінші автор)	Автор для корреспонденции (первый автор)	The Author for Correspondence (The First Author)
<p>Тажигулова Батима Мажитқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.; Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университететі, «Дене шынықтыру және спорт» кафедрасы, Астана қ., Қазақстан, e-mail.ru: tashigulova@mail.ru, ORCID ID: <a href="https://orcid.org/0000-0002-3189-3695">https://orcid.org/0000-0002-3189-3695</a></p>	<p>Тажигулова Батима Мажитовна – кандидат педагогических наук, и.о. доцента, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, кафедра «Физическая культура и спорт», г. Астана, Казахстан, e-mail: tashigulova@mail.ru, ORCID ID: <a href="https://orcid.org/0000-0002-3189-3695">https://orcid.org/0000-0002-3189-3695</a></p>	<p>Tazhigulova Batima Mazhitovna - Candidate of Pedagogical Sciences, Acting Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Department of “Physical Culture and Sports”, Astana. Kazakhstan, e-mail.ru: tashigulova@ mail.ru ORCID ID: <a href="https://orcid.org/0000-0002-3189-3695">https://orcid.org/0000-0002-3189-3695</a></p>

СПОРТЫҚ ЖАТЫҒУДЫҢ  
ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ

ТЕОРИЯ И МЕТОДИКА  
СПОРТИВНОЙ ТРЕНИРОВКИ

THEORY AND METHODOLOGY  
OF ATHLETIC TRAINING



**Кунай С.<sup>а</sup> , Искаков Т.Б., Төлөгөнұлы Н., Мурат А.**

Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

## **ТАЕКВОНДО ПУМСЭ КЕШЕНДЕРІНІҢ СИПАТТАМАСЫ, ҰЙЫМДАСТЫРУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ТЕХНИКАЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Кунай Серик, Искаков Тайыржан Бахытбаевич, Төлөгөнұлы Нұржан, Мурат Айкан

**Таеквондо пумсэ кешендерінің сипаттамасы, ұйымдастыру талаптары мен техникалық дайындық негіздері**

**Аннотация.** Мақалада қазіргі таңда даму қарқыны жоғары деңгейде қалыптасқан таеквондо спортының пумсэ кешенінің сипаттамасы мен тегук 8 пумсәнің атаулары және триграммадамасы көрсетіліп, пумсәнің техникалық дайындық негіздеріне теориялық саралтама жасалынды. Тегук 8 пумсәнің триграммадамасы символының мағыналары сипатталып, тегук пумсәні үйрену барысындағы қимыл-қозғалыс техникаларын орындау кезіндегі негізгі талаптары айқындалады. Пумсәнің техникалық дайындықтағы игерудің негізгі әдістері мен таеквондоның техникалық шеберлік жетілдірудің негізгі дайындық түріне пумсэ кешенінің элементтерінің жаттығу түрлері мен тегук пумсәнің 8 түрі таеквондоның негізгі базалық техникалары қойылған пумсэ кешені таеквондошылардың техникалық дайындыққа даярлаудың негізгі белгілі болып саналады. Тегук пумсэ кешенін үйрету барысында осы техникалық дайындықтың негіздерін болашақ спортшыларға қимыл-қозғалыспен техниканы көрсетумен шектелмей, берілген талапқа сай теория жүзінде де жүргізілсе, болашақ таеквондошылардың тегук пумсэ кешендерін жақсы игеріп, әрі қарай жақалғастырып үйретілетін шеберлік пумсәнің техникалық қозғалыс әрекеттерін оңай игеру мүмкіншілігі туралы баса айттылды.

**Түйін сөздер:** таеквондо, пумсэ, тегук, кешен, жаттығу, техника.

Kunay Serik, Iskakov Taiyrzhan Bakhytbaevich, Tolegenuly Nurzhan, Murat Aizhan

**Characteristics of taekwondo complexes of poomsae, organizational requirements and fundamentals of technical training**

**Abstract.** The article reflects the characteristics of the poomsae taekwondo complex, which has been formed at the present time and at a high level of development; the names and concept of the taekwondo trigram 8 poomsae, a theoretical examination of the basics of technical training of poomsae was carried out. The values of the symbol of the trigram Teguk 8 poomsae are described and the basic requirements for performing movement techniques when studying teguk poomsae are determined. The main methods of mastering the poomsae in technical training, the main types of preparation for improving the technical skill of taekwondo, are the types of exercises of the elements of the poomsae 8 complex, the types of teguk poomsae complex poomsae, which present the basic basic techniques of taekwondo, which are the main part of the technical training of taekwondo. During the training of the Teguk poomsae complex, it was emphasized that if the basics of this technical training were not limited to demonstrating movement techniques to future athletes, but were carried out theoretically, in accordance with the specified requirements, the skill that future taekwondo athletes acquire is well mastered in the teguk poomsae complex, makes it easy to master the technical motor actions of the poomsae.

**Key words:** taekwondo, poomsae, teguk, complex, exercise, technique.

Кунай Серик, Искаков Тайыржан Бахытбаевич, Толегенұлы Нұржан, Мурат Айкан

**Характеристика таеквондо комплексов пумсэ, организационные требования и основы технической подготовки**

**Аннотация.** В статье отражены характеристика комплекса пумсэ таеквондо, развивающийся в настоящее время на высоком уровне; понятия и концепция триграмм таеквондо 8 пумсэ, проведена теоретическая экспертиза основ технической подготовки пумсэ. Описаны значения символов триграмм Тегук 8 пумсэ и определены основные требования к выполнению приемов движения при изучении Тегук пумсэ. Основными методами овладения пумсэ в технической подготовке и основными видами подготовки к совершенствованию технического мастерства тхэквондо являются виды упражнений элементы комплекса пумсэ и 8 видов Тегук пумсэ, в которых представлены основные приемы тхэквондо, являющиеся основной частью технической подготовки тхэквондо. В статье подчеркивается, что в ходе обучения комплексу «Тегук пумсэ», если основы данной технической подготовки не ограничиваются демонстрацией техники движения будущим спортсменам, а осуществляются и теоретически в соответствии с заданными требованиями, то будущие таеквондисты, хорошо освоив комплексы Тегук пумсэ, будут способны легко освоить технические движения пумсэ в дальнейшем.

**Ключевые слова:** таеквондо, пумсэ, Тегук, комплекс, упражнение, техника.

**Негізгі ережелер.** Шығыс жекпе-жек түрлерін үйрету әдістемесі шеңберіндегі таеквондо жаттығу үрдісінің техникалық әдістемелік ерекшеліктері, жас спортшылардың пумсә кешенді жаттығуларды техникалық игеру мүмкіндіктері. Жасөспірім таеквондошылардың тегук пумсәнің сегіз формасы арқылы кешенді жаттығуларға үйрету бәсекеге қабілеттіліктің ерекшеліктерін және пумсә бойынша жаттығулардың қазіргі заманғы ережелерін ескере отырып, салыстырмалы түрде тегук 8 пумсә кешендердің жеткілікті санын сапалы игеруді қамтамасыз етеді. Пумсә кешені техникаларын үйретудің тегук пумсәнің сегіз формасы негізінде, жас таеквондошылардың техникалық шеберлік сипаттамаларын тиімдірек дамуын қамтамасыз етеді.

**Кіріспе.** Әлем бойынша даму серпілісі өте жоғары деңгейде қалыптасқан таеквондо спортының формалды жаттығу кешенінің (пумсә) еліміздегі даму барысы бәсендеге екені өзекті мәселелердің бірі деп қарастыруға болады. Таеквондо WT жарыс жүргізілу ережесі бойынша жекпе-жек сайысы (көруги) және формалды жаттығу кешені (пумсә) деп екі бағытқа бөлініп жүргізіледі.

Елімізде таеквондо көруги түрінің дамуы жоғары деңгейде. Қазақстанның барлық облыс өнірлерінде спортшылардың дамуын бөлігі осы таеквондо көруги түрімен айналысады, жас ерекшеліктеріне қарай көптеген Әлем, Азия чемпиондары мен жүлдегерлері бар деп ауыз толтырып айта аламыз.

Таеквондо пумсә түрінің дамуы өте баяу, өйткені осы түрі бойынша арнайы Дүниежүзілік Таеквондо (WT) федерациясы бекіткен жарыстың календарлық жоспары бойынша жарыс түрлері 2005 жылдан бастап жүргізіле бастады, таеквондо пумсә түрі бойынша ең алғашқы әлем чемпионаты 2006 жылы Оңтүстік Кореяда өтілді, осы уақыттан бастап, елімізде осы пумсә саласын дамытуға Тарраз қаласының таеквондо майталмандары Тен Георгий, Ан Александрың бастамасымен таеквондо пумсәсі дами бастады, дегенмен де, еліміздің кейір облыстарына әлі де болса да пумсә бойынша білікті маман жеткіліксіз болғандықтан ақсақтап түрған тұстары шамалы. Ол үшін барлық облыс жаттықтырушыларын пумсә дайындыққа білімдерін жетілдіріп шетелдік семинарларға жіберіп, пумсәнің техникалық дайындық жүйесіне көбірек көніл бөліп, халықаралық көптеген пумсә жарыстарына, жас ерекшеліктеріне байланысты қатыстыруға, мемлекет және федерация тарапынан қолдау көрсетілсе даму қарқынымыз арта түсетіні сөзсіз.

Таеквондо спорты күрделі әдіс-тәсілдік спорт түріне жатады. Таеквондоның пумсә кешені техникалық дайындықты көп мөлшерде талап ететін қозғалыстың ерекше түрі.

Пумсә оқушының өз бетінше қозғалыстар жасауға мүмкіндік беретін және өзі ой санамен қарсыласқа қарсы қорғаныс және соққы жасау арқылы жасалатын жаттығулар кешені [1].

1950 - ші және 60-шы жылдардың басында, таэквондо әлі нәресте болған кезде, пумсә тәжірибесі негізінен осы Окинава, жапон және қытай шығыс жекпе-жектерінен алынған жаттығулардан тұрды, ол уақытта кореяда жекпе-жектің нағыз даму үстінде болды, бірақ көптеген бағыттар тек қоян-қолтық ұрыстың жалаңаш техникасын үйретті, кейде жапон жекпе-жегі техникасы ежелгі корей жекпе-жегі бағытында берілді. Дегенмен, көптеген корей жекпе-жек шеберлері арасында корей стилімен тәртіп құруға деген катты ұмтылыс болды. Жас генерал-лейтенант Чой Хонг Хи, Одокван мектебінің өкілі мектептердің біріктіру және біртұтас стиль құру идеясын жариялады. Корея Республикасының Үкіметі мектептердің біріздендіру және жана типтегі жалпыұлттық жекпе-жек өнерін құру идеясын қолдады. 1955-1988 жылдар аралығында Тае Хи Нам, Ёнг Ил Конг, Ча КиоХан, Чанг Кион Чой, Джас Лим Ву, Ким Бок Ман және Джунг Тае Пак көмегімен өткеннен алшақтау мақсатында Чой өзінің жаттығуларынан алынған әдістердің формалды жаттығулар кешендерінің жүйесін каратэ-до кешені негізінде құрды [2].

Чой Хонг Хи 1980 жылдары өзінің кешендік жүйесін еңгізуін толығымен аяқтады және таеквондо арсеналынан каратэнің ката кешенін толығымен алып таstadtы; қазіргі уақытта таеквондода ITF ресми түрде «тыль» деп аталатын 24 формалды жаттығу кешені бар. Чой Хон Хи идеяларына сәйкес, олар тәуліктің 24 сағатына сәйкес келетін және басқалардан айтарлықтай ерекшеленетіні, дene қымыл қозғалыстары, позициядан позицияға ауысу оларда толқынды түрде жасалады [3].

Чой Хонг Хи Кореядан кеткеннен кейін және Кореяның таеквондо қауымдастырылған құрылғаннан кейін, Куккивон мен Дүниежүзілік таеквондо федерациясының құрылудымен бірге, жас мамандар буыны сегіз жыл ішінде үш формалды жаттығулар кешенін жасады. Олардың ішінде 1965-1967 жылдар аралығында құрылған ең көне «пумсә», «палгвә» және «юданжа» сериялары білімді тексеруге арналған түрлі-түсті белбеулер немесе оқушылардың «ғып» сатылары, және қара белбеулер немесе шебер сатылары

«дан» дәрежесіне арналған формалды жаттығу кешендері жасалды. Сонымен қатар, бір формадан екінші формага аудықтан сайын дайындық деңгейін нақты анықтайдын техникалық компоненттердің күрделілігі артты, сол сияқты «юданжа пумсә» күрылып бекітілді: Корё, Кымганг, Тэбэк, Пионгвон, Сипжин, Джитай, Чонквон, Хансу және Илье пумсәлері. Олардың техникалық әртүрлілігінен басқа, юданжа пумсә қозғалыстары әрбір пумсәні сипаттайтын философиялық тұжырымдаманы бейнелейтін қытай және корей таңбаларының жазу сзықтарын ұстанады [4].

Осы зерттеу жұмысының мақсатына сәйкес таеквондо спортының пумсә кешендерін сипаттап, пумсәнің жарыс ережесіне сай жүргізілетін пумсәні ұйымдастыру талаптары мен техникалық дайындық негіздерін анықтау.

### **Зерттеудің мақсаты** – Таеквондо пумсә түрлерінің сипаттамасы мен техникалық дайындық негіздерін анықтау.

#### **Зерттеудің міндеттері:**

- әр пумсениң орындалатын қозғалыстарының анықтамасын зерттеу;
- пумсә кешенінің техникалық дайындық ерекшеліктерін анықтап көрсету.

**Зерттеудің нысаны** – пумсә кешенін сипаттау үрдісі.

**Зерттеу пәні** – пумсәнің техникалық дайындыққа дайындаудың негіздерімен талаптары.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Зерттеу мәселесіне қатысты арнайы жазылған шетелдік ғылыми әдебиеттер мен мақалаларға теориялық талдау жұмыстары жүргізіліп, сараптама жасалынды. Тегук пумсәнің сегіз формасы: Тегук иль джан пумсә 1, Тегук са джан пумсә 2, Тегук сам джан пумсә 3, Тегук и джан пумсә 4, Тегук са джан пумсә 5, Тегук о джан пумсә 6, Тегук чиль джан пумсә 7, Тегук паль джан пумсә 8.


Тегук пумсә 3, Тегук са джан пумсә 4, Тегук о джан пумсә 5, Тегук юк джан пумсә 6, Тегук чиль джан пумсә 7, Тегук паль джан пумсә 8 пумсәнің техникалық дайындық әдістері.

**Зерттеу нәтижелері мен оларды талқылау.** Шығыстың жекпе-жек өнері тек спорттық емес мәдениеттің де күрделі құбылысы, медициналық аспектілері, сонымен қатар психологиялық, этикалық және философиялық мазмұнды көрсетеді.

К. Гил және Чур Хван еңбектерінде, жеке техниканы таеквондо алфавиті деп атауга болады, ал ресми жаттығулар – оның грамматикасы, ресми жаттығулар таеквондо пумсесінде ғасырлар бойы дамып келеді. Тәжірибе беру мақсатында жас жауынгерлер мен ардагерлерге арнайы жүйелендіріп зерттелген тиімді қозғалыс әдістер [5].

Пумсәнің ресми жаттығулардың екі түрі болады – бастапқы пумсес – сегіз форма тегук және сегіз форма пальгве. Пальгве көбірек консервативті және классикалық негізде жасалған таеквондо техникасы, бұл формалар (пальгве) қазіргі уақытта көп қолданылмайды, бірақ рухани және дененің құндылығын жоғалтпады [6]. Тегук пумсәнің 8 түрі қорғаныс және шабуыл әрекеттерінің техникалары үйлесімді жасалған пумсә кешені. Таеквондошыларды тегук пумсесінде кешеніне дайындау, дайындықтың негізгі бөлігі болып саналады.

Тегук – бұл пумсәні бастап үйренушілердің формальды кешендері (Taegeug). Тәгук 8 пумсәден кейін «Kogou», «Kumgang», «Taeback», «Pyongwon», «Shipjin», «Jitae», «Chunkwon», «Hansoo», «Ilueo» деп 9 шеберлік пумсәлер жалғасады [6].



1-сурет - Тегук 8 пумсәнің атаулары.

Тегук пумсені үйрену барысында есте сақтау үшін бірқатар талаптар:

Пумсәнің барлық қозғалыстар мен элементтерін анық және қатесіз орындау;

Пумсәнің арнайы тұрыстарды дұрыс орындау, дененің кеңістікте үйлесімді түрде жылжыту;

Тыныс алуды бақылау, белгілі бір жерлерде берілген қозғалыстың тырысып жасаумен босансуды дәл ауыстыра білу;

Жауынгерлік рухты қадағалау және қиялдағы қарсыласқа назар аудару;

Пумсәнің қозғалыс ритмін есте сақтау және әр элементті орындауға бөлінген уақытты қадағалау;

Дене салмағын дұрыс пайдалану және оның ауырлық орталығының тепе-тендігін бақылау;

Әр қозғалыстың нақты орындалуын, қадағалауды ұмытпау;

Пумсә қозғалыстарының техникаларының терминдерін білу;

Спортшы пумсәні нақты талапқа сай, әр қозғалыстарды үйлесімді орындаі білу.

Осы берілген талаптарды орындау келесі негұрлым құрделі шеберлік пумсән үйреніп, орындау барысында онай қабылдай алатынына мүмкіндік береді.

Тегук сөзбе-сөз “ұлы шек” деп аударылады және шығыс философиясының негізгі категорияларының бірі болып табылады, ол сегіз триграммадағы символдардың оның өзімен де, оның өзімен де үнемі болып тұратын үздіксіз өзгеру циклін білдіреді [7].

Тегук пумсенің барлық атаулары терең мағынаға ие және таеквондоның пайда болуынан бастау алады.

1-кесте - Тегук 8 пумсәнің триграмма белгілерінің сипаттамалары.

№	Тегук пумсә	Триграмма белгілері	Триграмма символына сәйкес пумсә мағыналары	Қозғалыс саны
1	Тегук иль джан		Тегук иль джан пумсә аспан мен күнді бейнелейтін КОН символы белгіленген.	20
2	Тегук и джан		Тегук и джан пумсә рухтың күшін білдіретін ТЭ-халве символы белгіленген.	23
3	Тегук сам джан		Тегук сам джан пумседе құн, от, жарықты бейнелеген Ли-халве символы белгіленген.	34
4	Тегук са джан		Тегук са джан пумсә қауіп-каторге қарсы тыныштық пен батылдықты білдіретін Чин символы белгіленген.	29
5	Тегук о джан		Тегук о джан пумсә желді, күшті және икемді ақыл - ойды білдіретін Сан-халве символы белгіленген.	32
6	Тегук юк джан		Тегук юк джан пумсә суды бейнелейді және қозғалыс пен адалдықтың символын білдіретін Кам-халве символы белгіленген.	31
7	Тегук чиль джан		Тегук чиль джан пумсә, тауладарды бейнелейді және жалғыздық пен тыныштықты білдіретін Кан-халве символы белгіленген.	33
8	Тегук паль джан		Тегук чиль джан пумсә жерді бейнелейді және қаттылық пен күшті білдіретін КОН-халве символы белгіленген.	36

Клин Чап, Санг Х. Ким еңбектерінде тегук кешендері таеквондоның негізгі техникасының негізін құрайды, бұл формалар Шығыс философиясының терең идеяларын және олардың негізінде алынған әлем, өмір кеңістігі туралы идеяларды көрсетеді, әрбір тегук формасы философиялық белгілердің біріне сәйкес келеді және

оны тиісті идеямен орындау керек [8]. Таеквондоны алғашқы үйретудің бастамасын негізгі базалық техникадан бастауды ұсынылады. Ол негізгі техникалық әдістерден тұрады, бұл жекпе-жек сыйысина қабілетті жаттығуларына кірмейді, бірақ сол негізде жасалып, жекпе-жек техникасын игеруге арналған жаттығуларды қамтиды.

Таеквондошыларға дене қасиеттер мен қозғалыс тәжірибесін дамыту дайындығының деңгейінен басқа, арнағы дене дайындықтың қажетті деңгейі болуы керек, нәтижесінде сапалы техникалық дайындық мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

Базалық дайындық кезеңі 9-11 жас аралығындағы жас таеквондошыларды қамтиды. Бұл жас кезеңі үйлестіру қабілеттерін дамытудың ең

сезімтал кезеңдері және қозғалыс үйлесімдерін үйрету үшін қолайлы болып саналады.

Таеквондоның техникалық шеберлікті жетілдірудің негізгі дайындық түріне пумсә кешенінің базалық элементтері мен жекпе-жекке қабілетті жаттығулардың жаттығу формалары кіреді.

Пумсәнің техникалық дайындықтағы игерудің негізгі түрлері 2-суретте көрсетілген.



2-сурет - Пумсәнің техникалық дайындық түрлері.

О.А. Плотниковтың еңбегінде, жас таеквондошыларға техниканы үйрету кезінде қозғалыстардың ұтымды және дұрыс техникасын қоюғана емес, сонымен бірге оларды қолдану жағдайларын бір уақытта түсіндіру де маңызды, бұл спортшыларды интегралды даярлаудың маңыздылығын анықтайды [9].

Профессор Йеон Хван Пак, таеквондошының техникалық дайындығын екі негізгі бөлікке болінетіні көрсеткен: негізгі техника және жекпе-жек жүргізу техникасы [10].

Пумсәні игеру күрделі және ұзак үдеріс, ол жекпе-жекте тәрбиелу мен оқытудың шығыс әдіснамасының негізі бола алады.

Таеквондошылардың пумсә кешенін игеретін негізгі талаптар:

Пумсәнің негізгі спорттық техникасын игеру;

Нақты пумсәнің жекелеген элементтерін үйрету және жетілдіру;

Техниканың жекелеген байландарын оқыту және жетілдіру;

Элементтер бойынша барлық пумсәні дұрыс игерткізу;

Белгілі бір уақыт ішінде берілген пумсәні орындашының шығу.

Ю.О. Захаровтың еңбегінде спорттың теориясы мен практикасында “спорт түрінің техникасы” және “белгілі бір спортшының техникасы” үғымдарының айырмашылығы екіге бөлініп қарастырылады, олар осы спорт түрінің техникалық әдістері мен қозғалыс әрекеттерінің даму деңгейімен айшықталады [11].

Б.Н. Жураев, спорттагы техникалық дайындықтың мақсаты- жарыс ережелерімен рұқсат етілген, барлық қозғалыс техникасы мен әрекеттерін игеру және жетілдірумен сипатталады [12].

Демек, таеквондоның техникалық дайындығы қарапайым негізгі бастамалардан үйретіліп, дайындық барысында техниканы көрсетумен қатар теориялық жүзінде түсіндірумен бірге жүргізілуі тиіс. Таеквондошының базалық дайындығының әдістері неғұрлым көп болса, техникалық шеберлігі соғұрлым жоғары болады.

Таеквондоның техникалық дайындықтың дұрыс бағытпен дамытып, әр қымыл-қозғалыстың күрделі деңгейіне байланысты үйретудің базалық техниканың тиімді әдістерімен түсіндіріліп, үйретілген жөн.

**Қорытынды.** Таеквондоның осы пумсә бағыты жарыс бағдарламаларына енгізілгені

20 жыл аясындағы жас спорт түрі. Пумсәні жарыс бағдарламасына енгізілмеген уақытта тек, таеквондоның пумсә кешендерін спортшылардың аттестациялық белбеу дәрежелеріне тапсыруға Таеквондо WT федерациясының бекіткен нормативтерінің талаптарына сәйкес аттестация өткізіліп тұрды, қазіргі таңда да белбеуге тапсыру аттестация нормативтері әлемнің барлық мемлекеттің таеквондо федерациясында өткізілуде.

